



КЕАҚ «А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университетінің
Ө. Сұлтанғазин атындағы педагогикалық институты»
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫ
ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
НЗМ ДББҰ «ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК ОРТАЛЫҒЫ» ФИЛИАЛЫ

НАО «КОСТАНАЙСКИЙ РЕГИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ АХМЕТА БАЙТУРСЫНОВА
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ИНСТИТУТ ИМЕНИ УМИРЗАКА СУЛТАНГАЗИНА
КАФЕДРА ПЕДАГОГИКИ И ПСИХОЛОГИИ
УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ
ФИЛИАЛ «ЦЕНТР ПЕДАГОГИЧЕСКОГО МАСТЕРСТВА» АОО НИШ



АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«Қазіргі білім беру жүйесінің
заманауи контексті жағдайында
Қазақстан Республикасының
үздіксіз білім беруі»

Ы.АЛТЫНСАРИННІҢ 180 ЖЫЛДЫҒЫНА
АРНАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП


АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

«Непрерывное образование
Республики Казахстан
в контексте
современных вызовов
к образовательной системе»

МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ,
ПОСВЯЩЕННОЙ 180-ЛЕТИЮ Ы.АЛТЫНСАРИНА

II КНИГА

Қостанай - 2021



ЫБЫРАИ АЛТЫНСАРИН
1841-1908
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРҚАРАЛЫҚ
БІЛІМ АЛМАСУ ОРТАЛЫҒЫ
ИБРАИМ АЛТЫНСАРИН
1841-1908
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРҚАРАЛЫҚ
БІЛІМ АЛМАСУ ОРТАЛЫҒЫ



УДК 378 (574)
КБЖ 74.48 (5Каз)
Қ 22

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Медетов Нурлан Амирович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің интернационаландыру және цифрландыру бойынша ғылыми проректор м.а., физика-техникалық ғылымдарының докторы / и.о. проректора по науке, интернационализации и цифровизации Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова, доктор физико-технических наук;

Өтегенова Бибикуль Мазановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ө.Сұлтангазин атындағы педагогикалық институтының м.а. директор, педагогика ғылымдарының кандидаты / и.о. директора педагогического института им. У.Сұлтангазина Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова, кандидат педагогических наук;

Шайқамал Гулшат Иманжанқызы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің ғылым және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің м.а. директоры, ауылшаруашылық ғылымдарының кандидаты / и.о. директора департаменты науки и послевузовского образования Костанайского регионального университета им. А. Байтұрсынова, кандидат сельскохозяйственных наук;

Бережнова Елена Викторовна, Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрлігі Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтының (университет) профессоры, педагогика ғылымдарының докторы/ профессор Московского государственного института международных отношений (университет) Министерства иностранных дел Российской Федерации, доктор педагогических наук;

Демисенова Шнар Сапаровна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі м.а., педагогика ғылымдарының кандидаты / и.о. заведующий кафедрой педагогики и психологии Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова, кандидат педагогических наук;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының қауымдастырылған профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты / ассоциированный профессор кафедры педагогики и психологии Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова, кандидат педагогических наук;

Назмутдинов Ризабек Агзамович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры, психология ғылымдарының кандидаты / профессор кафедры педагогики и психологии Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова, кандидат психологических наук.

«Қазіргі білім беру жүйесінің заманауи контексті жағдайында Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беруі»: 2021 жылдың 19 ақпандағы Ы.Алтынсариннің 180 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2021. – 582 б. = «Непрерывное образование Республики Казахстан в контексте современных вызовов к образовательной системе»: Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 180-летию Ы.Алтынсарина, 19 февраля 2021 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2021. – 582 с.

ISBN 978-601-7640-88-0

Жинаққа Ы.Алтынсариннің 180 жылдығына арналған «Қазіргі білім беру жүйесінің заманауи контексті жағдайында Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беруі» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланған мәселелердің әртүрлілігі мен кеңдігі мақалалар авторларына қазақстан қоғамының рухани-адамгершілік дамуы туралы, әр түрлі деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асырудың тиімді тәжірибесін көрсету, білім мазмұнын жаңарту аясында мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру қажеттілігін негіздеу, инновациялық технологиялар мен студенттердің тұлғалық дамуын психологиялық-педагогикалық қолдау форматтары Ы.Алтынсарин идеяларының прогрессивті әсерін ашуға мүмкіндік берді.

Бұл жинақ материалдары ғалымдарға, ЖОО мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагогтар мен психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Непрерывное образование Республики Казахстан в контексте современных вызовов к образовательной системе», посвященной 180-летию Ы. Алтынсарина. Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей раскрыть прогрессивное влияние идей Ы. Алтынсарина на духовно-нравственное развитие казахстанского общества, показать эффективные практики реализации образовательных программ разного уровня, обосновать необходимость совершенствования профессионализма педагогов в свете обновления содержания образования, представить инновационные технологии и форматы психолого-педагогического сопровождения развития личности обучающихся.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

УДК 378 (574)
ББК 74.48 (5Каз)

ISBN 978-601-7640-88-0

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2021
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2021

СЕКЦИЯ 3

ПЕДАГОГТАРДЫҢ ТИІМДІ ТӘЖІРИБЕДЕ ҮЗДІКСІЗ КӘСІБИ ДАМУЫ

НЕПРЕРЫВНОЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ ПЕДАГОГОВ В ФОРМАТАХ ЭФФЕКТИВНЫХ ПРАКТИК

ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ БҮГІНГІ КҮННІҢ ТАЛАБЫ

Абдимоминова Дилдаш Каппаровна,
аға оқытушы, педагогика білімдерінің магистрі,
Комиссаров Сергей Владимирович,
аға оқытушы,

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ.

Аннотация

Оқытудағы тұлғаның белсенділігі психологиялық, педагогикалық ғылымдар және білім беру тәжірибесінде өзекті мәселелердің бірі. Оқытушының міндеті тек қана бәрін түсінікті етіп әңгімелеп, көрсетіп беру ғана емес, сонымен қатар студентті ойлауға, практикалық әрекеттердің дағдысын үйрететіндігінде.

Осыған орай бұл мақалада жоғарғы оқу орындарында оқытудың белсенді әдістерін қолданудың қажеттілігі қарастырылған. Белсенді оқу үрдісінде оқытушы мен білім алушының ролі анықталып, тұлғаның оқудағы белсенділігін арттыру үшін қолданылатын әдістердің жиынтығы қысқаша түсінігі оларды қолданудың ерекшеліктері берілген. Оқу үрдісіне белсенді әдістерді қолдану жайлы ұсыныстар берілген.

Түйінді сөздер: педагогикалық технологиялар, оқыту әдістемесі, енжар, белсенді және интербелсенді әдістер.

Аннотация

Проблема активности личности в обучении – одна из актуальных в психологической, педагогической науке и образовательной практике. Задача педагога заключается в том, чтобы не только доступно всё рассказать и показать, но и научить ученика мыслить, привить ему навык практических действий. Этому могут способствовать активные формы и методы обучения. В работе раскрывается проблема активности личности в обучении, даётся характеристика активных методов обучения, рассматриваются особенности использования их на уроке.

В статье была рассмотрена необходимость использования активных методов обучения в вузе. Была определена роль преподавателя и студента в учебном процессе.

Ключевые слова: педагогические инновации, интерактивные технологии обучения, активные методы обучения, педагогическая технология.

Abstract

Problem of activity of the personality in training – one of actual in psychological, pedagogical science and educational practice. The task of the teacher consists in that not only available to tell everything and to show, but also to teach the pupil to think, impart to it skill of practical actions. It can be promoted by active forms and training methods. In work the problem of activity of the personality in training reveals, the characteristic of active methods of training is given, features of their use at a lesson are considered.

In the article the necessity of the use of active methods of educating was considered for institution of higher learning. Howled the role of teacher and student is certain in an educational process.

Key words: Pedagogic innovations, interactive technologies of teaching, active teaching methods.

Қазіргі кезде білім беру кеңістігіндегі түбегейлі өзгерістер – тарихи объективті процестер. Білім беру саласын реформалаудағы мақсат – білім беру жүйесін қайта қарап, студенттердің шығармашылық бейімделуіне қарай бағдарлы, сатылы білім алуларына жағдай жасау болып табылады. Қазіргі талап білім сапасы студенттің алған білімін жеке басының әрі қарай дамуына тұлға ретінде қоғамның өркендеуіне пайдалана

білуімен өлшенеді деп тұжырымдалады. «Қазақстан Республикасының білім беру дамыту туралы тұжырымдамасының» басты мәнділігі – ол үздіксіз білім жүйесінің негізгі идеялары мен қағидаларын осы заман талаптарына сәйкестендірудің және оны әлемдік білім кеңістігінің даму заңдылықтарына ұштастырудың жолдарын көрсетуге арналып отыр.

Демек, бұл тұжырым білім берудің басты философиясы болмақ.

Белсенді оқыту әдістері дәстүрлі оқыту әдістерінен оқу үдерісінде студенттердің өзінің өмірлік тәжірибелерін пайдалану арқылы есте берік сақтауымен, мәліметтерді талдап, жинақтау арқылы жеке және кәсіптік қабілеттерін аша алуымен ерекшеленеді. Интербелсенді – ағылшынның «өзара әрекет» деген сөзі. Демек, интербелсенді оқыту әдістері тұлғааралық қарым-қатынасқа негізделіп отырып, «жеке тұлғаны дамытуға бағытталады» қазіргі білім беру парадигмасын қанағаттандырады. Сонымен бірге, сапалы білім алудың алғышарттары болып табылатын таным белсенділігі мен ізденіс дербестігін қалыптастырып қана қоймай, ары қарай дамытады.

Интербелсенді сонымен қатар, «тұлғааралық қарым-қатынас» дегенді де білдіреді. Демек, белсенді оқыту әдістері «жеке тұлғаға бағытталады» қазіргі білім беру парадигмасының талаптарына жауап беретін бірден бір әдіс.

Қазақстан Республикасының Евразиялық аймаққа кіруі, ХХІ ғасырға аяқ басуы ел Президентінің Қазақстан – 2030 атты стратегиялық бағдарламасына сәйкес жаңа техника мен технология үрдістерінің дамуы келешекте білім беру қандай бағытта өрбуі керек деген өзекті мәселе туғызды.

Тек білім беру арқылы ғана біз өткенімізді тануға, қазіргі уақытымызда еркін бағытталуымызға және келешегімізді болжап, қалыптастырумызға мүмкіндік аламыз. Тарихымызға көз салсақ Қазақстанның тәуелсіздік алғанына аз ғана уақыт өтіп, енді ғана аяғына нық тұрып жатқанын байқаймыз.

Ғылым мен техниканың дамуына қарай педагогиканың да мүмкіншіліктері артты, жаңа технологиялар пайда болды, мысалы, оқулық ресурстары жоғары, өзіне тән әдістемесіне бірге электрондық, ақпараттық мультимедиялық технологиялар. Қазіргі кезде оқу ақпараттының ауқымды кең тараған формасының бірі /технология деп те айтамыз/-Интернет жүйесі арқылы оқу процесін ұйымдастыру.

Бүгінде оқыту жұмысын осылай ұйымдастыру мен әдісінің жаңалығы басқа да мұғалімдердің жаңа жағдайға байланысты оқу-тәрбие процесін шығармашылықпен пайымдалудың негізгі өлшеміне айналуға. Оқытудың жаңа инновациялық әдістері жалпы мұғалім қауымын оның жаңа технологиясын өздігінен іздеуге итермелейді. *Инновация* деген ұғым латын тілінде-жаңарту, жаңалық өзгеріс деген түсінікті білдіреді.

Инновация деп көбінесе жаңа технологияларды, әдістер мен құралдарды жасау және қолдануды айтса, сонымен бірге ондағы идеяларды, процестерді бірлікте жетілдірудің де жүйесі.

Инновациялық технологияны жаңа білім беру парадигмасын өмірде жүзеге асырудың құралы ретінде қарастырған жөн [1, 8 б.].

«Технология» деген сөз-грек тілінен алғанда «техне»-өнер, кәсіп, ғылым, + «логос» ұғым, оқу деген түсінікті білдіреді. Яғни, өндірістік процестерді жүргізудің тәсілдер мен құралдары жайындағы білімдердің жиынтығы. Олай болса, оқу-тәрбие процесін жүргізудің тәсілдері мен құралдары жайындағы білімдердің жиынтығын оқыту процесінің технологиясы деп атауға болады.

Оқыту технологиясы-жүйелі категория. Оның құрлымы төмендегідей болып келеді:

- оқытудың мақсаты,
- білім беруің мазмұны,
- педагогикалық өзара әрекеттестіктің құралы (оқыту және мотивация), оқыту процесін ұйымдастыру,

- оқушы, оқытушы,
- әрекетің нәтижесі (сонымен бірге кәсіптік дайындықтың деңгейі)

Оқыту технологиясы-оқыту процесін ұйымдастыру, басқару және бақылау деп түсіну керек [2, 36 б.].

Бүгінде білім беруде нәтижелі жетілдірудің құралы ретінде практикада жаңа оқыту технологиясын кіргізуге батыл шаралар қолдану. Сондықтан Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы ойлай білетін және шығармашылықпен жұмыс істейтін қабілеті бар тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Сол себептен де бүгінгі еліміздегі білім беру жүйесі оқушылардың таным белсенділігін дамытатын оқытудың дәстүрлі емес белсенді формалары мен әдістерін көптен енгізуді қажет етуде [3, 11 б.].

Практикалық сабақ – пәннің теориялық мазмұның толықтыратын оқу процесінің белсенді түрі. Практикалық сабақ бұл студенттердің дәріс сабағынан алған білімдерін бекіту, пысықтау, жынақтау мақсатында өткізілетін сабақтың бір түрі. Практикалық сабақ студенттерге теориялық мәлімет бойынша нақты әрекеттер арқылы машықтанып, сол амалдар негізінде мәліметті игеру, меңгеру, тереңдету, дамыту мүмкіншілігін береді. Студенттер практикалық сабақта өз әрекеттерін жалқыдан (нақты мәліметтер) – жалпыға (теориялық тұжырымдар) бағыттайды.

Практикалық сабақта әдетте студенттер талдау және іздену жұмыстарымен (семинар сабақтарындағыдай) айналыспайды. Практикалық сабақтың мақсаты – студенттерді лекцияда келтірілген теориялық мәліметтерді өздерінің белсенді әрекеттерімен «тануға», «дәлелдеуге», өз қолымен «жасауға» жұмылдыру.

Практикалық сабаққа дайындалу барысында оқытуш арнайы оқу материалдарын дайындайды. Сол материалдар бойынша (идея, проблема, тұжырым, ереже, анықтама, рет пен тәртіп, схема, кесте, жоспар, параметрлер, ақпарат, статистикалық мәліметтер, көрсеткіштер, т.б.) студенттер өздерінің теориялық білімдерін қолданып, нақты әрекеттерді атқару дағдыларын игереді, өзіндік тұжырым жасайды. Сол себепті де мұндай оқу материалдарының нақты әрі ықшам болғаны дұрыс.

Студенттер лекцияда берілген теориялық мәліметті практикалық кеңістікке келесі әрекеттер арқылы аударады:

1. Теориялық мәліметті практикалық тұрғыдан жүзеге асыру немесе орындау (мәселен, статистикалық мәліметтерді санау, көрсеткіштерді есептеу, есептер, шығару, мәселелерді шешу, ережелерді қолдану, кестелерді толтыру, т.б.).

2. Теориялық мәліметті дәлелдеу (практикалық қоданысын көрсету немесе беделді нұсқаларға сілтеме жасау).

3. Теориялық мәліметке өзіндік тұрғыдан баға беру (практикалық маңызын, тиімділігін, келтіретін пайдасын, артықшылықтарын немесе керісінше айқындау, дәлелдеу, қолдау немесе қарсы шығу).

4. Теориялық мәліметті дамытатын, тереңдететін ұсыныстар жасау (идеялар ұсыну, оларды дәлелдеу және практикалық маңызын келтіру).

Оқыту әдістемесі – оқыту үдерісі барысында оқытушы мен студенттің өзара әрекеттестік формасын көрсететін әдістер мен тәсілдердің бірлігі.

Интербелсенді әдістерді қолдану бүгінгі күннің талабы себебі қазіргі қоғам талабына сай, тұлғаның ой-өрісін дамыту, біліктері мен шеберліктерін қалыптастыру, оны өз тәжірибесінде, жаңа жағдайларға байланысты қолдана алу, ой дербестігін кеңейту, заман сұранысына сай ізденімпаз, шығармашыл тұлғасын қалыптастыру қажет. Жалпы, жаңарған оқыту құрылымы мен ұйымдастырылуы студенттердің қызығушылығы мен қабілеттеріне, рухани дамуына, олардың өмірлік жоспарларының жүзеге асырылуына бағытталған, көпвариантты және икемді болуы қажет [4, 38 б.].

Демек, практикалық сабақ барысында жаңа білім беру парадигмасына сай интербелсенді әдістерді қолдануға болады?

Компьютерлік технологияларға негізделген әдіс «оқытушы-компьютер-студент»

жүйесінің арасында әр түрлі оқыту бағдарламаларының (информациялық, тренингтік, бақылау жасайтын, дамытушылық және т.б.) көмегімен жүзеге асырылады. Диалогтық технологияларға негізделген әдіс (коммуникативті) ортаның болуымен және оқу-танымдық тапсырмалар мен шешімінің барысында «оқытушы-студент», «студент-студент», «оқытушы-туындыгер (автор)», «студент-туындыгер (автор)» деңгейінде бірлесе қызмет істеу кеңістігінің кеңеюімен байланысты шешіледі.

Тренингтік технологияларға негізделген әдістер – бұл оқыту барысында оқу-танымдық әрекеттер мен типтік тапсырмаларды шешу тәсілдерінің белгіленген алгоритімдерін жасаудағы іс-әрекеттер жүйесі (тест, практикалық жаттығулар).

Жоба әдісі әлемдік педагогикада жаңа әдіс болып саналмайды. Ол осы ғасырдың 20-жылдарында А.Қ.Ш.-та пайда болды. Оны, сонымен қатар, ділгерлік әдіс деп те атайды және оны американ философ және педагогы Джон Дьюи мен оның студентсы В.Х.Килпатриктің жетілдірген философиядағы, білім берудің гуманистік бағыттағы идеяларымен байланыстырады. Джон Дьюи оқытуды белсенді түрде, студенттің іс-әрекетінің мақсаттылығы арқылы, оның осы білімге деген жеке қызығушылығын ескеріп құруды ұсынды. Бұдан студенттер үшін алатын білімдеріне өз қызығушылықтарын көрсету маңызды нәрсе болып табылады. Бірақ бұл не үшін және қашан керек? Бұл жерде нақты өмірден алынған, студенттің әлі де алатын білімдері мен алған білімдерін жинақтауға қажет шешім үшін балаға таныс маңызды нәрсе бар. Қайда, қандай мақсатпен деген сұрақ туады. Оқытушы жаңа ақпарат көздеріне түсіруі мүмкін және студенттің өз бетінше ізденуі үшін керек, оны бағыттап жіберуі керек. Нәтижесінде студенттер жан-жақты білімдерін қолданып мәселені өз беттерінше, бірігіп отырып шешуі және маңызды, нақты нәтижеге жетуі тиіс. Осылайша бүкіл мәселе жобасы іс-әрекеттің нұсқасын жасайды. Уақыт өте жоба әдісі кейбір өзгерісті (эволюцияны) басынан өткерді. Еркін тәрбиелеу идеясынан (әдісінен) туындаған бұл әдіс қазіргі кезде толық жасалған және құрылған білім жүйесінің маңызды компоненті болып табылады.

Бірақ оның мағынасы бұрынғыша қалады – студенттердің белгілі бір мәселеге қызығушылығын арттыру және бір не бүкіл мәселенің шешімін қарастыратын жобалы іс-әрекет арқылы алған білімдердің тәжірибелік қолданылуын көрсету. Басқа сөзбен айтқанда теориядан практикаға, академиялық білімдердің прагматикалық білімдермен және оқытудың әрбір кезеңіндегі тиісті байланыстардың орындалуымен бірігуі.

Жоба әдісінің негізіне студенттердің танымдық дағдының дамуы, өз білімдерін өз бетінше құру икемділігі, мағлұматты кеңістікке бағдар алу икемділігі, қиын, күрделі ойларды дамыту жатады. Жоба әдісі әрқашанда студенттің, жеке, жұбымен не тобымен, өз бетінше іс-әрекетіне бағытталған. Бұл әдістеме топтық оқу әдістемесімен ұйымдасқан түрде байланысады. Жоба әдісі әрдайым бір жағынан әр түрлі тәсілдерді қолданып, екінші жағынан ғылымның, техниканың, технологияның шығармашылық білімдердің әртүрлі облыстарындағы білім мен икемділіктің бірігуін, қосылуын қарастыратын қандай да бір мәселенің шешімін жобалайды, болжайды. Орындалған жобаның нәтижесі нақты болу керек, яғни, егер бұл теориялық мәселе болса, қолдануға дайын, дәл нәтижесі болу керек [5, 16 б.].

«Миға шабуыл» әдісі – қойылған проблеманы студенттердің шығармашылық белсенділігіне сүйене отырып шешуге бағытталған, студенттерге проблеманы шешуде жауап нұсқасын таңдауға еркіндік беріліп, оны шешудің неғұрлым көп жолдарын көрсетуге негізделген. Кейін ең жақсы идеялар, шешімдер таңдалынып алынады.

«Бастамашылдар мен сыншылдар»

Педагог студенттер алдына көп ойлануды қажет етпейтін, шешімі жеңіл мәселе қояды. Студенттер 2 топқа бөлінеді: бастамашылдар мен сыншылдар.

Бастамашыл топтың мақсаты: мәселені шешудің бірнеше нұсқасын ұсыну.

Сыншылдар тобының мақсаты: берілген ұсыныстардың ішінде сәйкесін табу, мәселені шешудің тиімді жолын таңдап алу.

Студенттердің бір-бірін сынауына тыйым салынады. Бұл тәсіл дәріс және семинар сабақтарында қолданылуы мүмкін.

Қазақстанда қоғамдық даму деңгейінің, елдің экономикалық қуаты мен ұлттық қауіпсіздігінің өлшемдері ретінде білім беру жүйесінің, адам ресурстарының ролімен маңызы арта түседі. Қоғамдық қатынастар жүйесіндегі өзгерістер білім беруге, одан ұшқырлықты, жаңа тарихи кезеңнің болмысына баратар әрекет етуді және экономика-ның даму қажеттіктеріне сай болуды талап ете отырып әсерін тигізеді. Оқитындар қазақстандық білім беру жүйесі бағыт алған білімнің, дағды-біліктің жиынтығын меңгеріп қана қоймауға тиіс. Оқытатындардың өздерін барынша көрсете біліу және қоғам өміріне пайдалы түрде қатысу үшін ақпаратты өз бетінше табу, талдау, құрлымдау және тиімді пайдалану дағдысын бойына сіңіру әлдеқайда маңызды да күрделі. Жағдайда оқытуды ұйымдастыру қағидаттарын және студенттің білім-білікті, дағдыны енжар алушы ролін танымдық көрінісің белсенді субъектісіне өзгерту қажеттігі бар.

Оқу процесінде өз бетінше білім алу және оны практикада қолдану қажеттігі мен дағдысын қалыптастыруға, танымның ғылыми тәсілдеріне мақсатты және жүйелі түрде қатысу үшін студенттің танымдық әрекетін белсендендірудің үлкен маңызы бар. Белсенді әдістер арқылы мақсатқа жету үшін істелетін жұмыстар ретке келтіріледі. Практикалық сабақтарда қолданылатын оқытудың белсенді әдістері танымға қызығушылық туғызып, студенттің ақыл-ойын дамытады, ізденуге, жаңа білімді түсінуге ықпал етеді. Оқытуда ең басты нәрсе – студенттердің танымдық жұмыстары. Белсенді оқыту әдістері ең анық фактілерді білуді қамтамасыз етеді, теория мен тәжірибенің арасын жақындатады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать: учебное пособие: 4-е изд., доп. – Алматы, 2010.
2. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – М.: Народное образование. – 1998.
3. Ж. Шатеков, С. Исаев. Келешекте жоғарғы білім беру саласының кейбір мәселелері. // Ізденіс, 1999/2.
4. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану: оқу құралы. – Алматы, 2013.
5. Б. Молдағалиев, А. Махимова, Г. Сатқанова Интерактивті оқыту әдістері. // Қазақстан мектебі, 2006/9.

МЕКТЕП ҰЖЫМЫНДАҒЫ БҰЗАҚЫЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСЫ

Ануар Бауржан,
педагогика және психология мамандығының 4 курс студенті,
Бисембаева Асем Кумаровна,
педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.магистрі,
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ.

Аннотация

Өзектілігі. Мақалада ғалымдардың жасөспірімдердің қорқыту құбылысын зерттеушілердің күші немесе күшінің теңсіздігі жағдайында жүйелі мақсатты агрессивті мінез-құлық ретінде анықталған зерттеулері қарастырылған. Бұзақылықтың талқылау мен зерттеу үшін оңай тақырып еместігі, жәбірленушілерді анықтауға көмектесетін сипаттамалар мен олар да бұзақылық жағдайынан кейін пайда болатын кезеңдері көрсетілген.

Мақсаты. Мектептегі бұзақылық туралы хабардарлығын арттыру.

Түйінді сөздер: бұзақылық, қорқыту, кудалау, жәбірленуші, құрбан, мектеп, жасөспірімдер.

Аннотация

Актуальность. В статье представлено актуальное исследование феномена буллинга (запугивания) подростков, который был идентифицирован исследователями как систематическое целенаправленное агрессивное поведение перед лицом силы или неравенства властей. Буллинг – это непростая тема для обсуждения и исследования, характеристики, которые помогают идентифицировать жертв, и этапы, которые происходят после ситуации буллинга.

Цель. Привлечь внимание к проблеме буллинга в школе.

Ключевые слова: буллинг, запугивание, преследование, жертва, жертва, школа, подростки.

Abstract

Relevance. The article presents an up-to-date study of the phenomenon of adolescent bullying, which has been identified by researchers as systematic, purposeful aggressive behavior in the face of power or inequality of power. Bullying is a challenging topic for discussion and research, characteristics that help identify victims, and the stages that follow a bullying situation.

Purpose. Raise awareness of bullying in school.

Key words: bullying, intimidation, stalking, victim, victim, school, teenagers.

Қазіргі әлемде бұқаралық ақпарат құралдарында жасөспірімдер арасындағы мектепте болып жатқан төтенше оқиғалар туралы жиі айтылады: бір жерде жасөспірім өз-өзіне қол жұмсауға тырысты, өйткені ол сыныптастарының арасында үнемі қорлауға шыдай алмады, бір жерде жасөспірімдер құрдастарын ұрып-соғып жартылай өлтірді. Бұл бізге белгілі құрдастар арасындағы қатыгездіктің барлық көріністері емес, қоғамдағы мұндай мәселелер бұзақылық деп аталады.

Ағылшын тіліндегі буллинг сөзі (bulling, ағылш. bully – бұзақы, күрескер, бұзақы, дөрекі, зорлаушы) қысым, кемсітушілік, қорқыту деп анықталады. Бұл мәселені алғашқылардың бірі болып зерттеген скандинавиялық ғалым Дэн Олвеус болды, ол 70-ші жылдары ер балалар арасындағы бұзақылық туралы зерттеулер жүргізді. Осы зерттеулерден кейін барлық елдерде бұзақылық құбылысы бойынша зерттеулер басталды. Қазіргі уақытта бұл құбылыс жұмбақ күйінде қалып отыр, барлық аспектілері қарастырылмаған, осы тақырып бойынша көптеген сұрақтар туындайды, өйткені бұзақылық жасырын ереже сияқты, яғни жасырын процесс.

Әртүрлі зерттеушілердің бұзақылық құбылысы туралы бірнеше идеяларын қарастырайық. Д. Олвеус бұзақылық бір адам (немесе топ) физикалық шабуыл жасаған немесе басқа адамға (топқа) қауіп төндірген кезде зорлық-зомбылықтың ерекше түрі деп түсінеді, оның соңғысы әлсіз және өзін физикалық немесе моральдық жағынан қорғай алмайды [1].

И.Н. Конның пікірінше, бұзақылық арқылы басқада қорқыныш сезімін оятуға және сол арқылы оны бағындыруға бағытталған қорқыту, физикалық немесе психологиялық террорды білдіреді [2].

Д. Лейн бұзақылық құбылысын мектептегі қудалау ретінде анықтайды және Роландтың бұзақылық – бұл белгілі бір жағдайда өзін қорғай алмайтын жеке адамға немесе топқа қатысты ұзақ мерзімді физикалық немесе психикалық зорлық-зомбылық деген ұстанымын қабылдайды [3].

И.Бердышев бұзақылықты өзін-өзі қорғау сипатына ие емес және бір немесе бірнеше адамнан келетін қасақана, ұзаққа созылған зорлық-зомбылық деп түсіндіреді [4].

Бұл авторлар бұзақылықты зорлық-зомбылық деп түсінеді, бұзақылық зорлық-зомбылық емес, бұзақылық зорлық-зомбылықтың бір түрі. Сондықтан, біз, С.В. Кривцованың ең оңтайлы нұсқасын таңдадық, бұзақылық – бұл кейбір балалардың басқаларына қарсы агрессиясы, агрессор мен жәбірленушінің күштерінің теңсіздігі болған кезде, агрессия қайталануға бейім, ал жәбірленушінің жауабы оның не болып жатқанына қаншалықты әсер ететінін көрсетеді [5].

Зерттеушілер мектептегі бұзақылықтың бірнеше негізгі белгілерін анықтайды, бұл жағымсыз мінез-құлық, алдын-ала жоспарлау, жүйелілік, күштің теңсіздігі, жәбірленушінің адекватты емес жоғары сезімталдығы және жәбірленушінің жедел эмоцио-

налды реакциясы.

Мектептегі бұзақылықтың негізгі себептері: жәбірленушіден – сыртқы келбеті, диалектісі, өзін-өзі бағалаудың төмен немесе жоғары деңгейі, қорқыныш пен алаңдаушылық, шамадан тыс сезімталдық, академиялық үлгерім, физикалық аурулар, олардың барлығына өз идеяларын енгізу, басқалардың ережелері мен шекараларын бұзу; бұзақылар тарапынан – назар аудару, кек алу, билік үшін күрес, әділеттілікті қалпына келтіру, қызғаныш, қарсыласты жою, өзін-өзі растау, дұшпандық сезімі. Әсіресе, белгілі бір санаттағы ерекше және үйлесімсіз дамып келе жатқан тұлғалардың садистикалық қажеттіліктерін қанағаттандырумен байланысты бұзақылардың бұзақылық жасау себебі ерекше қауіпті.

Кейбір зерттеушілер бұзақылықтың барлық түрлерін екі топқа жүйелеуді ұсынады:

1 топ – негізінен бұзақылықтың белсенді түрлерімен байланысты көріністер;

2 топ – жәбірленушілерді қасақана оқшаулауға, кедергі келтіруге байланысты көріністер [3].

Біздің ойымызша, бұзақылықтың ең құрылымды және толық ұсынылған түрлері Е.Н.Ожиевтің «Бұзақылық зорлық-зомбылықтың бір түрі ретінде. Мектептегі бұзақылық» мақаласында көрсетілген [6]:

1. Физикалық бұзақылық.

Ер балалар арасында жиі кездеседі. Бұл жәбірленушіні ұрып-соғу, итеру, адастыру, тепкілеу, сондай-ақ әр түрлі заттармен ұрып-соғу және т.с.с бұзақылықтың ең ауыр түрі болып саналады.

2. Психологиялық бұзақылық.

Бұл құқық бұзушыға (жәбірленушіге) эмоционалды қысым жасайтын ауызша қорлау, мазақ ету, қорқыту, қудалау арқылы психикаға әсер етумен байланысты қудалау.

Бұл формаға мыналар кіреді:

- вербалды бұзақылық – сөздердің көмегімен қорқыту (басқа сипаттағы қорлау, лақап аттар, өсек т.б.)

- қорлайтын қимылдар немесе әрекеттер (мысалы, шолбан, итерулер, аяқтан шалу, басын қолтығына қысып ұстау);

- қорқыту (бұл жәбірленуші қылмыскерге пайдалы нәрсе жасауы үшін, зорлық-зомбылық көрсетуші жәбірленушіге тікелей немесе оның жақын адамдарына зиян тигізуі мүмкін деген оймен қорқыту);

- оқшаулау (құрбыларының бір бөлігінің немесе бүкіл сыныптың құрбанды шеттетуі немесе білмеуі);

- бопсалау (мысалы, олар ақша, заттарды, азық-түлік және т.б. талап етеді немесе алып кетеді);

- мүлікке зиян келтіру және басқа да әрекеттер (мысалы, қылмыскер жәбірленушінің жеке заттарын жасырады немесе бүлдіреді);

- кибербуллинг – сандық технологияларды: интернет пен ұялы телефондарды пайдаланып қорлау мақсатында құрбандарды қудалау. Мысалы, жасырын қорқыту, редакцияланған фотосуреттер және т.б.

Зерттеушілер бұзақылық қаупі бар балаларды анықтауға көмектесетін үш негізгі факторды анықтайды [3].

1. «Бірнеше стресс», демек, балалардың – шеттетілген-құрбандар көптеген: әлеуметтік қолайсыздық пен отбасындағы қақтығыстардан, денсаулығының нашарлығына, құрдастарымен қиын қарым-қатынасқа және жетілмеген компенсаторлық қабілеттерге дейін мәселелері бар екенін білдіреді.

2. «Жәбірленушінің арандатушылық сипаттамасы». Жоғарыда айтылғандардан басқа, мұндай ерекшеліктер тіпті «әдеттен тыс» сөйлеу мәнерін, балалар ұжымында өзін ұстай білу қабілетін, жалпы алғанда сыныптастарының көзқарасы тұрғысынан алғанда «ерекше» барлық нәрсені білдіреді.

3. «Стигматизация – баланың нәсілдік (ұлттық) және физикалық ерекшеліктері». Мектептегі бұзақылықтың құрбандары болған балалар көбінесе өз мәселелерін ата-анасынан жасырады, ал олардың аналары мен әкелері бұл туралы тек төтенше және дағдарыстық жағдайлар кезінде, тіпті баланың өз-өзіне қол жұмсау әрекеттерімен аяқталатын жағдайларда біледі, ата-аналар балалардың мінез-құлқының қандай ерекшеліктері туралы ойландыруы керек – олардың баласы мектептегі бұзақылықтың құрбаны ма екенін білуі керек.

Кейбіреулер бұзақылық өсудің қарапайым серігі, жастар арасындағы қарым-қатынас тәсілі деп санайды. Бұзақылық балалардың жағымсыз қасиеттерді тудырады, себебі:

1) Бұзақылық жұқпалы;

2) Онда күш пен әлсіздік арасында таңдау жасауға мәжбүр болады (құрбандар көбіне күлкілі және аянышты көрінеді), әлсіздермен байланысты болғысы келмейді;

3) Бұл тез арада жеке жауапкершілікті сезінбейтіндігіне әкеледі, ол жай ғана басқалар сияқты жасауға итермелейді;

4) Жәбірленушілердің азап шегуі қайта-қайта қайталанады және өзінің жанашырлық сезімінің анда-санда күңгірт екенін байқайды [7].

Балаға жасалатын бұзақылықтың іздері сынақты жалғастыра отырып, өмір бойына қалады. Сонымен қатар, дамудың 5 кезеңін қамтитын жарақаттан кейінгі ауыр күйзелісті дамытуға болады [7]:

1. Үмітсіздік кезеңі – бұл баланың өзіне не болып жатқанын әлі нашар білетін кезіндегі мазасыздықтың жоғарылауы.

2. Теріске шығару кезеңі – онымен болған оқиғаны жадынан шығару әрекеті. Соматикалық бұзылулар, сезімталдық және ұйқысыздық пайда болуы мүмкін.

3. Уайым немесе депрессия кезеңі. Эмоционалды тұрақсыздық, ұйқының бұзылуы және жаман көңіл-күй аясында болған зорлық-зомбылықпен келісу.

4. Оқиғаның себебін біле отырып, не болғанын пысықтау кезеңі.

5. Аяқталу кезеңі – болашаққа үміт пайда болады.

Осылайша, бұзақылық балалар ұжымының қалыптасуына және қиын жағдайлардың шешілуіне байланысты. Ең бастысы, егер бұзақылық ең басында үзілген болса, онда салдары әлсіз теріс эмоциялар түрінде минималды болады, бірақ егер бұзақылық ұзақ болса, онда ол жасөспірімдердің мінез-құлық стилінде із қалдыруы мүмкін, егер жасөспірім құрбан болса, болашақта жәбірленуші сияқты әрекет етуі мүмкін. Мектептегі бұзақылық – бұл жүйелі және күрделі құбылыс. Сондықтан, мектеп психологынан басқа, осындай мәселелерді мұғалімдер де шешуі керек, олар осы жағдайларды болдырмауға міндетті және балалардың өздері осындай мәселелерді шешіп алуы қажет деп ойламаулары керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Аверьянов А.И. Буллинг как вызов современной школе // Педагогика, психология и социология. – 2013. – № 18. – С. 45-50.

2. Кон И.С. Что такое буллинг и как с ним бороться? // «Семья и школа». – 2006. – № 11. – С.15-18.

3. Буллинг – травля детей. Что делать? // Санкт-Петербургское государственное учреждение социальной помощи семьям и детям «Региональный центр «Семья»: [сайт]. – Спб., [1995 – 2012]. – Режим доступа: <http://homekid.ru/bullying/bullyingPart1.html>

4. Бердышев И. Лекарство против ненависти / И. Бердышев; семинар записала Е. Куценко // Первое сент. –2005. – № 18. – С. 3.

5. Кривцова С.В. Буллинг в школе VS сплоченность неравнодушных / С.В. Кривцова. – М.: Федеральный Институт развития образования, центр развития психологической службы, 2011.

6. Ожиева Е.Н. Буллинг как разновидность насилия. Школьный буллинг. [Электронный ресурс] / Е.Н. Ожиева. – Режим доступа: http://www.rusnauka.com/33_NIEK_2008/Psihologia/37294.doc.htm

7. Бердышев И.С., Нечаев М.Г. Медико психологические последствия жестокого обращения в детской среде. Вопросы диагностики и профилактики: Практическое пособие для врачей и социальных работников / СанктПетербургское государственное учреждение социальной помощи семьям и детям «Региональный центр «Семья». 2005. [Электронный ресурс]. URL: <http://old.homekid.ru/bullying/contens.html>

КОМАНДАМЕН ЖҰМЫС ТИІМДІ ӨЗАРАӘРЕКЕТТЕСУДІҢ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Ардабаева Балқадияша Каримовна,
«Педагогикалық шеберлік орталығы» ЖМ,
Қостанай қ. филиалы, менеджер, Қостанай қ.

Аннотация

Өзектілігі. Бүгінгі таңда білім берудің жаңартылған мазмұнының бағдарламаларын іске асыру аясында білім беру процесіне қатысушылардың іс-әрекеттері ортақ мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ететін бірлескен ортада болуына көп көңіл бөлінеді. Әрбір педагогті басқару процесіне қосу арқылы бірлескен қызмет заманауи талаптарға сәйкес келетін мектепті дамытуға бағытталған. Бұл үшін процесті басқарудың тиімді құралдары, оның ішінде оқыту мен оқыту процесін іске асыратын командада мұғалімдердің жұмысын ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдері қажет. Мақсаты. Командадағы жұмыстың тиімділігі мен нәтиженің табыстылығына бағытталған өзара әрекеттесудің факторларын көрсету.

Түйінді сөздер: команда, ынтымақтастық, өзара әрекеттесу, мақсат, удеріс.

Аннотация

Актуальность. Сегодня в рамках реализации программ обновленного содержания образования больше внимания уделяется тому, чтобы деятельность участников образовательного процесса происходила в коллаборативной среде, которая способствует достижению общих целей. Совместная деятельность через включенность каждого педагога в процесс управления направлена на развитие школы, соответствующей современным требованиям. А для этого необходимы эффективные инструменты управления процессом, в том числе методы и приемы организации работы учителей в команде, реализующих процесс преподавания и обучения.

Цель. Показать факторы взаимодействия, которые способствуют эффективной работе в команде и направлены на достижение результата.

Ключевые слова: команда, сотрудничество, взаимодействие, цель, процесс.

Abstract

Relevance. Today, as part of the implementation of programs for the updated content of education, more attention is paid to ensuring that the activities of participants in the educational process take place in a collaborative environment that contributes to the achievement of common goals. Joint activity through the involvement of each teacher in the management process is aimed at developing a school that will meet modern requirements. And this requires effective tools for managing the process, including methods and techniques for organizing the work of teachers in a team that implements the teaching and learning process.

Goal. Show the factors of interaction that contribute to effective teamwork and are aimed at achieving results.

Keywords: team, collaboration, interaction, goal, process.

Бүгінгі таңда білім берудің рөлі қоғамның әлеуметтік-мәдени модернизациялау ресурсы ретінде артып келе жатыр. Осыған байланысты білім беру мазмұнын жаңарту аясында жасалған білім беру стандарттар білім берудің жаңа мақсаттарын белгілейді. Оның ішінде еліміздің болашақ азаматтарының кең спектрлі дағдыларға ие болуы. Заманауи ғалымдар соңғы онжылдықтар бойы өсіп келе жатқан адамның әлеуметтік қасиеттері өзгергені, сонымен қатар заманауи білім беру кеңістігінің мүмкіндіктерін ашу, оны ұйымдастыруда ықпалды түрлерін белгілеу қажеттілігі туралы айтады.

Жоғарыда айтылған «Педагогтің кәсіби стандартында» көрсетілген. Оның 5-еңбек қызметі Әлеуметтік-коммуникативтік: кәсіби қоғамдастықпен және білімнің барлық

мүдделі тараптарымен өзара әрекеттесуді жүзеге асырады делінген. Соның ішінде мұғалім кәсіптік коммуникация мен коммуникацияның психологиялық негіздерін, кәсіптік қоғамдастықта, оның ішінде желілік қоғамдастықта ынтымақтастықтың әдістері мен түрлерін, әр түрлі әлеуметтік топтармен қатынас жасау түрлері мен әдістерін білу керек. [1, 59-60 б.]

Осы мәнмәтінде білім беру, оны ұйымдастырудың тиімді түрлерінің маңызы зор болып табылады.

Жаңа ағым мен тенденциялар – заманауи өмірдің ажырамайтын бөлігі. Бүгінгі таңда команда, командалық жұмыс, командағы рөлдер, командалық мақсат қою, тимбилдинг т.б. ұғымдар мен үдерістер туралы көп айтылады. «Команда» деген ұғым (франц. *commande*) – белгілі бір жұмысты орындауға бағытталған адамдардың уақытша немесе тұрақты тобы, ал «ұйымдастыру» – құру, жасау, ұйымдастыру, бекіту, жетілдіру [Ефремова 2014]. Яғни, команда ұйымдастыру деген, алдарына қойылған жалпы мақсатты тиімді шешу үшін топқа белгілі бір мамандарды біріктіруді көздейтін ұйым. [3, 6 б.]

Ал сол командамен жұмыс жасау үшін тұлға қажетті білім, білік, дағдыларға ие болу керегі сөзсіз. Сондықтан, алдымен «бірлескен жұмыс», «ұжымдық жұмыс» және «командалық жұмыс» деген түсініктемелерді айқындап алайық. Жалпы қарайтын болсақ, осы ұғымдар бір-біріне ұқсас болып келеді, бірақ сонымен қатар айырмашылығын да табуға болады.

Олай болса, бірлескен жұмыс кеңістік пен уақыттың орнатылғанын көздейді. Оған мысал ретінде виртуалды ұжымдар мен виртуалды командаларды жатқызуға болады.

Бірлескен жұмыс білім мен біліктің байланысын, ұжымдық жұмыс – білім мен біліктің алмасуын, командалық – білім мен біліктің өзаратолықтырун және өзараарттыруын көрсетеді. Қаралып жатқан мәселеге қатысты көптеген зерттеулер дәлел болып табылады. Мысалы, 1999 жылы Германияда зерттеген командалар мүшелерінің 80 %, командалық жұмыстың негізгі артықшылығы ретінде әріптестерінен кәсіби білім алуға үйрену мүмкіндігін атап айтқан.

Бірлескен жұмыстың сипаттамасында шешуші маңызы қызметкердің үшінші тұлғаға тиесілігін, ұжымдық жұмыста – қызметкерлердің бір-бірімен қарым-қатынасын, командалық – қызметкерлердің бір-бірімен қатар сыртқы ортамен қарым-қатынасын көрсетеді.

Ұжымдық жұмыс еңбектің нәтижесі мен жағдайына қызметкерлердің өзінің толық меншігі мен жауапкершілігін көздейді. Командалық жұмыс барысында арине жауапкершілік саласы кеңірек болады.

Менеджменттің теориясы мен практикасындағы жинақталған тәжірибе адами ресурсына инвестиция жасау жаңа бағыттың қалыптасуы туралы әңгіме қозғауға мүмкіндік береді. Оның негізінде өзарабағытталған жұмыс командалардан тұратын ұйымның динамикалық желілік құрылымының болуы. Бүгінгі таңда команда кәсіби қызметтің ерекше ұжымдық түрі болып табылады.

Білім беру қызметкерлерінен құрылған команда мақсатқа табысты жетудің әсерлі құралы болып табылады. Осыған қоса, командалық жұмыстың жоғары тиімділігі «адами факторын» келесі арқылы максималды қолдануға негіздейді:

– команда мүшелерінің ынтасы мен жантәнімен берілуін камтамасыз ететін шешімдерді алқа болып қабылдауды;

– команда ішіндегі жұмысты жоғары дәрежеде ұйымдастыру арқылы жұмыс уақытты үнемдеу (өзараауыстырушылық, жеке бастама, белсенді өзаратүсіністік, рөлдерді рационалды бөлу, жұмыста алға кету және т. б.);

– еңбектің шектелмеген қарқындығы (мақсатқа немесе соңғы нәтижеге жету темпін жылжытуына тиесілі жұмыс күнін топ өзі нормаға келтіреді).

Сонымен, командалық қызмет әлеуметтік топта қызмет етуді қалыптастырады, адамның жинақтаған «әлеуметтік капиталының» деңгейі, яғни, әлеуметтенудегі адамның әмбебап қабілеті болып қарастырылатын оның қоғамға бейімделуін арттырады [4,

12 б.]. Сондай-ақ, топта тиімді өзараәрекет жасау және коммуникацияға түсу заманауи әлемдегі табысты өмір сүру үшін өсіп келе жатқан адамның әлеуметтік құзыреті болып табылатын қажетті қабілеті.

Өткізілген зерттеулер нәтижесі бойынша пәнаралық командалардың келесі артықшылықтары белгіленген:

- мәселені алқа болып шешу;
- қызметтің тиімділігін арттыру;
- жиынтық білімге сүйену;
- тиімді коммуникация;
- мамандарға жүгіну қарапайымдылығы және т.б. [4, 23 б.]

Осындай командаларды құру білім беру мекемелерінің күнделікті әлеуметтік-педагогикалық мәселелерін шешуге, барлық педагогикалық ұжымның қызметін тиімді арттыруға, коммуникативтік байланыстардың өзгеруіне қатысты командалық рухты қалыптастыруға, жағымды психологиялық ахуал туғызуға және педагогикалық команда мүшелерін психологиялық қолдауға мүмкіндік береді.

Табысты командада, егер адамда айналысып жатқан ісіне деген қызығушылығы бар болса және даму жолында шектеу болмаған жағдайда, ол өзгеруден қорықпайды, ашылады, оқытуға және өздері оқуға дайын. Сонда ғана команда тұрақты және тиімді болады.

Сонымен, жұмысты ұйымдастырудың командалық түрін енгізу мәселесі өзекті болып табылады. Жоғарыда айтылған пікірлер мен көзқарастар білім беру саласындағы мәселелерді тиімді шешу үшін білім беру ұйымдары, мектеп басшылары, мұғалімдер, ата-аналар, оқушылар және білім беру саласындағы басқа да мамандардың бірігуін дәлелдейді және 2020-2025 жылдарға арналған білім беруді дамыту Мемлекеттік бағдарламасын тиімді жүзеге асыру жолында осы командалық жұмыс нәтижеге жетуде ықпалын тигізетіні айқын.

Әдебиеттер тізімі:

1. Педагогтің кәсіби стандарты. Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық кәсіпкер палатасы Басқарма төрағасының от 8 июня 2017 жылдың 08 маусымдағы № 133 бұйрығының қосымшасы, 59-60 бет.

2. Жалпы білім беру ұйымдары басшылары орынбасарларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2017 ж.

3. Карякин А.М. Командная работа. Основы теории и практики // Корпоративный менеджмент. Библиотека управления. <https://www.cfin.ru/management/people/teamwork/02.shtml> (дата обращения: 23.01.2021).

4. Витвар О.И. Актуальность командной и проектно-групповой работы в социальном воспитании школьников. <https://cyberleninka.ru/article/n/aktualnost-komandnoy-i-proektno-grupповoy-raboty-v-sotsialnom-vospitani-i-shkolnikov> (дата обращения: 23.01.2021).

ДИСКУРСИВНАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ CLIL-ПЕДАГОГА КАК ЗНАЧИМЫЙ КОМПОНЕНТ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ

Асанова Асель Бекежановна,
магистр гуманитарных наук, ст. преподаватель кафедры иностранных языков,
Костанайский региональный университет им. А. Байтурсынова, г. Костанай,
докторант 2 курса Евразийского национального университета им. Л.Гумилева, г.Нур-Султан
Абибулаева Айжан Будановна,
доктор пед. наук, профессор кафедры социальной педагогики и самопознания,
Евразийского национального университета им.Л.Гумилева, г.Нур-Султан

Аннотация

Өзектілігі: ЖОО-да мамандар даярлау тәжірибесі соңғы жылдары CLIL-педагогтың кәсіби даярлығына тәсілдерді өзгерту және елеулі түзетулер енгізу қажеттігін табанды түрде көрсетіп

отыр. Қазіргі жағдайда дискурсивті құзыреттілікке ие маманның қажеттілігі алға қойылады, олар білім берудің қажетті және болжамды нәтижесі деп аталады. Қалыптаспаған дискурсивті құзыреттілік сөйлеу өзара әрекеттесу жоспарының сәтті аяқталуға әкелмеу ықтималдығын едәуір арттырады және өз кезегінде CLIL мұғаліміне өзінің кәсібилігін толық көрсетуге мүмкіндік бермейді. Бұл аспект CLIL мұғалімінің дискурсивті құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін зерттеудің сөзсіз болуын негіздейді, өйткені онда қарым-қатынас пен ынтымақтастықтың ең маңызды мәселелері өзара әрекеттеседі.

Мақсаты: бұл мақалада CLIL мұғалімін дайындаудың негізгі сәттері сипатталған.

Түйінді сөздер: CLIL-педагог, дискурсивті құзыреттілік, CLIL-педагогты даярлау, технология.

Аннотация

Актуальность: Опыт подготовки специалистов в вузе в последние годы настойчиво указывает на необходимость изменения подходов и внесения существенных корректив в профессиональную подготовку CLIL-педагога. На передний план в современных условиях выдвигается необходимость специалиста, обладающим дискурсивной компетентностью, что называется, как желаемый и прогнозируемый результат образования. Несформированная дискурсивная компетентность в значительной мере повышает вероятность того, что замысел речевого взаимодействия не будет доведен до успешного завершения, и в свою очередь не позволит CLIL-педагогу в полной мере продемонстрировать свой профессионализм. Данным аспектом и обоснована неизбежность исследования проблемы формирования дискурсивной компетентности CLIL-педагога, так как в ней взаимодействуют максимально важные вопросы взаимоотношения и сотрудничества.

Цель: в данной статье описаны основные моменты подготовки CLIL-педагога.

Ключевые слова: CLIL-педагог, дискурсивная компетентность, подготовка CLIL-педагога, технология.

Abstract

Relevance: The experience of training specialists at the university in recent years strongly indicates the need to change approaches and make significant adjustments to the professional training of CLIL teachers. In modern conditions, the need for a specialist with discursive competence, which is called the desired and predictable result of education, comes to the fore. Unformed discursive competence significantly increases the likelihood that the idea of speech interaction will not be brought to a successful conclusion, and in turn will not allow the CLIL teacher to fully demonstrate his professionalism. This aspect justifies the inevitability of studying the problem of forming the discursive competence of a CLIL teacher, since it interacts with the most important issues of mutual relations and cooperation.

Goal: this article describes the main points of training a CLIL teacher.

Keywords: CLIL-teacher, discursive competence, CLIL-teacher training, technology.

Интенсивно развивающиеся в последние годы интеграционные процессы, повышение объема академической и профессиональной мобильности, углубление международного сотрудничества способствовали значительному изменению социальной роли иностранного языка, который теперь рассматривается в качестве неперемennого «условия успешной интеграции в глобальное экономическое пространство». В сложившихся условиях для решения возникших проблем на переходном этапе необходимо, в первую очередь, подготовить специалистов способных и готовых осуществлять интегрированное обучение предмету и языку. В связи с этим, перед современной казахстанской системой образования поставлен ряд задач, среди которых особое внимание уделяется формированию полиязычной личности свободно владеющей как минимум тремя языками: казахским (государственным), русским (языком межнационального общения) и английским (международным) [1, с. 228].

Нынешняя популярность CLIL не только в Европе, России, но и в Казахстане – это доказательство актуальности интегрированных подходов в образовании, результатом которого должно быть одновременное владение несколькими навыками, знаниями и умениями в совокупности. Заимствованный из английского языка в расшифровке он означает Content and Language Integrated Learning, что в переводе на русский язык – это

интегрированное обучение предмету и языку. Введенный в употребление в 1994 году Д. Маршем термин CLIL содержит более дюжины различных управленческих решений обучения, таких как, языковое погружение, «языковой душ», языковой лагерь, двуязычное образование, обучение в семье, многоязычное образование, программы интенсивного обучения, языковое обучение эмигрантов (ученики и взрослые), международная школа. Согласно ученому, мы будем использовать термин «интегрированного предметно-языкового обучения» (CLIL) в тех случаях, когда предметы естественного-математического цикла, или определенная тема в рамках данных дисциплин, проводятся на иностранном языке. При этом преследуется двойная цель обучения: изучение контента данной учебной дисциплины и параллельное усвоение иностранного языка. [2]

Таким образом, CLIL-подход в обучении позволяет решать значительный круг образовательных задач. А именно, изучение неродного (иностранного) языка и неязыкового предмета одновременно является эффективным средством достижения ожидаемых целей обучения и формирования навыков широкого спектра. Для реализации стратегических целей образования в Костанайском региональном институте им. А. Байтурсынова, студенты, обучающиеся по образовательным программам 6B01507 математика/физика, 6B01502 физика, 6B01505 биология, 6B01511 химия/биология, 6B01503 информатика изучают дисциплины соответствующего профиля на иностранном языке (английском). Однако, преподавание дисциплин на иностранном языке подразумевает ряд трудностей, среди которых можно назвать отсутствие или нехватку учебных материалов и программ, а также нехватку кадров, так называемых, CLIL -педагогов. В настоящей статье под CLIL-педагогом мы понимаем специалиста, осуществляющего успешную предметно-ориентированную коммуникацию на иностранном языке, и обладающей дискурсивной компетентностью.

III топтағы оқушылар барынша теорияға бейімділігімен ерекшеленеді. Әдетте оларда практикалық қажеттілік болмайды және теорияға әрі дерексіз пікірлерге ықпалы пайда болады. Олардың ойлау қызметі оқу материалын игеру процесінде белсенділік көрсетумен ерекшеленеді, олар ең маңыздысын өздігінен оп-оңай бөліп алады, материалды жүйеге келтіреді. Бұл топтағы оқушылардың көпшілігінде ойлау дәлдігі және ойын айқын және қысқа айтып берушілік жақсы дамыған. Оларға кеп еңбектену және білімін өздігінен кеңейтуге талаптану қасиеттері тән болып отырады.

Бұл типтегі оқушылардың қабілетін дамыту жөнінде жұмыс істеу барысында, олардың белсенді ойлау жұмысы практикалық әрекетпен ұштасуы үшін жағдай жасаудың маңызы зор. Бұл оқушыларға білімнің алуан саласындағы, соның ішінде гуманитарлық ғылымдардағы ғылыми-зерттеу қызметін ұсынуға болады.

IV топқа өз білімінде теория мен практиканы үйлесімді түрде ұштастыра білетін оқушылар жатқызылған. Олардың оқу қызметін белсенділігі мен өздігінен тындыратын жұмысы сипаттайды. Олар тек теориялық мәселелер емес, практикалық қызметпен құмарта шұғылданатын болғандықтан бұдан бұрынғы топтардың, өкілдеріне қарағанда, әдетте, олар бірқалыпты оқиды. Бұл топтағы оқушылардың көпшілігіне жалпы ой-өрістің кеңдігі тән [6].

Оқушыға, оның кәсіптік ынта-ықыласын дамыту жөніндегі жұмыс бағытын таңдауға көмектесу барысында оның қабілеттілігін көзден таса етуге болмайды. Оның үстіне олардың арасында өз ара байланыста болуының маңызы зор: қабілеттіліктің дамуы ынта-ықылас арқылы жағдай жасалатын қызметте жүзеге асырылады, ал ынта қандай бір қызметте болмасын, өз кезегінде тиісті қабілеттілік-термен жасалынған табыспен қуатталады. Алайда мұндай өз ара байланыстылық қарсылықтың пайда болу мүмкіндігін жоққа шығармайды: кейде оқушыларда олардың қабілеттіліктеріне жауап бере алмайтын ынта-ықылас пайда болады. Міне осы сәтте ынта-ықыласты қайта құру жөнінде арнайы жұмыс жүргізу қажет.

Мектептегі оқу қызметі жағдайларында мұғалім оқушының жалпы және (басқаша оны жеке деп айтуға болады) арнайы қабілеттерімен, әсіресе бірінші кезекте олардың оқу жұмысында бой көрсетуімен жиі кездесіп тұрады. Оқушының қабілеттерін бағалауда оның сабақ үлгерімі негізгі көрсеткіштердің бірі болып табылады. Бірақ оны қабілеттіліктің тікелей көрсеткіші деп қарауға болмайды. Себебі, оқушының ойдағыдай болуы оқушының еңбек сүйгіштігі және табандылығы арқылы белгілі болуы мүмкін, сондықтан қабілеттілікті бағалау үшін жетістікке жету үшін жұмсалған үлгеріммен күшжігердің арақатысын пайдаланған дұрыс.

Жас өспірімдер өз мүмкіншіліктерін әрдайым қызметтің қай саласына бейімділігі бар екенін жан-жақты бағалай білмейді, өйткені өмірлік тәжірибелері аз, көпшілігінің кәсіпшілікке ынтасы әлі айқындалмаған. Олардың жоғары байқағыштыққа, бой ұрып әуестенушілігі, ең ақырында арман-қиялды өз мүмкіншіліктерімен, қоғамның кадрлар жөніндегі қажеттерімен сәкестіре қарастыра білмейтіндігі көп ретте қоғамдық көзқарас тұрғысынан және өзінің мамандық таңдау жағынан сәтсіздікке әкеліп соқтырады.

Жоғары сынып оқушыларына кәсіптік бағыт беру жұмысы үрдісінде мектептің маңызы кем емес, міндеттерді шешуіне тура келеді.

Кәсіптік оқудың басты міндеті – жастардың назарын сырттай қарағанда онша тартымды болып көрінбейтін жұмысшы мамандықтарына аудару. Екінші бір міндет жасөспірімдердің олардың жалпы ынта-ықыласы мен бейімділігіне қарай мамандықтар шеңберімен таныстыру, бір себеппен оларды еліктіре алған осы мамандықтар жайында объективті түрде түсінік алуына көмектесу болып табылады. Сол сияқты кәсіптік бағыт беру міндеттерін ойдағыдай шешу үшін, оқушылардың мамандықтар жөніндегі жалпы ұғым-түсініктерін кеңейту керек мұны мектеп курстарын орынды пайдаланғанда іске асыруға болады.

Мамандықты дұрыс таңдап алу бір-ақ реттік акт емес. Бұл – өз кезеңдері бар ұзақ процесс. Мұндағы кәсіби ынта-ықыластың қалыптасуы мендамуы неғұрлым жауапты саты болып табылады. Оқушыларда өзінің болашақ мамандығымен байланыстыратын білімнің, ғылымның, өнердің белгілі бір саласына ынта-ықыласы басым болуы мүмкін. Мұндай жағдайда оның жеке басының белгілі бір бағыты бар екені байқалады. Оқушылардың өздерін қызықтыратын мәселелер жайында көп білгісі келетіні белгілі. Бұл ретте кәсіптік оқу-ағартудың міндеті – мамандық олардың ойлаған ойына сәйкес келе ме деген сұраққа жауап беру, олардың ықыласы болып жүрген саладағы білімін тереңдету, мамандыққа байланысты түсінік ұғымдарының шеңберін кеңейту.

Кәсіптік оқу-ағарту жөніндегі жұмысты таныстыру шараларын жүргізу ғана деп түсінсек дұрыс болмас еді. Бұл жұмыстың түрі сан алуан және де мамандықтарды өздігінен оқып үйренудің, еңбек қызметінің элементтерін, кәсіптік оқу, күш сынауды көздейді. Оқушының сүйіп қалаған мамандығы жөніндегі түсінігі неғұрлым жан-жақты болса, таңдауы соғырлым дұрыс жасалды деп зор сеніммен айтуға болады.

Кәсіптік оқу-ағарту ісі кәсіптік бағыт берудің көпшілік міндеттерін өздігінен шеше алмайды, өйткені белгілі бір еңбектің түріне жарамдығы жөнінде дұрыс қорытынды жасау үшін мамандық жайындағы тек бір ғана білім беру әзірге жеткіліксіз. Бұл істе оқушының жеке басының ерекшеліктері ұдайы зерттеу арқылы көмектесу керек. Оқушыларды зерттеудің тағы бір маңызы сол, бұл олардың ынта-ықыласын, арнаулы қабілеттерін ғылыми негізде басқаруға, мектепке бүкіл тәрбие жұмысының мазмұнын және тиімділігін көтеруге мүмкіндік береді.

Кәсіптік бағыт беру жұмысын жүргізуде мамандық қызметтің әлеуметтік аспектісін әрдайым ескеріп отыру керек. Мамандық адам қызметінің мазмұны мен сипатын белгілеп қана қоймайды, сондай-ақ ол тіршілік ететін және жұмыс істейтін жағдайлардың жиынтығын да белгілейді, кәсіптік қызметтің орындалуы адамның жеке басының біліміне, мәдени өсіп жетілуіне қойылатын талаптардың белгілі бір жүйесімен байланысты. Сонымен, мамандық қоғамдық құбылыстар категориясына жатады, сондықтан

оған әлеуметтік талаптар да қойылады. Біздің жастарымыздың материалдық әл-ауқатының оның жалпы мәдениетінің, білімінің өсуі – осының бәрі, әлбетте, мамандықты таңдап алуға жасөспірімдердің әлеуметтік талап дәрежесін көтереді.

Кәсіптік ағарту және оқушының жеке басын зерттеу ісі мектептегі оқу-тәрбие жұмысының бірыңғай жүйесіне кіреді. Тұтас алғанда мектептегі кәсіптік оқу ағарту мына тәртіпте болады.

Жан-жақты өсіп-жетілу, бейімделу, сондай-ақ кәсіби еңбекпен жалпы танысу ең алдымен оқу үрдісі негізінде жүзеге асырылады.

Кәсіптік бағыт беру жұмысын ұйымдастырғанда оқушылардың белсенділігі мен өз бетінше жұмыс істеу қабілетін оятудың маңызы зор. Ұйымдастырылатын ынта-ықыласына байланысты әр түрлі клубтар, жекелеген мамандықтарды зерттеу жөніндегі топтар, «Білім» қоғамдары қызмет етеді.

«Кім болам?» – деген тақырып бойынша жүргізілетін жұмыстың үлкен мүмкіндіктері бар.

Мысалы, жалпы білім пәндерінің сабақтарында мұғалім мыналарды байқайды: оқушылар қандай жағдайда көбірек білгісі, қандай жағдайда азырақ танып білгісі келеді, оларды көбінесе не қызықтыратынын біледі, қандай тапсырмаларды орындау оңайға түседі, қандай тапсырмалар қиыншылық келтіреді, мінез-құлықтың қандай жарқын еркшеліктері болады.

Мамандықты таңдап алу мәселелері жөнінде мұғалімнің оқушылармен жеке-жеке әңгімелесуінің өте-мөте маңызы бар. Әңгіме кезінде мұғалім оқушының кім болғысы келетінін, өз мақсатына жетуге оның қалай тырысып жүргенін сол тұрғыда ол бірден істеп жүр ме, әлде жоқ па соны жақсы біледі. Оқушылардың кәсіптік бағытын білу – мұның өзі, мұғалімге олармен жүргізілетін бүкіл тәрбие жұмысының пәрменділігін күшетуге, олардың ынта-ықыласы мен бейімділігін дамытуды жақсы басқаруға көмек көрсетеді. Сонымен бірге мұғалім оқушының мамандықты таңдап алуына белсенді ықпал жасауға, оған өзінің кәсіптік болашағын неғұрлым дұрыс белгілеуіне көмектесуге мүмкіндік алады.

Сонымен, оқушыларды мамандықты таңдап алуға әзірлеу ісінде мектеп жетекші роль атқаруға тиіс. Бірақ мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың қатысуынсыз мектеп жалғыз өзі кәсіптік бағыт беру мәселелерін түгелдей шеше алмайды. Атап айтқанда, мектеп нақты мамандықтарға кәсіптік жарамдылығы жөніндегі мәселелерді шешуді өз міндетіне ала алмайды, өздігінен ауданның, қаланың кадрлар жөніндегі нақты қажетін анықтай ала алмайды, демек нақты мамандықты таңдап алу мәселесі жөнінде егжей-тегжейлі кеңес бере алмайды. Мектеп кәсіпорындар үшін қызметкерлер таңдап алуды да жүргізе алмайды, оның үстіне кадрлардың кәсіптік адаптациясын қамтамасыз ете алмайды.

Қорытындай келе, 21 ғасырда Ы.Алтынсариннің игілікті ісін ықыласпен қолдап білім беружүйесінде кәсіптік бағдар беру жұмысына мән беріп, инновациялық әдістерді тиімді қолдана отырып, кәсіптік бағытты ғылыми ұйымдастыруда үш саты арқылы жүргізілсе деп есептеуге болады. Бірінші сатыда жалпы білім беретін мектеп болады; екінші саты кәсіптік бағыт беру мемлекеттік қызметтен, жұмысқа орналастырудан, кәсіптік кеңестен құралады; Үшінші сатыға кәсіпорындардың және кәсіптік оқу орындарының қызметі жатады. Қазіргі уақытта біздің елімізде кәсіптік бағыт берудің мұндай жүйесі әлі қалыптаса қойған жоқ, ал оның жоқтығы жасөспірімдердің өндіріс саласындағы қызметті саналы түрде таңдап алуына даярлау ісінде, мектеп бітіретін жастарды еңбек салалары бойынша жылдам және дұрыс бөлуде, оны өндіріске бекіту ісінде елеулі қиыншылықтар туғызып отыр. Бұл аса маңызды әлеуметтік міндетті жалпы білім беретін мектептің кәсіптік бағыт беру мәселелеріне мүдделі, сол сияқты жастарды жұмысқа орналастырумен айналысатын мемлекеттік мекемелермен тығыз ынтымақтасқанда ғана шешуге болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ламашев Ә. Ыбырай Алтынсарин және оның орыс достары мен ізбасарлары. – Алматы 1988 – 184 бет.
2. Б.М. Теплов. Избранные труды: в 2х томах. – М., 1985.
3. К.Д. Ушинский. Труд в его психическом и воспитательном значении. Соб.соч., т.2, 352 с.
4. А.Е. Голомшток. Выбор профессии и воспитание личности школьника. – М., 1979.
5. А.С.Макаренко. Выбор профессии. – соч.т.5. – М., 1958 г.
6. Л.М. Фридман. Психологический справочник учителя. – М.: Просвещение, 1991.
7. Ы. Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары. Құрастырған С.Қалиев – Алматы: Рауан, 1991. – 200 бет.

АКТУАЛЬНОСТЬ ОРГАНИЗАЦИИ ЗАНЯТИЙ ПО ОЗНАКОМЛЕНИЮ С ЖАНРОМ «ПОРТРЕТ» НА УРОКАХ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТРУДА

Ермак Нина Викторовна,
студентка 3 курса, кафедры искусств,
Архипова Ксения Геннадьевна,
магистр педагогики и психологии, ст.преподаватель кафедры искусств,
Костанайский региональный университет им.А Байтұрсынова, г. Костанай

Аннотация

Өзектілігі: адамның өз мәнін жүзеге асыруы әлемде бағдарсыз, ол туралы жеткілікті білімсіз мүмкін емес. Балалардың кеңістіктік ойлауын дамыту мәселесі өзекті болып табылады, өйткені бұл психикалық процесс адамның шығармашылық қызметінің кез-келген түрінің, оның мінез-құлқының ажырамас бөлігі болып табылады. Біздің әлем кеңістіктік ұйымдастырылған және кеңістіктік көріністер мен ұғымдар бізге осы әлемде өмір сүруге көмектеседі, өйткені олар табиғатта бар кеңістіктік қатынастарды көрсетеді. Балада идеялардың жеткіліксіз немесе дұрыс қалыптаспауы оның интеллектуалды даму деңгейіне әсер етеді.

Зерттеу мақсаты: «Портрет» жанрының оқушылардың кеңістіктік ойлауының дамуына әсерін ашу. Бейнелеу өнері сабақтарында оқушылардың осы жанрмен танысуының өзектілігін дәлелдеу.

Түйінді сөздер: портрет, шығармашылық ойлау, кеңістіктік ойлау.

Аннотация

Актуальность: Реализация человеком своей сущности невозможна без ориентации в мире, адекватного знания о нем. Проблема развития пространственного мышления детей актуальна тем, что этот психический процесс является неотъемлемым компонентом любой формы творческой деятельности человека, его поведения в целом. Наш мир является пространственно организованным, и пространственные представления и понятия помогают нам жить в этом мире, так как отражают существующие в природе пространственные отношения. Недостаточная или неточная сформированность представлений у ребенка влияет на уровень его интеллектуального развития.

Цель исследования: раскрыть влияние жанра «Портрет» на развитие пространственного мышления учащихся. Доказать актуальность знакомства учащихся с этим жанром на уроках изобразительного труда.

Ключевые слова: портрет, творческое мышление, пространственное мышление.

Abstract

Relevance: The realization of a person's essence is impossible without orientation in the world, adequate knowledge about it. The problem of the development of spatial thinking of children is relevant because this mental process is an integral component of any form of creative activity of a person, his behavior as a whole. Our world is spatially organized, and spatial representations and concepts help us to live in this world, as they reflect the spatial relationships that exist in nature. Insufficient or inaccurate formation of ideas in a child affects the level of his intellectual development. Goal: to reveal the influence of the genre «Portrait» on the development of spatial thinking of students. To prove the relevance of students' acquaintance with this genre in the lessons of fine art.

Keywords: portrait, creative thinking, spatial thinking.

По утверждению многих исследователей практика обучения постоянно обнаруживает слабое развитие пространственного мышления учащихся, начиная с начальной школы и кончая вузом.

Кроме того, опыт работы преподавателей средних и высших учебных заведений, а также психологов и педагогов-исследователей показывает, что учащиеся часто не справляются с задачами как теоретического, так и практического характера, требующих для своего решения сформированности специфического вида мыслительной деятельности, обеспечивающего анализ пространственных свойств.

Это свидетельствует о том, что средняя общеобразовательная школа не создает достаточных условий для развития пространственного мышления, так как школьное обучение строится таким образом, что словесно-логическое мышление получает преимущественное развитие. Хотя это и соответствует тенденциям развития детского мышления, но обедняет интеллект ребенка.

Пространственное мышление – вид умственной деятельности, обеспечивающий создание пространственных образов и оперирование ими в процессе решения практических и теоретических задач. Это сложный процесс, куда включаются не только логические операции, но и множество перспективных действий, без которых мышление протекать не может, а именно опознание объектов, представленных реально или изображённых различными графическими средствами, создание на этой основе адекватных образов и оперирование ими по представлению [1].

Проблемой формирования пространственного мышления, пространственного воображения у учащихся, результатом вышеуказанных процессов являются пространственные представления, без которых освоить данный предмет просто невозможно. Развитие воображения – важнейшее условие овладения умением выполнять построения в целом. Вместе с тем процесс обучения изобразительному искусству служит одним из наиболее важных средств развития воображения.

Рисование способствует активному развитию у школьников динамического пространственного воображения, способствует творческому подходу в решении различных задач, формирует умение анализировать исходные данные, переосмысливать их, повышая познавательную активность учащихся и творческое воображение.

С самого начала обучению построения объемных объектов нужно учить школьников видеть в окружающих предметах образующие их форму геометрические тела, учить узнавать геометрические формы в тех предметах, которые им попадаются на глаза чуть ли не ежедневно. Эта способность видеть геометрию вокруг себя есть ценнейшее свойство, которое приводит к образованию абстрактных понятий.

Еще одним основополагающим фактором развития пространственного мышления является понятие законов перспективы. Искусство изображать на плоскости трехмерное пространство и предметы в соответствии с кажущимся изменением величины, очертаний, четкости предметов, которое обусловлено степенью отдаленности их от точки наблюдения, называется **перспективой**.

В разрезе жанра «Портрет» – гипсовая голова – прекрасная модель для обучения построению и основам перспективы, так как она неподвижна и однородна по фактуре, что значительно облегчает процесс построения формы и точную передачу пропорций.

Для выполнения рисунка гипсовой головы человека с натуры, учащиеся должны, прежде всего перестроить свое восприятие. Посредством применения метода сравнения, учитывая особенности ее строения, они должны в краткосрочном рисунке научиться выделять существенные характеристики натуры (размеры, геометрическую основу формы, ее изменения). При этом сравнение модели и изображения должно носить динамичный характер. Быстрый перевод взгляда рисующего с модели на изображение позволяет сохранить и перенести ее образ на плоскость листа бумаги, сравнить и совместить с изображением, добиться точного воспроизведения внешнего вида и конструк-

ции головы человека. Мысленное быстрое наложение образа восприятия на изображение позволяет скорректировать рисунок, устранить отмеченные недостатки. В процессе сравнения (модели и изображения; пропорций отдельных частей к общей массе головы; конструктивных качеств частей головы человека) учащиеся должны научиться выносить необходимые суждения, умозаключения, делать выводы, которые будут использоваться в дальнейшей изобразительной деятельности [2].

Рисунок обрубочной головы (плоскостной) дает возможность обобщать и упрощать формы для лучшего понимания и анализа – начальной стадии построения изображения. Начинающие художники рисуют ее для понимания особенностей и закономерностей строения головы человека. Анализ конструкции, каркаса предмета – важный шаг к профессиональному написанию картин. Не понимая внутреннего строения чего-либо, сложно изобразить его внешние данные. Чтобы научиться видеть цельно, надо знать, из каких элементов это целое состоит, как эти детали и части соподчиняются между собой. Овладение методом анализа и выражения большой формы дает ученику опыт зрительно предугадывать результат построения изображения, то есть заранее представлять, как будет выглядеть его рисунок в конечном виде. Рисуя обрубочную голову, студент анализирует большую форму и познает закономерности ее строения; голова имеет яйцевидную форму, нос – призматическую, глаза – выпуклую шаровидную и т.д. Рисунок обрубочной головы способствует лучшему решению задач, связанных с последующими заданиями по гипсовой голове и голове живой модели.

Несомненно, написание портрета живого человека стоит на ступень выше обычного построения гипсовой головы. Однако это занятие и гораздо более интересное. познавательная активность и увлеченность учеников возрастает, ведь по завершении всех построений учащийся получает уже не усредненное и безжизненное изображение неодушевленного предмета, а собственноручно воспроизведенный на бумаге облик конкретной личности.

В отличие от рисунка гипсовых моделей голова живого человека характеризуется индивидуальностью внешних форм, подвижностью, пропорциями, свойственными только данной натуре, мимикой лица, меняющейся в зависимости от настроения, нрава и реакций на внешние раздражители. Основная методика построения сохраняется почти такой же, что и на рисунке гипсовых слепков, однако, в рисунке головы живой модели должно быть живое человеческое лицо, в чем и заключается сложность, поскольку рисунок с натуры подводит рисующего к искусству портрета, где должно присутствовать портретное сходство. Сходство во многом зависит от умения рисующего подмечать, анализировать и передавать индивидуальные пропорции и характеристики портретируемого.

Важнейший критерий портретности – сходство изображения с моделью (оригиналом). Оно достигается не только верной передачей внешнего облика портретируемого, но и раскрытием его духовной сущности, диалектического единства индивидуальных и типичных черт, отражающих определённую эпоху, социальную среду, национальность.

В то же время, отношение художника к модели, его собственное мировоззрение, эстетическое кредо, находящие воплощение в его творческой манере, способе трактовки портрета, придают портретному образу субъективно-авторскую окраску.

Портрет может считаться вполне удовлетворительным, когда воспроизводит оригинал в точности, со всеми чертами его внешности и внутреннего индивидуального характера, в наиболее привычной его позе, с наиболее свойственной ему экспрессией.

Но кроме развития пространственного и творческого мышления, ознакомление учащихся с таким жанром как «Портрет» призвано приобщить их к миру изобразительного искусства, художественной культуре, развить способность видеть красоту окружающего мира, прекрасное в жизни и искусстве, эмоционально воспринимать произведения искусства, оценивать их с позиции эстетического содержания, а также формиро-

ванием умений реализации приобретенного художественно-эстетического опыта в различных видах художественной деятельности [3].

Вполне возможно, познакомившись с этим жанром, увлекшись им, кто-то из учеников откроет в себе талант художника-портретиста, ведь портрет является одним из ярчайших жанров изобразительного искусства. Художники-портретисты были востребованы во все времена, а портрет всегда являлся актуальным жанром, и не менее актуальным он остается сейчас, так как именно с помощью портрета можно показать индивидуальность человека, духовную историю личности. В портрете можно показать не только характер человека, но и присущие ему индивидуальные особенности, а также взаимосвязь человека с внешней средой, показать его значимость в этом мире, его восприятие мира. В современном искусстве портрет сохраняет свою значимость и высокую степень актуальности.

Изменения в современном мире диктуют нам новые условия жизни. Так пандемия последнего года показала нам, что одними из наиболее стабильных, являются профессии, связанные с возможностью удаленной работы. Профессия художника, как раз, является одной из них. Поэтому очень важно дать таланту каждого ребенка раскрыться еще в школьном возрасте, иначе он может вырасти, так никогда и не узнав о нём.

Таким образом в процессе ознакомления учащихся с жанром «Портрет» решаются такие задачи как: развитие образного и технического мышления, пространственного видения; логическое осмысление и представление образа пластических фигур; создание художественного образа в рисунке на основе решения технических и творческих задач; развитие умения видеть пропорции, конструкции и объем предметов; обучение умению использовать приемы выразительности для выявления света и глубины пространства; передача объёма с помощью светотени. В целом, обучение школьников изобразительному искусству позволяет им самораскрыться, самовыражаться, саморазвиваться и самореализоваться.

Список литературы:

1. Беда Г.В. Основы изобразительной грамоты. – М., 1981.
2. Ростовцев, Н. Н. Учебный рисунок / Н. Н.Ростовцев. – М.: Просвещение, 1976.
3. Пимкова Т.А. Геометрические тела в изобразительном искусстве и черчении.
4. Изобразительное искусство. Учебная программа для начальной школы в рамках обновленного содержания среднего образования (проект). – Астана, 2015.

3D МОДЕЛЬДЕУ ВИРТУАЛДЫ ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРЫЛҒАН ШЫНДЫҚТЫҢ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ

Ерсултанова Зауреш Сапарғалиевна,

техн. ғыл. канд., информатика кафедрасының доценті,

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ.

Аннотация

Мақалада виртуалды және толықтырылған шындықты компьютер саласындағы заманауи және тез дамып келе жатқан 3D үлгісіндегі модельдер және жаңа технология ретінде қарастырылады. Және VR және AR технологиясының бағдарламалық жабдықтары баяндалып, практикалық мысалдар көрсетілген.

Түйінді сөздер: виртуалды, толықтырылған, шындық, модельдеу, анимация, графика, камера, интерактив.

Аннотация

В статье виртуальная и дополненная реальность рассматриваются как современные и стремительно развивающиеся 3D-модели и новые технологии в области компьютеров. Описано программное обеспечение технологий VR и AR, приведены практические примеры.

Ключевые слова: виртуальная, дополненная, реальность, моделирование, анимация, графика, камера, интерактив.

Abstract

The article considers virtual and augmented reality as modern and rapidly evolving 3D models and new technologies in the field of computers. And VR and AR technology software are described and practical examples are given.

Keywords: virtual, augmented, reality, modeling, animation, graphics, camera, интерактив.

Қазіргі заманда жаңаданған енген виртуалды шындық ұғымы тек ойындар мен ойын-сауықтар үшін ғана емес, ол сондай-ақ білім беруде, дизайн, инженерия, бизнес, өнер, тіпті ғылыми әзірлемелер мен зерттеулер сияқты салаларда кеңінен қолданылады.

Виртуалды шындық әлемі қызықты әрі терең және қабылдаудың жаңа сезімдері мен мүмкіндіктерін ұсынады. Зерттеулерге сәйкес, виртуалды шындықтың дамуының маңызды әлеуеті бар. Жоспарланған нарықтық бағалауға сәйкес қазірдің өзінде виртуалды шындықты қолдану қарқыны 30 миллиард доллардан асады. [5, и.р.6]

Виртуалды және толықтырылған шындық (ағылш. VR, virtual reality – «виртуалды шындық» және AR, augmented reality – толықтырылған шындық) – XXI ғасырдың озық технологияларының бірі, заманауи және тез дамып келе жатқан 3D үлгісіндегі модель.

Виртуалды (VR) және толықтырылған шындықты (AR) ажырату керек. Виртуалды және толықтырылған шындықтың дамуы тек мазмұн форматымен ғана емес, сонымен қатар ол арналған жабдықпен де ерекшеленеді:

– VR (виртуалды шындық) – виртуалды кеңістікте оған VR көзілдіріктің көмегімен жаңа әлем құру.

– AR (толықтырылған шындық) – жеке графикалық элементтердің нақты әлеммен смартфондар мен AR көзілдірігін қолданып үйлесуі.

Виртуалды шындық дегеніміз – техникалық құралдар және программалық жасақтамалардың көмегімен жасалынған, адамға көру, есту, сезу т.б. сезімдері арқылы берілетін жасанды әлем. Техникалық құралдар арқылы адамға таңғажайып сезімдерді беретін виртуалды шындық (мысалы, ұшқыштарға арналған авиасимулятор) [1, с.105].

Пайдаланушы бұл объектілерге физиканың нақты заңдарына (гравитация, заттармен соқтығысу, су қасиеттері, бейнелеу және т.б.) сәйкес әсер алуы және нақты өмірде мүмкін емес қиялдағы әлемін іске асыра алады. Барлық осы сезімдерді біріктіріп, адамға әсер ету интерактивті әлем деп аталады. Виртуалды шындыққа «ену» арнайы гаджеттердің көмегімен жүзеге асырылады.

Виртуалды шындық технологиялары – бұл тұсаукесерлерге, жаңа өнімдер мен қызметтерді құруға, сатуға арналған платформалар, оқыту, бүкіл ойын-сауық әлемін құру және тағы басқалар үшін жаңа мүмкіндік. Міне, сондықтан виртуалды және толықтырылған шындықты дамыту бүгінгі таңда өте қажет.

Виртуалды шындық (VR) компьютерлік технологияларға жататын шынайы кескіндер жасау үшін бағдарламалық жасақтаманы қолданатын, шындықты қайталайтын дыбыстар мен басқа сезімдер қоршаған ортаны және пайдаланушының физикалық түрін модельдеу пайдаланушыға мүмкіндік беру арқылы осы ортада болуы осы кеңістікпен және кез-келген нысандармен өзара әрекеттесу. Бұл шынайы және иммерсивті модельдеуді пайдалана отырып жасалған үш өлшемді орта тәжірибелі және интерактивті бағдарламалық жасақтама немесе дененің қозғалысымен басқарылады [2, с.d].

VR мен AR технологияларын қолдайтын келесі компьютерлік өнімдерді атап кетуге болады. Олар:

- Unreal Engine – <https://www.unrealengine.com/en-US/blog>.
- Unity – <https://unity3d.com/ru>. ...
- Blender – <https://unity3d.com/ru>. ...
- 3Ds Max – <https://www.autodesk.ru/products/3ds-max/overview>. ...

– Substance Designer – <https://www.allegorithmic.com/products/substance-designer>.

Unreal Engine программасын жүктеу үшін компьютерге EPIC виртуал ойындар дүкенін, ал Blender программасын жүктеу үшін STEAM виртуал ойындар дүкенін жүктеп алсақ жеткілікті. Unreal Engine 3D ойындар жасауға арналған программа. 3D модельдеу виртуалды және толықтырылған шындықтың бағдарламалық құралы болып табылады.

3DS Max программасы объектілер мен модельдерді шынайы түрге ұқсас бейнелеуге, атмосфералық және табиғи эффектілерді имитациялауға мүмкіндігі мол болғандықтан компьютерлік графика саласының мамандыры тарапынан аса жоғары бағаға ие болып отыр. Тек осы мамандар үшін ғана емес интерьер және экстерьер дизайнерлері, сәулетшілер мен құрылыс қызметкерлері үшін де пайдалы өнім болып саналады.

3D анимация және моделдеу соңғы жылдары тез қарқынмен дамып, кең ауқымды қолданысқа түсті. Бұл, сөзсіз, өнердің жаңа саласы кино, мультипликация, жарнамалық роликтер дайындау, ойын жасау және түрлі презентациялар жасаудан бастап, сәулет өнері мен инженерияда және көптеген т.б салаларда қолданылады. 3D моделдеу үшін түрлі бағдарламалар пайдаланылады. Олар біздің жұмысымызды жеңілдету үшін, майда жұмыстарды автоматты түрде жасайды, тіпті кейбір бағдарламалар аса қиын функцияларды да іске асыра алады. Қазіргі кезде Blender бағдарламасы Blender Foundation компаниясының арқасында кең тарауда. Blender бағдарламасын голландық анимациялық студия NeoGeo құрастырған. 1998 жылдың мауысы айында Blender-дің авторы Тон Розендаль NAN компаниясына ұсынады.

Blender программасы-үшөлшемді компьютерлік графиканы құруға, анимация және интерактивті қосымшалар жасауға арналған программа.

Blender программасының интерфейсі үш бөліктерден тұрады:

1. Мәзір қатары;
2. 3D көрінісінің терезесі;
3. Батырмалар панелі.

Үш өлшемді моделдеу мен анимацияның түрлі этаптарға бөліп қарастырамыз. Үш өлшемді моделдеу мектеп бағдарламасындағы геометрияны еске түсіреді. Декарттық координаттар жүйесін еске алыңыздар (X , Y және Z осьтері). Ал енді функцияларды және олардың графикаларын еске алайық. Мысалы: сызықтық функция, квадрат функция және т.с.с. (Парабола, гиперболалар).

Жалпы 3D анимацияның не екенін түсіну үшін көзіңіздің алдында тұрған барлық заттарды кеңістікке (декарттық X , Y , Z кеңістігі) жайғастырыңыз. Сонда әрбір заттың белгілі бір координатасы бар нүктелерден және түрлі өзінен кіші фигуралардан (сызық, эллипс, куб т.б) құралғанын байқайсыз. Міне, 3D модельдеу және оны анимациялау негізінде осы принципке жасалған, яғни «аса күрделі заттарды қарапайым нүктелер не фигуралар көмегімен кеңістікте құрастыру». Мысалы: компьютер монитормының өзі бірнеше сызықтар мен төртбұрыштардан құралған. Ал одан әрі оны кіші бөліктерге бөлсеңіз, оның аса кіші төртбұрыштардан, яғни нүктелерден тұратынын байқайсыз. Бұдан келіп шығатын ой: белгілі координаталарда орналасқан нүктелерге түс беру арқылы, кеңістікте кез-келген фигураны жасап шығуға болады. Енді сол бағдарламаларда жұмыс қалай жүретінін қарастырайық. Ол жұмысты мынадай бөліктерге бөлуге болады [3, с. 25]:

1) Моделлинг – бұл ең алғашқы этап және ең негізгі деп айтсақ та болады, себебі мұнда бүкіл фигуралар детализация жасалады. Қоршаған орта, жер бедері, кейіпкерлер болса солардың бейнесі барлығы осында жасалады. Бұл этапта дайын болған фигуралар «Үш өлшемді модель» деп аталады. Бұл модельдің әлі түсі, жасайтын қимылдары жоқ. Барлық нәрселер сұр-ақшыл түсте. Модельдерді жасау үшін бізге 3D бағдарламалар кез-келген фигураны бір-біріне қосу, кесу, деформация жасау сынды кең ауқымды мүмкіндіктер береді. Оларды қолданып модель жасау тек жасаушының таланты мен тәжірибесіне және, әрине, оның фантазиясына тәуелді.

2) Текстуриг – бұл этапта 3D модельдер нормалдар картасына бөлініп, яғни барлық модельдің фигуралары жазықталып, керекті түстерге боялады. Бұл процессті мынадай көзге елестетсе болады: «кез-келген фигураның беткі бөлігін (терісін) сылып алып, оны жайып, керекті түске бояп, қайтадан фигураның бетіне жабыстыру» сынды. Бұл этаптан өткен соң объектілерге реалистичный түр енеді, яғни олардың сыртқы көрінісі шын өмірдегіге қатты жақындайды.


3) Риггинг – бұл процессті былай сипаттаса болады «қимылдайтын фигуралардың сүйектерін жасау». Яғни, бұл этапта барлық қимылдайтын фигураларға сүйектер енгізіледі. Бұл сүйектер фигураны қимылға келтіру үшін керек, яғни модельдің әрбір бөлігін белгілі бір сүйекке бағынышты етіп қойып, сол сүйекті қимылдатқанда сол сүйекке бағынышты бөлік қимылға келеді.

4) Анимациялау – бұл этапта барлық дайын модельдер қимылға келтіріліп, анимация жасалады. Жоғарыдағы риггингте жасаған сүйектеріміз осында кеңінен қолданылады.

5) Рендеринг – бұл этапты екі түрге бөлуге болады: 1) Сурет рендерлеу 2) Видеоны рендерлеу. Суретті рендерлеу бұл модельдерді текстуралап болған соң, оны белгілі бір ракурстан (бір камерадан) суретке түсіру. Ал видеоны рендерлеуде модельдерді бірнеше, я одан да көп камералар көмегімен түрлі ракурстан қимылдап жатқан кезінде бейне түсірілім жасау.

Бұл соңғы этап компьютерге аса үлкен ауырлықтар түсіреді, сондықтан ең ұзақ этап болып естептеледі. Егер рендеринг супер компьютерлерде орындалмаса, бұл процесс ондаған жылдарға, тіпті ғасырларға созылуы мүмкін. Үш өлшемді модельдеуді үйренуді Blender бағдарламасында бастау тиімді. Себебі бұл бағдарлама тегін және өзінің мүмкіндіктерінде ақылы бағдарламалардан кем түспейтін жалғыз бағдарлама.

Төмендегі Сурет 1 –де Blender бағдарламасында модельденген 3D құмыраның бейнесін көруге болады



а



б

Сурет 1. а - құмыраның Blender программасының жұмыс үстеліндегі бейнесі;
б - құмыраның рендеринг құралымен көрсетілімі

3 D моделдеуге және AR және VR ресурстарын толықтыруға Интернет желісінің Google ресурстарының AR және VR құралдарын қолданған ыңғайлы.



Poly



Tilt Brush



Blocks

Сурет 2. Google ресурстарының AR және VR құралдары



а



б

Сурет 3. а - Poly программасында құмыраның қозғалысының алғашқы бейнесі;
б - Poly программасында құмыраның қозғалысының соңғы бейнесі

Анимацияның видеодан айырмашылығы көптеген суреттерде үзіліссіз қозғалыстың қолданылды. Анимацияның синонимы – «мультипликация» біздің өлкеде өте кең талаған. Анимация және мультипликация – бұл әртүрлі анықтама ғана, бірақта бір өнедің түрі. Бізге үйреншікті «мульти» термині латын тілінен пайда болды- көптеген суреттер традициялық технологиямен сәйкестендірілген, суреттегі кадрлерді 10-нан бастап 30-ға дейін батыр «тірілді» қозғалысын қайталау керек.

Анимацияның технологиялық түсінігі ол, кадрлік әдіс бойынша қозғалмайтын суреттер тізбегі конопленкаға түсіріледі және осы суреттердің проекциясы (көлеңкесі) экранда секундына 24 кадр көрсету арқылы қозғалыс иллюзиясын құрады. «Анимация» сөзі «тірілу» деген мағынаны ал бұл термин біздің елімізде 1980 жылы пайда болып, бұрынғы «мультипликация» сөзінің орнын басты. Егер бұрынғы анықтау оның техникалық принципіне байланысты айтылса, ал жаңа анықтау оның негізгі мағынасын ашады, яғни біздің көз алдымызда жансыз суреттер тіріледі. Осы уақытқа дейін айтылып келген киножанр анимациялық киноның өздігінен экран өнері.

Анимациялық фильмнің бастауы үңгірде салынған суреттер, Франциядағы Ласко және Испаниядағы Альтамира үңгірлері (мысалы, алты аяқты және екі құйрықты өгіз) және Көне Египеттік рельефтер және гректік құмырадағы суреттер [5, и.р.1].



Сурет 3. Ежелгі құмыра суреті

Әр заман суретшілері өз туындыларының жалған қозғалыс өмірін көруді армандады. Адамзаттың бейнелерінің қозғалысын түсіру ұмтылысы біз ежелгі ескерткіштерден және ежелгі заманда суретшінің тастарды, әр түрлі жануарларды қозғалысын бейнелеуінен көреміз.

3D модельдеу, анимация, визуализация және эффектілер құруға арналған толық функционалды шешім бола алады Үшөлшемді модельдеу программасының мүмкіндіктері шығармашылықпен айналысатын суретшілердің де таптырмас құралына айналған тәрізді. Қолмен салған сурет өнерінде үш өлшемді әлем элементтері көлеңке мен бояу арқылы беріліп, суретші ойының толық жүзеге асырылуына шектеу қояды. Кибернеткалық кеңістікте жұмыс істеу сол шектеуді жояды және салынған көрініс объектілерін нағыз табиғи қалпына ұқсас түрде тамашалауға мүмкіндік береді. Бұған әрине әрбір

объектінің өзіне ғана тән бояуы мен материалы, текстурасы, жарықтандыру техникасы арқылы қол жеткізіледі. Үш өлшемді кеңістікте көріністі жан-жағынан кез-келген бағытта трансформациялау арқылы сансыз кадрлар тізбегін жинақтап, олардың жандандырлған қоғалысы алынады.

VR және AR-ны білім беру саласында пайдалану біздің мақсатты аудиториямыздың адалдығының жоғарылауына және әлеуетті клиенттердің өнімдеріне қызығушылықтың артуына кепілдік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мураховский В.И. Компьютерлік графика. Әйгілі энциклопедия. – Москва 2002. – 640 б.
 2. Библиотека технической литературы 2001, 3D Графика. Web дизайн. Электрон. Кн. – Мультимедиа, 2001г. – 1 электрон. Опт. Диск.
 3. Пятый элемент: Графика-Электрон. Кн. – Ncorecorp, 2001 г.
 4. Новинки 3D – графики 2001: учебники и техническая документация на русском языке. – Электрон. Кн. 2001 г.
- Интернет ресурстары:
1. <http://www.demiart.ru/>
 2. <http://www.tehnologia.edusite.ru/>
 3. <https://poly.google.com/>
 4. www.Blender.org, www.google.kz,
 5. https://poly.google.com/edit/3x_f0jEAG8F
 6. <http://vireco.ru/vrapp>

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДЕГІ ҰЛТ АСПАПТЫҚ МУЗЫКАНЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

Есмаганбетова Шынар Кауатаевна,
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай аймақтық университеті,
Өнер кафедрасы аға оқытушысы, Қостанай қ.

Аннотация

Өзектілігі: осы мақалада қосымша білім берудегі ұлттық музыканың бала тәрбиесіндегі рөлі мен ұстаздардың әдістемелік тәсілдері айтылады.

Мақсаты: қосымша білім берудегі педагогикалық әдістемемен таныстыру.

Кілт сөздер: домбыра, қобыз, ұлттық музыка, тәрбие.

Аннотация

Актуальность: в данной статье рассматривается роль национальной музыки в воспитании детей и методические подходы педагогов дополнительного образования.

Цель: ознакомление педагогической методикой в дополнительного образование.

Ключевые слова: домбыра, қобыз, национальная музыка, воспитание.

Abstract

Relevance: this article considers the role of national music in the upbringing of children and the methodological approaches of teachers of additional education.

Goal: acquaintance with the pedagogical methodology in additional education.

Key words: dombyra, kobyza, national music, education.

Қазақ халқының музыка саласында ең кең тарағаны аспаптық музыка. Ол табиғатынан халық тарихымен бірге туып өскен өнер.

Қазақ халқының атадан – балаға мирас болып келе жатырған аспабының бірі – қос шекті домбыра аспабы. Бұрындары ән, жырды сүйемелдеп, күй толқытқан аспаппен бүгіндері жеке аспаптық шығармалар орындалуда. Аспаптың тарихы сонау орта ғасырдан таныс Шығыстың ұлы ғалымы Әл-Фарабидің «Музыканың ұлы кітабы» трактатының музыкалық аспаптар бөлімінде Танбура (домбыра) аспабының құрылымы мен пернелері (интервал) жайында жазып өткен.

Домбыра аспабы қазақтың қанына сіңген төл аспабы болғандықтан да, балаларға музыкалық тәрбие берудегі ең кең тараған аспап болып табылады. Өзінің тембрлік дыбыс бояуының қоңыр үнімен, балаға аспапты меңгеру әдісінің қарапайымдылығымен жүректі баурап алады. Домбыра аспабында ойнаған бала музыкалық білім мен қатар, әсемдікке тәрбиеленіп, ойлау, ой өрісі зерек болып өсіп, дене бітімі дұрыс жетіліп қалыптасады.

Бұл жөнінде музыка маманы әрі ұстаз К.С. Амирова өзінің «Аспаптық музыканы мектепке үйретудің теориясы мен практикасы» әдістемесінде: Ойын, оқу, еңбек–адами кәсіптің ең бастылары. Әсіресе қазақтың (ұлттық) тұрмыстық асық, қақпақыл, соқыр теке, тоғыз құмалақ секілді ойын түрлері қол бөліктері мен буындарының сезімталдығын, белсенділігін арттыратындығын атап кеткен. Бұл жаттығуды шексіз қайталау кезіндегі баланың тез шаршап кетпеуі үшін, табиғат заңдылығымен дененің еркін қимылдауын ескерген жөн екендігін ескертеді [1, с. 7]. Автор музыкалық тәрбие берудегі өзінің педагогикалық көз қарастары мен домбыра үйрету әдісіндегі қыр сырларын көрсеткен.

Балаларды ұлттық музыка өнеріне, ұлттық тәрбие беруде үлкен іс атқарып келе жатқан ұйымдар қаламызда санарлық қана. Тарихына қысқаша көз жүгіртсек, өткен ғасырдың 40-жылдары 50 адамға арналған балалар спорттық-гимнастикалық мектебі болып ұйымдастырылып басталса, кейін 60 жылдары қырықтан аса үйірме жұмыс жасаған. Орталық саябақтың қасында арнайы салынған пионерлер сарайы бүгінде Қостанай қалалық балалар шығармашылық мектебі [3] ұрпақ тәрбиесіндегі игі істі жалғастыруда.

Қазақстан Республикасының егемендік алған жылдарына дейін ұлттық ән – күйлеріміз тек ауыл, ауданнан келген балалар ансамбльдері қала орталықтарында өнер көрсетсе, енді қалалық балалар шығармашылық мектебі сахнасында басында шағын ансамбль, кейін домбырашылар оркестрі болып қала балалары да өнер көрсете бастады.

Осы тұста қазақ музыка өнеріндегі домбыраны балаларға үйретудегі, өзіндік әдісімен ерекшеленетін ұстаз А.Ф. Әмірхановтың ұстаздық жолы бір төбе. Ұстаздың үйреткені баланы қанаттандырып, болашаққа жол салатыны ешкімге таңсық емес. Осы дәстүрді Абай ағайымыз өзіндік музыкалық әдістемесін қалыптастырған ұстаз, қала мектептері балаларына халық ән-күйлерін домбыра аспабында ойнатып, сахна мәдениетіне үйретті, ұлттық тәрбиемізге баулыған кәсіби маман болды.

А. Райымбергенов жетекшілігімен жасалған «Мұрагер» бағдарламасы бойынша балаларға халық музыка аспабын ойнап үйрету әдісін қолданды. Сол арқылы балалар шағын ән-күйлер мен шетел композитор шығармаларын домбырашылар ансамблі болып орындайтын. Бұл бағдарлама ерекшелігі. Домбыраны топпен үйрету әдісі арқылы балалар аспапты тез меңгереді. Балалар ансамблі шығарманы орындағанда домбыраның қоңыр үні өзгеше, ұлттық бояуын беретін.

Сахнада отырған қазақ оркестрі балаларының ұлттық киімі көз тартарлық, қолындағы домбыра, қобыздарын көргенде көкірегінде ерекше мақтаныш ұялайды. Ойнаған ән күйлерін тыңдағанда төбең көкке жетуге бір елі қалғандай, рухың көтеріліп қалады. Ұлттық музыканы жалғастырушы ұстаз бен шәкіртке деген алғысың шексіз екендігін жеткізудің өзі қандай десеңізші.

Әкелі-балалы ұстаз Айнұр мен Қайырғали Әбішовтер де 2011-2016 оқу жылдары арасында еңбек етті. Композитор, домбырашы Қ Әбішов домбыра үйірмесіне жетекшілік етіп, құрамында 60 оқушы бар оркестрмен шығармашылық есеп берген.

Ұстаз үйірмесінің өткізілу іс тәжірибиесімен бөліскендей, төмендегі бөлімдерді құрайды:

I. Ұйымдастыру

1. Оқушының үйірмеге толық қатысуын қадағалау.
2. 10-15 минут топтасып дайындалу.
3. Қалыс қалған оқушыны бөліп үйрету.

II. Негізгі бөлім.

1. Күй тыңдау.
2. Қол қойылымы.
3. Үйренетін шығарма буындары.
4. Өз бетімен дайындалу.
5. Айна алдында жұмыс.
6. Үйге тапсырма
7. Қорытынды [2].

А. Қайырғалиқызы «Күй керуені» атты ансамбль құрып Нұрсұлтан (Астана) қаласында ЮНЕСКО бағыты бойынша өткізілген «Жас өнер: мәдениеті әлеміне жол» атты Бірінші Халықаралық жас вокалистер мен аспапта орындаушылар байқауынан жүлделі орынмен оралуы ансамбльдің алғашқы үлкен дәрежелі жетістігі еді. Қазіргі кезде домбыра үйірмесін жас маман Жасұлан Намиялы еңбек жолын домбыра студиясында шәкірт тәрбиелеумен жалғастырып келеді.

Парсы жазушысы Кей-Кабустың «Кабуснама» еңбегі-балаға педагогикалық тәрбие берудегі құнды еңбегінде атап көрсеткендей музыканың бала тәрбиелеудегі маңызы ерекше зор. Жеткіншектерді ұлттық музыкаға тәрбиелеуде қобыз аспабы музыкасының да үлесі бар. Қазақтың музыкалық өнері мен аспаптың пайда болуы жайында Ежелгі Қытай жазбаларында ғұндардың кезінде қылқобыз бен сыбызғы болғаны жөнінде айтылған. Осы деректерден қобыздың пайда болғаны Қорқыттың өмір сүрген кезінен ерте екенін көруге болады. Сондықтан да, қобызға қатысты аңыздар аспаптың тым көне екендігін көрсетеді.

Қобыз аспабының дауысы табиғи ерекше дыбыстарды айнытпай келтіреді. Жанжануарлардың дауысы, аттың шабысы, қасқырдың ұлуы, балапан шырылы, аққу сұңқылы, түйенің боздауы-ұлттық музыкаға тән қасиет. Өткен ғасырда А.Қ. Жұбановтың жетекшілігімен қыл қобыз аспабы қазақ оркестріне лайықталып – прима қобыз, альт қобыз және бас қобыз аспаптары жасалды. Қобыз прима – үйренуге қиын, асқан шыдамдылық пен үлкен еңбекқорлықты талап ететін аспап. Көбінесе қыз балалардың сүйіп ойнайтын аспабымен студия оқушылары: жеке, ансамбльмен халық әндерін, шығармаларын орындап, домбыраға қосылып күй тартуға үйренуде.

Қазақ ән-күйлерін орындап өскен бала табиғатынан инабатты, мейірімді, тәрбиелі болып келеді. Үйірмеде домбыра сабағы топ болып жүргізілсе, қобыз сабағы аспапты меңгеру қиындығына қарай жекелеп өткізіледі. Аспапта шағын әндерді сөзімен бірге, орындайтын күйдің шығу тарихымен таныса меңгереді. Бұл әдіс баланың шығарманы тез түсініп, санасына жеңіл жетуіне көмектеседі. Сонымен қатар оқытушымен баланың арасында кері байланыс орнайды.

Әлемдік пандемия салдарынан қосымша білім беруде балаларға аспап үйретіп, оқыту оңайға түспей отыр. Соған қарамастан үйірме сабақтары үзілмей жалғасып келеді. ВК әлеуметтік желісінде арнайы ашылған студия жеке топтары бар. Кесте бойынша онлайн өткізілетін сабақта үй жұмысын тексеру, шығарманы үйрену және қайталау арқылы жүргізіледі. Баланың берілген тапсырманы орындауы мен кері байланыстан [4] шығарманың қаншалықты меңгергені анықталады.

Онлайн сабақта бар жауапкершілік бала мен ата-ананың бақылауына артып қою біршама қиындықтар туғызуда. Ең қарапайымы, музыка аспабының құлақ күйінің келтірілмеуі, ұстаздың қадағалауынсыз баланың ритмдік қабылеті ақсап, баланың есту қабылетінің бұзылуына әкеліп соғуы мүмкін. Онлайн сабақта практикалық тапсырмаларды балаға орындата білу үшін ұстазға біраз шығармашылық пен жаңашылдық ізденістерді қажет етеді. Солардың бірі әр баланың, екі үш дауысқа арналған ансамбльдік шығарманы «movavi» [5] бағдарламасы арқылы ойнату. Тәжірибие ретінде шағын шығармалардан бастауды жөн көріп отырмыз.

Студия оқушылары конкурс, мерекелік іс-шаралар мен концерттерде ансамбль бо-

лып шығармалар ойнауда бірін-бірі тыңдап, сыйлай білуге, ұйымшыл болуға үйренеді. Балалар онлайн түрінде өткізіліп тұратын конкурс, концерттерге қатынасып өнер көрсетуден құр қалған емес.

Мақаламды аяқтай келе баланың музыкалық-эстетикалық дамуын жетілдіруде ән-күйдің тәрбиелік мәнін түсінген ұстаз біліммен бірге үлгілі тәрбие береді. Болашақ маман иесі болуына негіз болар білім беріп, жол көрсете тәрбиелейді.

Әдебиеттер тізімі:

1. К.С. Амирова «Аспаптық музыканы мектепте үйретудің теориясы мен практикасы» әдістемесі.
2. Дарынның ілім даңғылы. №5, 2012.
3. <https://www.ng.kz/modules/newspaper/article.php?numberid=614&storyid=24298>
4. <https://vk.com/club193396732>
5. <https://www.movavi.ru/video-editor>

НЕПРЕРЫВНОЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ ПЕДАГОГОВ В ЭФФЕКТИВНОЙ ПРАКТИКЕ

*Есенжол Разия Алтынсарыкызы,
Топаева Макпал Ериковна,
Зеленухина Валерия Андреевна,
учителя начальных классов,
ГУ «Средняя школа №23 им. М.Козыбаева
образования акимата г. Костаная»*

Аннотация

Өзектілігі. Мақала қазіргі қоғамдағы педагогтардың үздіксіз кәсіби дамуына арналған. Онда педагог қызметкерлердің үздіксіз білім алуын дамыту, біліктілікті арттыру және қайта даярлау үдерісінде, сондай-ақ инновациялық қызмет, шығармашылық жобаларды, басқа да курсаралық іс-шараларды іске асыру барысында олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру қажеттілігі қамтылған.

Түйінді сөздер: «өз білімін жетілдіру», «педагог».

Аннотация

Актуальность. Статья посвящена непрерывному профессиональному развитию педагогов в современном обществе. В ней содержится необходимость развития непрерывного образования педагогических работников, повышения их психолого-педагогической компетентности в процессе повышения квалификации и переподготовки, а также в ходе инновационной деятельности, реализации творческих проектов, других межкурсовых мероприятий.

Ключевые слова: «самообразование», «педагог».

Abstract

Relevance. The article is devoted to the continuous professional development of teachers in modern society. It contains the need for the development of continuous education of teachers, improving their psychological and pedagogical competence in the process of professional development and retraining, as well as in the course of innovative activities, the implementation of creative projects, and other inter-course activities.

Keywords: «self-education», «teacher».

Формирование системы непрерывного профессионального развития и повышения квалификации педагогического коллектива – одно из основных направлений нашей работы. Новые целевые установки заставляют акцентировать внимание педагога на процессе самообразования. Педагог должен осознать, чтобы быть востребованным в быстро меняющейся системе образования, надо формировать в себе такие качества, как мобильность, профессионализм, сотрудничество и единство в решении поставленных задач между всеми участниками образовательного процесса.

Сейчас образованию нужен думающий учитель, владеющий новыми образовательными технологиями и эффективно использующий их в обучении и воспитании. Самообразование в течение всей жизни – лучший выход для педагога 21 века, который хочет быть востребованным в век информатизации.

Самообразование – это целенаправленная познавательная деятельность, управляемая самой личностью для приобретения системных знаний в какой-либо области науки, техники, культуры, политической жизни и т.п. [1].

Педагогу самостоятельная работа по самообразованию позволяет пополнять и конкретизировать свои знания, осуществлять глубокий и детальный анализ возникающих в работе с различными категориями обучающихся, в различных ситуациях. Педагог, владеющий навыками самостоятельной работы, имеет возможность подготовиться и перейти к целенаправленной научно-практической, исследовательской деятельности, что свидетельствует о более высоком профессиональном, образовательном уровне, а это, в свою очередь, влияет на качество воспитательно-образовательного процесса и результативность педагогической деятельности.

На наш взгляд, непрерывное профессиональное развитие педагога возможно при следующих условиях:

- педагог воспринимает ребёнка как меру целесообразности своей профессиональной деятельности, как ориентир в построении педагогической системы;
- педагог осознаёт необходимость постоянного обращения к современному, комплексному знанию о человеке как основе понимания ребёнка;
- педагог является автором собственной концепции профессиональной деятельности и реализует себя как целостный её субъект в условиях свободного выбора и творчества;
- педагог формирует своё профессионально-педагогическое мышление.

Именно на такие изменения, обеспечивающие развитие профессиональной культуры учителя, должна быть направлена система работы с педагогическими кадрами.

Наиболее эффективными формами работы для нашей школы стали:

- работа школьного методического совета (далее ШМС);
- работа инициативных творческих групп и предметных школьных методических объединений (далее ШМО);
- проведение теоретических семинаров, педагогических лекториев, мастер-классов;
- накопление базовой информации и разработок по теме школы;
- педагогические советы и совещания при заместителе директора по учебно-воспитательной работе;
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.магистрі, Қостанай қ.

Аннотация

Өзектілігі: Адамның өмірге эстетикалық көзқарасы оның өмірі мен қызметінің барлық саласынан (әсіресе өнерге көзқарасынан) көрінеді. Эстетикалық талғамы биік, сезімтал адам еңбектегі әдемілікті, табиғаттағы сұлулықты, өнердегі әсемдікті танып, оны сүйе, қастерлей білетін болады. Мақсаты: Эстетикалық тәрбие-бұл баланың қоршаған ортаның сұлулығын байқауға, өнерді

жақсы көруге және оған қатысуға қабілеттілігін арттыру.

Түйінді сөздер: Эстетикалық тәрбие, сұлулық, әсемдік, көркемдік, тәрбиелеу, өнер, бала, құндылықтар.

Аннотация

Актуальность: эстетическое отношение человека к жизни проявляется во всех сферах его жизни и деятельности (особенно в отношении к искусству). Человек с высоким эстетическим вкусом будет знать красоту в труде, красоту в природе, красоту в искусстве, любить и уважать его.

Цель: Эстетическое воспитание – это процесс, который повышает способность ребенка замечать красоту окружающей среды, любить искусство и участвовать в нем.

Ключевые слова: эстетическое воспитание, красота, художественное, воспитание, искусство, ребенок, ценности.

Abstract

Relevance: a person's aesthetic attitude to life is reflected in all areas of his life and activity (especially his attitude to art). A sensitive person with a high aesthetic taste will be able to recognize the beauty of work, the beauty of nature, the beauty of art, love and cherish it.

Goal: aesthetic education is a process that increases the child's ability to observe the beauty of the environment, love art and participate in it.

Keywords: aesthetic education, beauty, beauty, art, education, art, child, values.

Эстетикалық тәрбие болмыстағы және өнердегі сұлулық пен әсемдікті дұрыс қабылдасуда және эстетикалық сезім мен талғамды тәрбиелейді. Өнер және өмірдегі сұлулықты жасау, оған қатысу қабілетін, қажетсінуін қалыптастырады. Ең бастысы – адамгершілік сезімді, жеке бастың рухани деңгейін көтеру, мінез – құлқын толықтыру, түзету. Егер оқушы өзін жаман әдеттен алшақ ұстап, іс – әрекетінің әдемілігін, қажеттілігін түсініп, еңбек нәтижесінен көркемдікті сезіне білсе, бұл оның эстетикалық талғамының, адамгершілік қасиеттерінің жоғары жетіле бастағанынан көрсетеді.

Эстетикалық тәрбие дегеніміз – қоршаған дүниенің, өнердің сұлулығын баланың көру және сұлулыққа талпыну қабілетін дамыту мақсатымен оның жеке басына ықпал етуге бағытталған, жүйелі үрдіс. Балаларды өнер құралдарымен тәрбиелеу – көркемдік тәрбие пәнін құрайды. Тәрбиеші баланы сұлулықты қабылдауға, оған эмоциялық ықпал білдіруге, сондай-ақ, эстетикалық ұғым, эстетикалық пікір, эстетикалық баға беру қасиетін қалыптастыруға жасау керек. Эстетикалық сезім дегеніміз – өмірдегі, көркем өнердегі әсемдікті қабылдаудан туатын эстетикалық нәр алу, толқу, рахаттану. Ол адам табиғатына ғана тән жоғарғы сезім [1, б.10].

Эстетикалық тәрбиенің мақсаты – баланың бойына эстетикалық құндылықтарды сіңіруді қажетсіну, оған деген қызығушылығын, эстетикалық талғамын дамыту, эстетикалық іскерлік пен дағдысын қалыптастыру. Баланың сезіміне әсер ету – шексіз жұмыс және тәрбие жұмысының күрделі саласы. Эстетикалық сезім әлеміне қатысы бар құбылыстарды зерттейтін философияның бір саласы болса, эстетикалық тәрбие көбінесе адамның сезіміне тәрбиелеу арқылы санасына әсер етіп, іс-әрекетіне бағыт-бағдар беруді көздейді. Жүріс-тұрыс адамдар арасындағы қарым-қатынас талаптарын түсініп, сезіну оның эстетикалық жағын қамтиды. Этика мен эстетика іс-әрекет, жүріс-тұрыс, мінез-құлық көріністері арқылы бір-бірімен байланысып жатады. Әр нәрсенің мөлшері мен өлшемін білу эстетикалық жақтан сезіну арқылы келеді. Эстетикалық тәрбиенің басты мәселесі – сезім әлеміне әсер ету, оны дамыту, қалыптастыру. Сезім мен дағдылар арқылы сұлулықты түсіне-сезіне білуге тәрбиелеу баланың дара қасиеттерін, барлық мүмкіндіктерін қалыптастырады. Эстетикалық тәрбиеде-айнала қоршаған ортадан әдемілікті көре білуге, еленбейтін заттан сұлулықты көруге баулиды [1, б.16].

Баланың көркемдік-эстетикалық дамуы сәтті болу үшін тәрбиеші, педагог жас ерекшелігіне сай әртүрлі ойындар, сабақтардың түрлерін қызықты, әрі танымды өткізеді. Танымдық ықпалдар эстетикалық қобалжулармен неғұрлым байланыста болса, соғұрлым нәтижесі де, әсер етуі де жақсарады. Педагогтың балалар қажеттіліктерін, мүмкіндіктерін, қызығушылықтарын ескере отырып, әр біреуімен жұмыс жасауы, бала тұл-

ғасының дербестігін көркемдік шығармашылық арқылы айқындауы, баланың өзін-өзі көрсетуіне мүмкіндік береді. Балаларға жағымды жағдай жасайтын болсақ, олар көркемдік-эстетикалық түсініктерді еркін меңгереді. Оқыту мен тәрбиелеу арқылы оларға білім беріп қана қоймай, тұлғалық дамуына жағдай жасай отырып, әрекеттілік қабілетін (интеллектуалды, эмоционалды, еңбектік, ерікті) дамыту керек. Бала адекватты, өнімді және нәтижелі дамиды.

Осыған орай көркемдік-эстетикалық тәрбиенің мектеп алды мекемелерге қоятын міндеттері:

– Баланың қиялын, эстетикалық сезімін, қабылдауын жүйелі және биік мақсатқа бағытталған түрде дамыту; өнердің барлық түрі қажеттілік сияқты сезімдерді тудырады;

– Баланы өнер саласындағы әрекетке, алғашқы көркемдік білімді игеруге және көркемдік деңгейді бағалауға баулу.

– Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Бала бақшалардағы көркемдік-эстетикалық оқу-тәрбие үрдісінің барлық жақтарымен тығыз байланысты. Көркемдік-эстетикалық тәрбие жұмысын нақты, нәтижелі ұйымдастыру үшін, оның мазмұнын әрбір жас ерекшелік талаптарын анықтап алу қажет. Адамдардың эстетикалық сезімдері олардың күнделікті өмірінде зор рөл атқарады. Әсемдікті көріп, түсіне, бағалай білу адамның рухани өмірін байытады, қызғылықты етеді, одан ең жоғары рухани ләззат алуға мүмкіндік береді. Біз әр адамның адамгершілік, тұлғалық келбетін жан-жақты дамытуға ұмтыламыз, сондықтан әр баланың сезім нәзіктігін, көркемдікті, әсем нәрсені сүйетіндей етіп дамытуымыз керек. Адамның әсемдік пен жексұрындықты, адамгершілік пен ұждансыздықты, қуаныш пен қайғыны т.б. түсінуіне байланысты, оның саналы тәртібі мен мінез-құлқы айқындалады. Осыдан келіп адамның әсемділікке шынайы көзқарасы мен мұраттары болуы керек екендігі шығады.

Қазіргі кезде эстетикалық көзқарасты тәрбиелеу – тәрбие барысында тұрақты зейін салуды, күн сайын талапты күшейтетін мәселе. Біздің қоғам адамына тек қана өнердің ғана емес, сондай-ақ еңбек, қоғамдық қатынастар, қоршаған орта, тәртіп, тұрмыс, табиғаттың да әсемдік жақтары да ықпал етеді. Эстетикалық көзқарастар адамның шындыққа деген бағамын анықтайды [2, б.22].

Адам өмірінде эстетикалық көзқарас әрдайым қуатты рухани күш ретінде көрінеді. Балаға балғын бөбектік кезеңінен бастап, әсемділікке ұмтылу тән нәрсе. Ол әрдайым бойларында әсемдік құндылықтары бар қатар – құрбыларына, ересектерге еліктейді. Балалардың өз еңбек іс-әрекеті тиімді және сапалы болуы үшін оның ұйымдастырылуы толысып, тамаша нәрсені оң қабылдау деңгейіне жеткені жөн. Балаға сонымен қатар жасампаздықтың да әсемдігі ашылады. Еңбек әсемдігін қабылдауды үйретіп, қоғамдық іс-әрекет әсемділігіне сезімталдығын тәрбиелеп, мұғалім балалардың еңбек белсенділігін кеңейтуге дем береді. Эстетикалық көзқарасты тәрбиелеудің экономикалық мәселелерге әрі тікелей, әрі жанама қатынасы бар. Бұл біздің қоғамдағы қоғамдық өндіріс адамдардың өскелең рухани және материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталғандығынан туындайды. Сонымен оқушылардың эстетикалық көзқарасын тәрбиелеу – дамыған әсемдік сана мен талғамды, оны қабылдау және бағалау қабілетін қалыптастырудың мақсатқа бағыттала ұйымдастырылған үрдісі. Эстетикалық көзқарасты тәрбиелеу баланы жан-жақты үйлесімді дамытудың жалпы жүйесінде, ең алдымен өзіне тән қызмет атқарады. Ол іс-әрекеттің барлық түрлеріндегі әсемдік нышанын анықтап, оны оқушының әсемдікке көзқарасының даму, білім алу, қалыптасуы құралына айналдырады [3, 56-59 б.б].

Кең ой-өрістілік сөйлеу, іс-әрекетінің мазмұнынан сөз өнерін, ақыл-ой еңбегін, шындықтың объективтік жақтарын, көркем сөз сұлулығын, бөліп қарайды. Еңбек іс-әрекетінде еңбек мақсаттары және процесі, оның нәтижесі, сұлулығы ерекше көрсетіледі. Құқықтық іс-әрекетінде қоғамдық мұраттардағы, дамудағы оның, ынтасы мен тәрті-

біндегі сұлулыққа баса назар аударылады. Бейнелеу іс-әрекеті барысында балаларға көзге көрінетін әлем, музыкада адам жасаған дыбыс үйлесімділігінің сұлулықтары ашылады. Дене тәрбиесі мәдениеті және гигиена негіздері арқылы бала адам денесінің тән және жан сұлулығын таниды т.б.

Оқушыны әсемдікке тәрбиелеудің, жан-жақты және үйлесімді дамытудың жалпы жүйесінде жанама қызмет те бар. Әсемдіктің адам үшін зор тартымды күші бола отырып, сонымен бірге оның іс-әрекетінің белсенді және тиімді дем берушісі де болады. Оқушы өнегелілігінің әсемдігі, оның жан дүниесінің байлығы, шешендігі оны басқа адамдарға тартымды етеді. Оқушылар алдында ашық көрініс берген еңбек әсемдігі, оның еңбегін тартымды етеді және еңбек іс-әрекетінің үрдісін жеңілдетеді. Ерлік пен шын азаматтық әсемдігі адамдарды қоғамдық тәртіп және құқықтық әрекеттерін орындауға жетелейді.

Баланың эстетикалық көзқарасын тәрбиелеу, әсемділік қасиеттері бар әртүрлі өмірдегі қатынастар мен әсерлер ықпалымен жүзеге асырылады. Кіші мектеп жасындағы балалардың эстетикалық көзқарасы үздіксіз дамиды. Оған себеп болатын нәрсе – оқу, қоғамдық және тұрмыстық еңбектің жаңа жүйе деңгейіне көтерілуі.

Эстетикалық көзқарасты тәрбиелеудің негізгі құралы – өнер. Ол шындықты көркем, сезімді қабылданылатын бейнелер арқылы бере отырып және осылар арқылы адам сезімі мен санасына әсер етіп, оның өмірлік көзқарасын қалыптастыруға жәрдем етеді. Педагогикада эстетикалық көзқарасты тәрбиелеу тәрбиенің басқа салаларымен тығыз байланыста қаралады. Балалардың ақыл-ой тәрбиесін, зерттелген құбылыстар әсемдігін ашпай жүзеге асыру мүмкін емес. Еңбекке тәрбиелеу – адамдардағы әсемдікті, еңбек мазмұны мен үрдісін танымай саналы тәртіп пен мінез құлықты тәрбиелеу мүмкін емес. Сондай-ақ, әсемдікке көзқарасты тәрбиелеуді өмірден, белсенді іс-әрекеттен және мұраттарға жету жолындағы күрестен оқшау қарауға болмайды. Бала әсемдікті өмірден, адамдар қылықтарынан, еңбек іс-әрекетінен, еңбек нәтижесінен көруді және ләззат алуды үйреніп қана қоймайды, күнделікті өмірде осы әсемдікті жасау ынтасы мен талпынысын тәрбиелейді.

Сонымен эстетикалық тәрбие – табиғаттағы, өнердегі, еңбектегі, өмірдегі ең жақсыны қабылдау, одан ләззат алу. Эстетикалық тәрбие адамды дүниедегі әдемілік атаулыны бағалай білуге үйретеді. Өнер шығармаларын тануға, қастерлеуге баулиды.

Эстетикалық тәрбиенің өзіне тән міндеттері бар. Олардың бірі – эстетикалық сезімді және эстетикалық қабылдауды тәрбиелеу. Өмірдегі, өнердегі әдемілікті сезу және көру адамдарда әртүрлі болады. Біреулер әдемілікке үңіле қарап, оның сырын білуге тырысады, ал, кейбіреулер оған онша мән бермейді, қалай болса солай қарап, жанынан өте шығады, әдемілікті сезу үшін, оны түсіну үшін ең алдымен бейнелеу өнері, музыка және ән саласы бойынша әрбір адамда түсінік, білім болуы қажет. Білім адамды әдеміліктің объективтік критерилерімен қаруландырады. Білімді адам сұлулықты бағалай біледі, түсінеді. Айналадағы дүниеге сезімталдық, эстетикалық қабылдау қырағылығы, ықыластылық, қамқорлық баланың эстетикалық дамуының негізі болады [2, 98 б.].

Эстетикалық ұғымды, пайымдауды, баға беруді қалыптастыру – эстетикалық тәрбиенің тағы да бір міндеті. Әдемілікті сүю, оған түсіну үшін балаға негізінен көмектесетін білім. Сондықтан бала бейнелеу өнері саласындағы ырғақ, үндестік, музыка мен әндегі дыбыстарды және өнер әдістері туралы білімді игеруі қажет. Осыған байланысты ол эстетикалық терең түсінуге тырысады, пайымдай және бағалай алады.

Көркемдікке және сұлулыққа баға беру үшін эстетикалық танымның маңызы өте зор. Эстетикалық таным – бұл өмірдегі, еңбектегі және табиғаттағы сыртқы әдемілік пен нағыз сұлулықтың аражігін ажырата білу, өнер шығармаларына жоғары талап қою.

Қазіргі жағдайда біздің қоғамдық өміріміздегі қажетті мәселелердің бірі баланың эстетикалық белсенділігін тәрбиелеу. Ол әдемілікті сезіп және оның заңдарын түсініп қана қоймай, осы заңдар бойынша өзін қоршаған айналаға өзгеріс жасауы қажет. Өмір-

ге кіріккен эстетика (еңбек, табиғат эстетикасы, адамдар қатынасы және жай-жағдай эстетикасы) адамды сүйсіндіреді. Адам белсенді түрде өмірдегі әдемілікке, көркемдікке өз үлесін қосып, оны көріксіздіктен, ұсқынсыздықтан қорғауы қажет.

Балаларды эстетикалық белсенділікке тәрбиелей отырып, оларды өздігінен ілтипатты оқырман, қайырымды көрермен, сезімтал тындаушы болуға баулу керек. Балалар әдебиетті оқуға, кинофильмді, теледидарды, спектакльді көруге, музыканы тындауға өте ынталы болады. Әртүрлі әдеби, музыкалық шығармалардағы іс-әрекеттің оқиға желісін дұрыс түсіну үшін балаларды көп ізденуге үйрету, бағыт беру ұстаздардың басты міндеті [5, 56, б.].

Эстетикалық тәрбиенің маңызы міндеті – өнер және әдебиет салаларында балалардың қабілетін, ынтасын және бейімділігін дамыту. Осыған орай, мектепте оқушылардың ықтимал мүмкіндіктерін және қабілетін барынша анықтау керек.

Мектеп оқушыларының эстетикалық түсініктері, олардың еңбекке әсемдік тұрғысынан қатынасы, өзіндік белсенді іс-әрекетімен байланысты екенін көрсетеді. Мәселен өзі шешу мүмкіндігі болғанда ғана оның әрі мінез-құлықты, әрі әсемдік көңіл-күйі жай табады.

Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін, тұлғаның ішкі дүниесімен оның қыр – сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай туғызу қажет. Жаңа заман баласы – бүгінгі біздің қазақ қоғамының ұлттық қазынасы. Бүгінгі таңда баланы дамыту мен тәрбиелеудегі әлемдік озық тәжірибеге негізделіп жасалған баланың жас ерекшеліктерін, қабілетін, шығармашылығын есін дамыту, дарыны мен талантын ашуға және жан-жақты дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізу қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Бочкарева. О.А. Система работы по художественно-эстетическому воспитанию. Подготовительная группа – Корифей. 2007. – 96 с.
2. «Бастауышта оқыту әдістемесі және педагогика» мамандығы бойынша бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі тәжірибелік сабақтарына арналған әдістемелік нұсқау (орыс тілінде) 1993. - 156. (Т.Мусалимовпен авторлық бірлестікте).
3. Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі М.Мұқашев, А.Сейтімов, Н.Хамзин «Фолиант» баспасы, 2008. 113б.
4. Қ.Сарбағысов, Ә.Төлебаев. Жас суретшіге көмек. – А., 2000. 50 б.
5. Б.Әлмұхамбетов, Ж.Балкенов. Сурет салу және бояумен жұмыс істеу әдістері. 56-59 б.б.

АКТУАЛЬНОСТЬ ПРОЕКТНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ПОДГОТОВКЕ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

Мусина Гульдана Кайратовна,
докторант PhD,
Казахский национальный педагогический университет
им. Абая, г. Алматы

Аннотация

Өзектілігі. Мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі өзгерістер педагогтардан ұтқырлықты, икемділікті, креативтілікті талап етеді. Болашақ мектепке дейінгі білім беру мұғалімдерін даярлау өздігінен білім алуға дайындықты қалыптастыруға бағытталуы керек. Жобалар негізінде оқыту студенттерге өз оқуларымен ынтымақтасуға немесе басқаруға мүмкіндік береді, проблемаларды шешу, сыни ойлау мен өзін-өзі басқару құзыреттілігін дамыту сияқты дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді.

Бұл зерттеудің мақсаты: болашақ мұғалімдерді даярлаудағы Жобалық іс-әрекеттің өзектілігі мәселелерін талқылауға ұсыну.

Кілтті сөздер: мектепке дейінгі білім беру, жоғары мектеп, студенттер, жобалық қызмет, өздігінен білім алу, оқыту әдістері.

Аннотация

Актуальность. Изменения в системе дошкольного образования требуют от педагогов мобильности, гибкости, креативности. Подготовка будущих педагогов дошкольного образования должна быть ориентирована на формирование готовности к самообразованию. Обучение на основе проектов предоставляет студентам возможность сотрудничать или управлять своим собственным обучением, способствует формированию таких навыков, как решение проблем, развитию критического мышления и компетенций самоменеджмента.

Цель данного исследования: представить к обсуждению вопросы актуальности проектной деятельности в подготовке будущих педагогов.

Ключевые слова: дошкольное образование, высшая школа, студенты, проектная деятельность, самообразование, методы обучения.

Abstract

Relevance. Changes in the preschool education system require mobility, flexibility, creativity from teachers. The training of future teachers of preschool education should be focused on the formation of readiness for self-education. Project-based learning provides students with the opportunity to collaborate or manage their own learning, and fosters skills such as problem solving, critical thinking and self-management competencies.

The purpose of this study: to present for discussion the issues of the relevance of project activities in the preparation of future teachers.

Keywords: preschool education, higher school, students, project activities, self-education, teaching methods.

Вопросы развития национальной системы образования тесно связано с современными тенденциями в мире, которые детерминированы социальными изменениями, техническим прогрессом. Профессиональное образование в этих условиях испытывает потребность в эффективных методах совершенствования всех компонентов системы. Поиск способов повышения качества профессиональной подготовки в конце 20 века привело к активным изысканиям в области педагогических технологий. Метод проектов, который внедрялся в систему образования еще в начале 20 века, приобрел новое значение. Актуальность проектной деятельности в вузе обусловлена необходимостью обеспечения конкурентоспособности вуза и его выпускников, которые к окончанию обучения должны обладать требуемыми компетенциями в рамках своей будущей профессии. Исследователи специфики проектной деятельности пишут о важности планирования результатов обучения.

О.С. Кудинова, Л.Г. Скульмовская в своей работе пришли к выводу о высокой эффективности проектной деятельности в становлении личности будущих педагогов [1]. Будущие профессионалы с помощью проектов применяют уже имеющиеся компетенции, формируют новые качества и способности. Обучение на основе проектов один из эффективных способов привлечения студентов и обеспечения практического применения того, что они изучают. Проектная деятельность дает студентам возможность создавать подлинные проекты, которые являются личными и значимыми для них. Студенты имеют возможность реализовывать свои собственные интересы.

А.А. Сатбекова, Ж. Аметхан, М.Е. Абдреш в своей статье рассматривали технологическую культуру будущих учителей и проблемы ее формирования [2]. Проблема требует разработки педагогической мысли, признающей необходимость внедрения новых педагогических технологий в сферу отечественного образования и определения путей использования этих новых технологий. В связи с этим идея использования технологии проектного обучения в процессе обучения в высшей школе весьма перспективна. Подобные проектные работы, используемые при обучении будущих педагогов, оттачивая поисково-исследовательское мастерство студентов, повышают их мотивацию к обучению. В свою очередь, использование проектного обучения требует пересмотра подходов к разработке образовательной программы. Оценка любой программы обучения преследует определенные цели. Они связаны с определением изменений в поведении

субъектов педагогического процесса и необходимыми изменениями в организационной структуре самой программы. Следовательно, оценка любой программы обучения должна информировать нас о том, смогла ли программа обучения достичь поставленных целей и задач с точки зрения понесенных затрат и достигнутых выгод. Обучение как процесс развития навыков, привычек, знаний и отношений у будущих педагогов с целью повышения эффективности их подготовки к реализации самообразовательных потребностей. Будущие педагоги дошкольных организаций образования должны быть готовы и к тому, что им придется организовывать проектную деятельность детей. Такая готовность не может быть сформирована без активной практики в процессе профессиональной подготовки.

Организационные основы использования проектной деятельности в обучении состоят в отборе подходов к обучению. Н.Кокленов в своей статье рассматривает различные подходы к выбору той или иной технологии. Исследователь, изучая специфику различных технологий, находит общие аспекты, которые присущи всем технологиям: они влияют на познавательную активность обучаемых [3]. Активизируя деятельность обучающихся в процессе использования технологии проектного обучения, педагог создает условия для развития мотивации к самообразовательной деятельности. Проблема активизации познавательной деятельности студентов является актуальной не только в педагогике, но и является серьезной социальной задачей. Проблема заключается в том, что в процессе профессиональной подготовки студент усваивает лишь те знания, который вызвал у него интерес, и в процессе его усвоения происходило интеллектуальное напряжение. Студент – это будущее общество, представитель нового поколения профессионалов. Поэтому важное значение придается его познавательной активности в образовательном процессе. Обучение и, следовательно, его измерение в образовательной сфере через академический успех, который обычно оценивается по академической успеваемости, представляет особый интерес для образовательных организаций.

Возрастающий спрос на специалистов в области дошкольного образования обучения влияет на формирование конкуренции в эту сферу. Педагоги дошкольных учреждений помогают поддерживать личный, академический и социальный прогресс ребенка на решающем этапе развития личности. Педагоги дошкольного образования сосредотачиваются на базовых задачах образования и развития дошкольников:

- социальное и эмоциональное развитие;
- физическое развитие;
- язык и грамотность;
- математическое мышление;
- научное мышление;
- социализация;
- искусство.

Используя собственный интерес к той или иной сфере, будущие педагоги дошкольных организаций могут выстраивать свою индивидуальную траекторию образования.

Л.А. Лазутова, Е.А. Левина считают, что в организации проектной деятельности важно создавать условия для студентов в целях развития их мыслительных и творческих способностей. Для этого исследователи предлагают использовать систему креативных заданий [4]. Разработка системы заданий является частью подготовки к реализации деятельности преподавателя. Контрольно-оценочная деятельность в высшей школе регламентирована в соответствии с требованиями кредитной системы. Выполнение заданий в рамках проектной деятельности будет более продуктивным, если обучающиеся будут инструктированы перед выполнением, а также знать критерии оценивания. В опытно-экспериментальной работе эта идея подтверждалась отзывами студентов, с которыми критерии и параметры оценивания обсуждались. Разработку заданий существ-

венно облегчает разнообразие современных технологий, которые делают деятельность преподавателя и обучающихся более гибкой, мобильной. В своем исследовании П.О. Сепьяле, Х. Аламаки описывают проект мобильного обучения, в рамках котором мобильные устройства используются для образовательной деятельности [5]. Основное внимание исследователи уделяют подготовке педагогов. В ходе изучения влияния мобильных технологий на эффективность обучения была подтверждена идея об высокой эффективности совместной деятельности, когда преподаватели и обучающиеся обменивались мнением, обсуждали процесс проектирования, планировали результаты. Мобильные технологии позволяют добиться не только гибкости решения проблем, но и высокой результативности взаимодействия в проектной деятельности.

Уитти Г.В., изучая теорию и практику подготовки педагогов, сравнивает государственные стандарты профессионального образования, приходит к выводу о появлении специфических задач подготовки [6]. Такое уточнение целей обучения позволяет совершенствовать образовательную программу, выстраивать индивидуальную траекторию обучения будущего педагога, что является значимым выводом для нашего исследования. Будущие педагоги дошкольных организаций в отличие от других специальностей имеют достаточно широкий круг сфер для применения идей проектной деятельности, а разнообразие проектной деятельности позволяет учитывать специфику возрастных особенностей дошкольников.

Таким образом, внедрение проектной деятельности в процесс подготовки будущих педагогов дошкольного образования отвечает современным вызовам педагогической практики. Метод проектов, который используется в педагогической практике с 20 века, на данном этапе развития системы профессионального образования применяется как способ решения исследовательских и творческих задач. Проектная деятельность удовлетворяет потребности личности обучающегося в самовыражении, в решении задач самообразования. Следовательно, актуальность проектного обучения обусловлена не только задачами системы подготовки будущих педагогов дошкольного образования, но и личными мотивами обучающихся.

Список литературы:

1. Кудинова О. С., Скульмовская Л. Г. Проектная деятельность в вузе как основа инноваций // *Современные проблемы науки и образования*. – 2018. – № 4. – С. 104-112.
2. Сатбекова А. А., Аметхан Ж., Абдреш М. Е. Білім алушының интеллектуалдық-әлеуметтік-кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы жобалай оқыту технологиясының тиімділігі // *Атырау университетінің хабаршысы*. – 2020. – Т. 58. – № 3. – Б. 63-71.
3. Кокленов Н. Новые технологии на уроках русского языка // *Материалы 16 Международной научно-практической конференции КазАТК им. М. Тынышпаева на тему: «Инновационные технологии на транспорте: образование, наука, практика»*. – 2017. – С. 370-374.
4. Лазутова Л. А. Использование проектной деятельности в системе профессиональной подготовки бакалавров по профилю «Иностранный язык» в педагогическом вузе // *Самарский научный вестник*. – 2018. – Т. 7. – № 3 (24). – С. 333-339.
5. Seppälä P., Alamäki H. Mobile learning in teacher training // *Journal of computer assisted learning*. – 2003. – vol. 19. – № 3. – P. 330-335.
6. Whitty G. Recent developments in teacher training and their consequences for the «University Project» in education // *Oxford Review of Education*. – 2014. – vol. 40. – № 4. – P. 466-481.

ПРАКТИКА ПРИМЕНЕНИЯ ПОДХОДА «LESSON STUDY» НА УРОКАХ ЕСТЕСТВОЗНАНИЯ В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ

Мынбаева Жанар Тасбулатовна,
учитель химии, магистр естественных наук,
Троценко Оксана Александровна,
учитель начальных классов;
Боднарь Оксана Викторовна,
учитель начальных классов;
Плюснина Алёна Андреевна,
учитель начальных классов
КГУ «Отраденская основная школа»
Жаркаинского района, Акмолинской области

Аннотация

Өзектілігі. Бұл жұмыста Lesson Study шағын, негізгі, ауылдық мектепте қалай және қандай нәтижелермен пайдаланылғаны туралы ақпарат берілген; Lesson Study жұмысына дайындық кезінде қандай дайындық жұмыстары жүргізілгені және сыныптағы оқушылармен жұмыстың қандай формалары тиімді болғандығы туралы.

Түйінді сөздер: Lesson Study, жеке және топтық жұмыс түрлері, тиімді.

Аннотация

Актуальность. В данной работе приведены сведения о том, как, каким образом и с какими результатами применяли Lesson Study в малокомплектной, основной, сельской школе; о том, какую подготовительную работу вели в подготовке к работе по Lesson Study и какие формы работы с учащимися класса были наиболее эффективны.

Ключевые слова: Lesson Study, индивидуальные и групповые формы работы, эффективные.

Abstract

Relevance. This paper provides information on how, how and with what results Lesson Study was used in a small, basic, rural school; about what preparatory work was done in preparing for the work on the Lesson Study and what forms of work with the students in the class were most effective.

Key words: Lesson Study, individual and group forms of work, effective.

Каждый участник образовательного процесса прекрасно понимает, что согласно теории обучения в рамках школьной программы основным ключевым звеном является учащийся – ученик, на которого с одной стороны оказывают влияние родители и с другой стороны мы – учителя. И на весь процесс освоения, закрепления и изучения знаний влияют в равной степени, как учителя, так и родители, а учащийся остается в центре этого взаимодействия, то есть ученик является, связующим и основным звеном, который показывает, как на него влияют и учителя и родители в общем. Ученик является главным нашим «датчиком», который согласно таксономии Блума всё полученное от нас должен синтезировать, оценить, проанализировать и применить. Поэтому в педагогическом подходе – Lesson Study стоят действия учителя, то, как на них реагируют ученики и какие формы работы, оценивания наиболее эффективны для работы с учащимися. Благодаря данному подходу, возможно совершенствование знаний в области педагогической практики [1, с.2; 2]. Lesson Study проводится со всеми участниками образовательного процесса, с целью необходимости введения преобразований и корректировки в образовательном процессе школы, для анализа и подбора более оптимальных и эффективных условий образовательного процесса в целом, и обусловленные в свою очередь, принципиальным отличием современных процессов преподавания и учения, для которых главным служит приоритетность в формировании готовности учащихся к практическому использованию имеющихся знаний, помимо формального обладания ими, что в большей степени соответствует сущности навыков, востребованных в 21-м веке [3, с. 117]. И чтобы эти преобразования целесообразно в вести, каждый участник учебного процесса должны быть готовы сами к переменам и нововведениям.

В нашей школе, ученики, учителя и родители имеют возможности для преобразования с учетом требования времени, общественности и потребностям самих же участников учебного процесса, чтобы вводить преобразования мы (творческая группа) распределили обязанности и подписали «негласное соглашение» об ответственности за каждого участника Lesson Study. Далее определили 4 класс, урок естествознания к работе по Lesson Study.

Улучшение преподавания, а не просто структурные изменения, оно является основным направлением для любой стратегии совершенствования. Учителя должны отработать каждый урок с применением обратной связи или рефлексии и с учетом индивидуальной формы работы с каждым учащимся и учитывая их индивидуальные и возрастные особенности, проводить рефлексию собственной деятельности, а ученики научатся обмениваться мнениями, проводить самооценку, брать ответственность на себя, раскрывать свои возможности. Поэтому «творческая группа» поставила следующую цель, проблему и вопрос для исследования.

Цель исследования: Распространение личного, педагогического опыта работы при внедрении в практику применения подхода Lesson Study согласно поставленному исследовательскому вопросу.

Проблема: Имея достаточно сильные теоретические знания, не всегда эффективно применяю индивидуальные и/или групповые формы работы с учениками.

Исследовательский вопрос: Каким образом применение индивидуальной и/или групповой форм работы влияют на деятельность учащихся 4 класса на уроках естествознания?

Хорошим подспорьем в нашей работе стали «карты наблюдения уроков», которые помогли в работе [4, с.1-41.].

Lesson Study был применен коллаборативно, все члены «творческой группы» проявляли взаимопонимание, стремились к улучшению образовательного процесса, серьезно относились к обязанностям, верили в эффективный результат и всегда были готовы нести ответственность за каждого члена «творческой группы». Благодаря, работе «творческой группы» запланированы и проведены уроки по преемственности по естествознанию.

Не создав условия для учителей по осознанию своих «западающих» моментов, и не снабдив их знаниями о передовом опыте, не приходится рассчитывать на успех. Началом начал был проблемный семинар «Какие на сегодняшний день индивидуальные формы применяем и какой результат?» который прошел в формате «открытый микрофон» и каждый участник смог рассказать о том, как, каким образом, с каким результатом применяет индивидуальные формы (подходы) в своей практике, в конце «проблемного семинара» проведенное анкетирование показало, что есть над чем работать. Из анкетирования мы взяли в основу результаты обратной связи, где каждый участник открыто рассказал, какие проблемы у каждого, с какими учениками, которые требуют эффективного решения из этого следует для дальнейшего планирования мы стали планировать для исследования 4 класс. Для дальнейшего оценивания эффективности и использования индивидуальных форм (подходов) в практике моих коллег был проведен метод коучинга, где наиболее эффективная была обратная связь. Учителя проявили свой интерес к оцениванию индивидуальных особенностей и потребностей учащихся и решению применения к каждому из учащихся форм работы с ним. Результаты, которого, показали, что цели коучинга были ясными и доступными и соответствуют потребностям учителей, были понятны всеми учителями, самое главное коучинг был актуален. Все учителя осознали свою вовлеченность в проведении занятия, так как принимали непосредственное участие и также демонстрировали навыки самооценивания и рефлексии, составляли и приводили примеры, по конкретным учащимся и предлагали решения как с ним или с нею работать, учитывая индивидуальные и возрастные особенности

конкретного учащегося и всем было интересно. В итоге по рефлексии стало очевидно, что большинство учителей узнали много нового. Так например, двое наших коллег более подробней узнали о потребностях и индивидуальных особенностях учащихся, другая сотрудница хоть и ранее знала этот материал не всегда применяла, так как «шаблон среднего ученика» стоял у нее в основе разработке планирования учебной деятельности, но участвуя в коучинге, она поменяла свое мнение и закрепила ранее полученные свои знания. И один учитель 3-го уровня осознала, что ранее не учитывала это в работе, а также что она «зацикливалась» и ориентировалась на самого сильного по уровню знаний ученика в классе. В результате этих подготовительных работ нам было приятно, услышать мнение учителей и их вывод: индивидуальные формы работы с учащимися применять необходимо, так как во время проведения коучингов были продемонстрированы новые, эффективные подходы в преподавании и обучении, и эти подходы коллеги сами же предложили друг другу из своего же опыта работы и которые являются доступными, эффективными и применимыми.

Каждый урок Lesson Study заблаговременно детально планировался, о том, какие учащиеся и какие у них особенности советовались со школьным психологом и каждый член «творческой группы» распределял и брал на себя определенную роль и был друг другу «критическим другом». Через время урок полностью был готов, конечно, все члены «творческой группы» были обеспокоены конечным результатом эксперимента, с каждым уроком, как с «маленьким ребенком» носились все члены группы, в результате исследование согласно поставленному исследовательскому вопросу сработало, наши ученики с индивидуальными особенностями эффективно работали, значит надо этот опыт распространять на другие классы. И результаты анкетирования учеников и родителей в исследованном классе дают хороший положительный отзыв, значит, этот наш прием работает и должен работать далее. Для каждого из нас было полезно принять активное участие в работе группы, так как каждая из нас смогла, пропустив через себя понять какие задания наиболее эффективные и какие особенности у наших учеников в исследуемом классе, а также какую роль на следующий год предложить учителю, который будет вести занятия в исследуемом классе. Для нас сомневавшихся в реалистичной оценке моих коллег данного мероприятия стало открытием, что учителя-предметники стали думать: как и с кем из учащихся в исследованном классе работать на следующий год. А также то, что группа детально про рефлексировала и нам теперь есть чему поучиться – быть сторонним наблюдателем, экспертом.

В результате серии последовательных уроков было выявлено, что учащимся для организации изучения новых знаний, навыков и опыта наиболее эффективнее применять групповую работу, благодаря которой происходит передача от более сильного ученика к менее сильному, а затем для закрепления эффективнее применять индивидуальные формы работы, чтобы каждый ученик мог самостоятельно применить полученные знания, опыт и навыки. Наиболее эффективные и результативные индивидуальные формы работы в нашем случае были, такие, как «найди лишнюю», «Диаграмма Виена», «кроссворды по новым терминам», заполнение пропущенных слов, чтение с пометками и т.д.

Эволюция доказательств Lesson Study было основано на листах обратной связи и рефлексии как самого основного учителя, так и всех участников исследования. Из заданий учащихся, СОРов, листов интервью, фотографии видно, как, кто и каким образом работал на проведенных мероприятиях. 4 класс взяли потому, что есть ученики с особыми образовательными потребностями, класс на следующий год переходит в среднее звено – преемственность и автоматически учитель начальных классов этого же класса стала менти Менторство параллельно стало дополнением к процессу само- и взаимобучения, так как готовясь к Lesson Study приходится разбираться и в тех вопросах в которых надо много что изучить. Так же менти учитель с большим стажем и у нее был личный запрос на конкретного одного ученика. То есть здесь была еще личная мотива-

ция. Так как 4 класс это начальное звено, поэтому предложение всем учителям начальных классов войти в состав фокус-группы было сразу же всеми ими же и поддержано, они так же сами захотели стать менти, потому, что понимают, что есть пробелы по введению программ по обновленному содержанию образования. Проведя анализ бесед с учениками, мы увидели, что учащимся и их родителям понравились нововведения – индивидуальные формы работы. Они отмечают, что работать на уроке стало интересней, ученики могли анализировать, оценить свою работу и работу одноклассников, работать в режиме взаимовыручки и поддержки друг друга.

Внедрение новых и передовых технологий позволяют учителям работать эффективно и результативно.

- Новые методы работы пробудили у учащихся интерес к уроку;
- Учащиеся активно участвовали на уроке, свободно высказывали своё мнение;
- Используя индивидуальную форму работы с учащимися и обучая учителей направляли ход их мыслей наводящими вопросами. И в результате данной деятельности ученики пытались активно рассуждать, высказывать свое мнение. Даже слабый ученик обрел веру в себя.

- Родители отметили активное участие детей на уроках, ответственность при выполнении домашних заданий.

Благодаря детальной подготовке к Lesson Study и в период его проведения мы смогли отработать с каждым учащимся 4 класса, какие формы работы на уроке наиболее эффективны для учащихся. Lesson Study в данном классе продолжается совместно с учителем-предметником.

Список литературы:

1. Lesson Study UK www.lessonstudy.co.uk. Lesson Study: руководство Пит Дадли. Pete Dudley 2011.

2. Пит Дадли (Ұлыбритания = Великобритания = Great Britain) Lesson Study: теориясы мен қолдану тәсілдері = Lesson Study: теория и практика применения = Lesson Study: a handbook – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның Педагогикалық шеберлік орталығы, 2013, – Астана: Центр педагогического мастерства АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2013, – Astana: Center of Excellence АЕО «Nazarbayev Intellectual Schools», 2013.

3. «Руководство для учителя/ Обоснование необходимости изменений подходов в преподавании и учении»

4. Обыденкина Л.В. Сборник аналитических инструментов. Выпуск 1. Карты наблюдения уроков / Пер. Мынбаева Ж. – Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» Центр педагогического мастерства, 2014. – 42 с.

БАЛАНЫҢ ЕҢБЕК ТӘЖІРИБЕСІНДЕ ҮЗДІКСІЗ КӘСІБИ ДАМУЫ

Набидоллин Бисенбай Куанышкалиевич,
жоғарғы санатты оқытушысы,

Муратбекова Айгуль Аманжановна,

«Дене тәрбиесі және спорт» кафедрасының меңгерушісі,

Сабиева Айсауле Сериккалиевна,

Ж. Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжінің
жоғарғы санатты оқытушысы, Орал қ.,

Аннотация

Өзектілігі: «Ғаламторға тәуелділіктен» құтылудың бір жолы- өз уақытын тиімді пайдаланып, еңбекке араласып, шынайы өмірге көп бейімделу.

Мақсаты: Жастардың арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, дене қимылдары арқылы баланың жаңа қызығушылығын ояту, бос уақытын тиімді пайдалану жолдарын бала санасына сіңіру.

Түйінді сөздер: Болашағы жарқын мықты мемлекет болу үшін сол елді құрайтын адамдардың дені сау, саналы, сергек болуы қажет.

Аннотация

Актуальность: Один из способов избавиться от «интернет-зависимости» – это эффективно использовать свое время, заниматься работой и более активно участвовать в реальной жизни.

Цель: Формирование здорового образа жизни у молодежи, пробуждение новых интересов ребенка через физические нагрузки, привитие в сознании ребенка способов эффективно использовать свободное время.

Ключевые слова: Чтобы быть сильным государством с светлым будущим, люди, которые составляют эту страну, должны быть здоровыми, умными и бдительными.

Abstract

Relevance: One way to get rid of "Internet addiction" is to use your time efficiently, get involved in work and get more involved in real life.

Goal: Formation of a healthy lifestyle among young people, arousal of new interests of the child through physical activity, inculcation in the child's mind of ways to effectively use free time.

Keywords: In order to be a strong state with a bright future, the people who make up that country must be healthy, intelligent and alert.

Тарихты білмей тұрып қазіргінің қадіріне жету, болашақты болжау қиын дейтін ғылымның өз қағидасы бар. Ол – өмірлік өсиет, ұлағатты сөз. Бұл тарих тағылымының тәрбиелік үлгісі, еңбек етудің алғы шарты болса керек. Өміріміздің даму барысын дұрыс түсініп оның ішінде ғылымның, тәрбиенің, бүгінгі мен ертеңін танып, бағдарлап отыруда тәрбие мен еңбек бөлінбестей берік, маңызды да мәнді рөл атқарады. Расында, адамзаттың жинақталған материалдық байлықтары қандай ұшан-теңіз болса, оның рухани байлығының қоры да сондай көп. Бұлардың бірі баршаға бірдей қазына. Әбу Насыр әл-Фараби (870-950) бұл қазынаның барлығын халық жасайды, ол адал да ерінбей еткен еңбектің жемісі деген болатын. Еңбектің бейнеті мен зейнетін басынан өткізген халқымыз баланы еңбекке тәрбиелеуді отбасынан бастаған. Ер бала мен қыз бала тәрбиесін бөлісіп алған. Еңбекті дәріптеп жастарға еңбек адамын үлгі-өнеге ретінде ұсыну «Аяз би» ертегісіндегі Аяз би «Кер құла атты Кендебайдағы» Кендебай, т.б. бейнелері арқылы беріліп отырған. Қазақ халқы жастарды еңбекке баулығанда күнделікті кәсібіне, тұрмыс тіршілігіне байланысты төрт түлік малды бағып-қағуды, аң аулап кәсіп етуді ойластырған [1, б. 146].

Халқымыз еңбек пен өнерді егіз санаған. Жүн иіріп, өрнек тоқу, киіз басып, үй жабу, ою ойып, сырмақ, түс киіз өрнектеу, тері илеп, бас киім тігу қыздар, әйелдер үшін ерекше өнер санаған. Ал тері, ағаш, темірмен байланысты кәсіптерді ер адамдар атқарған. Аяқ киім (етік, мөсі, кебіс, шоқай, шәркей тігетін етікшілік, қайыстан жүген тартып, өмілдірік, құйысқан, қамшы, шідер секілді әбзел істейтін өрімшілік үлкен өнер болып есептелген. Ағаштан – ашамай, арба, шанажасайтын балташыларды темірден – құрал-сайман еңбек құралдарын немесе әшекей зергерлік бұйымдар жасаушы ұсталарды халық жоғары бағалаған. Халық педагогикасынан орын алған еңбек және еңбекке тәрбиелеу қазіргі педагогика теориясы принциптерімен ұштасып жатыр. Еркін еңбек барысында өзінің және бүкіл қоғам мүшелерінің қажеттілігін қанағаттандыру үшін адам материалдық және рухани құндылық жасайды. Шығармашылық еңбек барысында адам өз күшінің шамасын және қабілетін анықтайды. Қоғамның басты талаптарының бірі – әр азаматтың өмірде өз орнында толық күш-жігерін жұмсап, қоғамдағы байлықты еселей түсуге еңбек үлесін қосуы, еңбекке адал, саналы қатынасу болып табылады.

Колледжде еңбекке тәрбиелеу – тәрбиенің жалпы жүйесінің құрамды бөлігі. Еңбекке тәрбиелеу, баулу және кәсіптік бағдар, студенттердің қоғамдық пайдалы өнімді еңбекке тікелей қатысуы оқуға деген саналы көзқарасты тәрбиелеудің, азамат болып өсудің жеке адамды адамгершілік және зиялылық жағынан қалыптастырудың негізгі көзі болып табылады, осымен қатар мұны еңбек тәрбиесінің мақсаты деп түсінуіміз қажет. Еңбек тәрбиесінің негізгі мақсаты – жас жеткіншектерге еңбек туралы тәрбие беру

және жеке адамды жан-жақты дамыту. Еңбек тәрбиесінің мақсаты еңбекке даярлау ғана емес, сонымен қатар жас жеткіншектерді біліммен, іскерлікпен және дағдымен мен қаруландыру қабілеттілігін дамыту, мамандық таңдауға көмек беру болып табылады. Еңбекке тәрбиелеудің міндеттері

- Еңбекке сүйіспеншілік пен еңбек адамдарына құрметпен қарау.
- Студенттерді халық шаруашылығы салаларындағы еңбектің түрлерімен таныстыру, еңбек іс-әрекетінің барысында олардың дағдысы мен іскерлігін қалыптастыру.
- Мамандықты меңгеруге дайындау.

Еңбектің тәрбиелік қызметін оқушы бойына дарыту барысында оның экономикалық (дәрежесіне) нәтижесіне мән беру қажеттілігін ғалымдар дәлелдеп берді. Еңбек нәтижесіз болса, ол адам бойында еңбекке деген жек көрушілік сезімін туғызады. Ең маңыздысы, мақсатты ұйымдастырған еңбек үрдісінде еңбектің бір түрінен екінші түрі туындап, үздіксіз еңбек ету адам ағзасының күнделікті дағдысына айналады. Тұлғаның ақыл-ой, дене, адамгершілік және басқа жақтарынан дамуының нәтижесі оның мамандық таңдау даярлығына жеткілікті дәрежеде әсер ететін болады. Бүгінгі заманда жұмысты жалпы адамзаттың құндылыққа, өзара түсінушілікке, ынтымақтастыққа бағдарлау мен құра білу табысты еңбек етудің кепілі болып табылады [2, б. 71].

Еңбек тәрбиесінің мазмұны және жүйесі. Оқу барысындағы еңбек. Сабақ барысында еңбек дағдылары, іскерлік, төзімділік қалыптасып, кейін жаппай еңбек іс-әрекеті түрінде байқалады. Отбасында өзіне-өзі қызмет көрсетуге: төсек-орынды, пәтерді жинау, кір жуу, тамақ дайындау, т.б. жатады.

Жалпы, денсаулығын шыңдау дене қимылдарын жасаумен, ұдайы шұғылдану – әр адамның өзінің еркіндігіндегі нәрсе. Жеке басының гигиенасы мен дұрыс тамақтану ережелерін қатаң сақтап, салауатты өмір салтын қалыптастыруға әр кімде дағдылана алады. Денсаулық әр адамның өзі үшін қажет. Қимылдамау – тат басу, ал таттану дегеніміз күш қуаттың кемуі. Басқаша айтқанда қимыл – өмір, қимылдамау – өлім. Бұлшық еттерімізді күшті, жас қалпында сақтағымыз келсе, біз оларды үнемі пайдалануымыз керек. Әрекет ету өмірдің және көтеріңкі көңіл-күйді сақтаудың заңы.

Дене тәрбиесінің маңызды міндеттерінің бірі мектеп оқушыларының салауаттылыққа деген ықылас-жігерін қалыптастыру, еңбек ету, Отанды қорғау болып табылады.

Салауатты өмір салты – ол өмір тіршілігі. Жақсы ұйымдастырылған еңбек және демалыс режимінің маңыздылығын ұғыну ағзадағы биологиялық процестердің жүру заңдылықтарына негізделген.


Дене шынықтыру – денсаулық кепілі. Адам денесін шынықтырып, бойына қуат, күш-қайрат жинайды. Әлем әдемілігін, қимыл-құдіретін сезінеді.

Егер адам денешынықтыру мен спортқа да өзінің күнделікті жұмысы деп қараса, онда оның қыры мен сырын, әсемдігін жете сезіне бастайды.

Жасөспірімдерді неғұрлым жас кезінен еңбектенуге баулып, сол арқылы бұлшық ет, буын қозғалғыштарын дамытуға ықпал етіп, қоршаған ортаның құдірет-күшін сезіну, пайымдау, дүниетанымын жетілдіруді қамтамасыз етуге болады.

Еңбекке ерте араласқан оқушы кез-келген денешынықтыру жаттығуларын ешбір қиындықсыз-ақ, біз ұсынып жүрген жүктеме деңгейін әлдеқайда жоғары қарқынмен, екпінмен жасай алады. Өйткені бұлшық ет, буын, т.б. қимыл әрекеттері қарапайым еңбектену барысында дағды қалыптастыруға машықтанған [3, б. 111].

Әрине, еңбек түрі ауылдық жерде көп тараған. Төмендегі сызба арқылы ауылдық жердегі жасөспірімдердің атқаратын жұмыс түрлері және оның нәтижесінде бойына жинақталатын қасиеттерінің кейбіреуін байқауға болады.



Кейбір жұмыс түрлерінің жаттығуларға сәйкестіліктеріне тоқтала кетелік.

Сиыр сауу – екі қолға, саусақ басына;

Су тасу – қол, аяқ бұлшық еттеріне әсері мол;

Үй сыпыру – бел мен жауырынға;

Келі түю – жауырынға;

Жіп иіру – иық, алақан бұлшық еттеріне;

Жүн сабау – қол бұлшық еттерінің бәріне;


Шөп шабу – белге, қолға;

Жер қазу – аяқ, қол бұлшық еттеріне.

Жалпы айтқанда бұл жұмыстар адам денесінің бірқалыпты дамуына әсер ететін қарапайым құбылыстар.

Жоғарыда көрсетілген барлық жұмыс түрлері сайып келгенде дене жаттығулары болып табылады. Ауылдық жердегі, қаладағы балалар жұмыс барысында шынығады, оларға тек денешынықтыру сабақтары үстінде жаттығу жасау тәсілдерін мұғалім дұрыс көрсете білсе болғаны.

Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледж студенттерінің ұл, қыздарымен жүргізілген сауалнама нәтижесі:



1. Әдеби кітаптар оқимын, саз әуенін тындаймын.
2. Компьютермен жұмыстанамын.
3. Бос уақытымда серуендеймін.
4. Дене шынықтыру, спортпен айналысамын.
5. Үй жұмысын жасаймын.

Қыздар	Ұлдар
88 %	88 %
100 %	68 %
60 %	88 %
88 %	100 %
96 %	72 %

Мамандардың есептеуі бойынша әрбір адам өзінің қозғалыс қасиетін қанағаттандыру үшін төмендегідей қадам жасау керек деп есептейді:

3-4 жастағылар 9000-10000

5-6 жастағылар 11000-13000

7-8 жастағылар 14000-15000

9-10 жастағылар 15000-20000

10-14 жастағылар 20000-25000 қадам жасап жүру. Еңбек пен спорт – егіз ұғым.

Еңбек еткен кезде спорттағы секілді: дене қимыл-қозғалысқа толы болады. Ал қозғалыс дегеніміз – денсаулықтың нағыз кепілі. Бұған қоса деніңіз сау болсын десеңіз көңілді жүруге, таза ауада серуендеуге тырысыңыз. Бұлардың бәрі өміріңіздің ұзаруына себепші болады.

«Спорт пен еңбек – егіз» деген мақалды есте ұстап, Қазақстанның болашағы жас ұрпақ жан-жақты білімді, салауатты, өмірге құштар болып өссе, келешегіміздің жарқын болары анық.

Колледж жұмысының негізгі міндеті – өзіне-өзі қызмет етудің берік жүйесін жасап, тұрмыстық еңбекті әр адамның күнделікті өмір игілігіне айналдыру. Жалқау, еріншек балаларға дұрыс бағыт беру мұғалімдердің, ата-аналардың адамгершілік борышы. Қоғамдағы пайдалы еңбек – қоғамдағы қажеттілікті қанағаттандыру, жеке адамның жан-жақты дамуына мүмкіндік жасау құралы. Қоғамдық пайдалы еңбек барысында студенттердің дүниетанымы қалыптасады. Мамандықты меңгеруде көзқарасы кеңейіп, денсаулығы жақсарады, саяси сенімі және мәдени-адамгершілік ұғымы артады. Қоғамдық пайдалы жұмыстың колледж өмірінде бірнеше түрлерін атауға болады:

- экологиялық жағдайға байланысты тазалықты сақтау, табиғатты күту және қорғау;

- мәдени-ағарту жұмысы оқушыларды белсенділікке, қоғамшылдыққа тәрбиелеп, олардың әлеуметтік ортамен қарым-қатынасын кеңейтеді [4, б. 12].

3. Федеральный государственный образовательный стандарт начального общего образования [Официальный ресурс Министерства образования и науки Российской Федерации]. URL: <http://минобрнауки> (дата обращения 15.10.2015).
4. Хуторской А. В. Метапредметное содержание общего образования и его отражение в новых образовательных стандартах [Электронный ресурс] // А. В. Хуторской. Персональный сайт – Хроника бытия. URL: <http://khutorskoy.ru/be/2012/1127/index.htm> (дата обращения 16.12.2015).
5. Просвиркин В. Н. Технология преемственности в системе непрерывного образования: Автореф. дис. ... д-ра пед. наук. М., 2009. 40 с.
6. Преемственность в образовании. URL: <http://preemstvennost.ru> (дата обращения 12.08.2015).

ПРОЕКТНАЯ И ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ УЧАЩИХСЯ В СОВРЕМЕННОМ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОСТРАНСТВЕ

Омарова Айдана Уралкановна,
учитель истории, казахского языка и литературы,
магистр психолого-педагогических наук,
КГУ «Общеобразовательная школа №19
отдела образования акимата, г.Костаная»

Хусаинова Анар Кадыржановна,
учитель истории,

Искакова Айжан Адыльбековна,
учитель казахского языка и литературы,

Богдан Елена Анатольевна,

учитель русского языка и литературы,

КГУ «Каменскуральская общеобразовательная школа
отдела образования Мендыкаринского района», с.Каменскуральское

Аннотация

Сабактағы жобалық сабақ – Қазақстандағы білім берудегі жаңа бағыт. Қазіргі педагогикада жобалау әдісі оқушылардың өмірде қолдануға болатын функционалдық білім мен дағдыларды алу қажеттілігіне байланысты өзекті болып табылады. Жобалау-зерттеу қызметінің өзектілігі: барлық білім беру салаларына еніп, баланың жадын байытады, ойлау процестерін белсендіре отырып, балаларға нақты идеялар береді, зерттелетін объектінің әртүрлі жақтары, оның басқалармен қарым-қатынасы туралы. Аталған тақырыпты зерттеудің мақсаты: жаңа жұмыс тәжірибесін алу және оқушылардың білім сапасын арттыру болып табылады.

Түйінді сөздер: оқыту әдістері, білім, тарих сабағы, функционалдық сауаттылық.

Аннотация

Проектное занятие на уроке – новый тренд образования в Казахстане. В современной педагогике метод проектов актуален в силу необходимости приобретения учащимися функциональных знаний и умений – таких, которые можно было бы использовать в жизни. Актуальность проектно-исследовательской деятельности заключается в том, что, пронизывая все образовательные области, обогащая память ребенка, активизируя мыслительные процессы, дает детям реальные представления о различных сторонах изучаемого объекта, о его взаимоотношениях с другими объектами и со средой обитания. Целью исследования данной темы является получения нового опыта работы и повышение качества знаний учеников.

Ключевые слова: методика преподавания, образования, уроки истории, функциональная грамотность.

Abstract

Project lesson in the lesson – a new trend in education in Kazakhstan. In modern pedagogy, the project method is relevant because of the need for students to acquire functional knowledge and skills – those that could be used in life. The relevance of design and research activities lies in the fact that, penetrating all educational areas, enriching the child's memory, activating thought processes, gives children real ideas about the various aspects of the object being studied, about its relationship with other objects and with the environment. The aim of the study of this topic is to obtain new work experience and improve the quality of students' knowledge.

Key words: teaching methods, education, history lessons, functional literacy.

В настоящее время для современного человека стало актуальным укрепление культурно-исторических связей с Малой родиной. Начинать знакомство с родным краем надо с детства, с самого доступного для детей – личности самого ребенка, жизни его семьи, класса. И постепенно развивать познавательный интерес к изучению народных обычаев и традиций, истории, культуры, природы своего края. Знакомясь с биографией своей семьи, дети начинают понимать связь времен, преемственность поколений и свою причастность к важным историческим событиям. Также очень важно с малых лет прививать детям любовь к родному краю, навыки бережного отношения к экологии и природе родного края, к культурно- историческому наследию своих предков.

Некоторые навыки краеведческой работы дети получают уже в дошкольном возрасте. Закрепить и продолжить эту работу в школе просто необходимо, так как иначе потеряется и стремление, и интерес к этой деятельности уже в среднем звене. Поэтому, одним из важнейших направлений в работе современной школы является краеведение, основной целью работы которого является углубление и расширение знаний учащихся о природе, истории и культуре родного края, формирование духовно-нравственных качеств и патриотических чувств учащихся, формирование казахстанского патриотизма и стремления воплотить в жизнь общенациональную идею «Мәңгілік Ел», развитие толерантности и умения общаться в условиях межэтнической и межкультурной коммуникации.

При правильном педагогическом ориентировании краеведческой работы интегрируются на личность все основные стороны воспитания: патриотическое, трудовое, эстетическое, физическое и интеллектуальное. Краеведческая деятельность учащихся воздействует на формирование их личности, общечеловеческих ценностей, представлений о целостности мира, природы, общества и человека в нем, развивает основы правильных мировоззренческих взглядов, способствует становлению их активными участниками творческого обновления, преобразования и развития своей малой Родины. Богатые возможности приобщения учащихся к краеведению открываются практически на всех уроках и во внеурочной деятельности, когда дети применяют на практике полученные знания [2, 178].

Сегодня для всех очевидно, что использовать только методы традиционного обучения в школе недостаточно, нужны современные образовательные технологии – информационно коммуникационные, дистанционные, проектные, исследовательские. В своей работе я стремлюсь реализовать различные формы и методы краеведческой работы, в том числе активно использую метод проектно – исследовательской технологии.

Задачи:

1. Анализ психолого-педагогической литературы по данной теме исследования, обобщение опыта.

2. Теоретически обосновать возможности и результативность метода проектно-исследовательской технологии как средства развития умений краеведческой направленности.

3. Экспериментально подтвердить эффективность метода проектной деятельности в развитии исследовательских умений учащихся краеведческой направленности.

Методы её решения:

Методы проектно-исследовательской технологии – это совместная деятельность учителя и учащихся, направленная на поиск решения той или иной проблемы или проблемной ситуации. Сегодня перед современным школьным образованием Казахстана стоят масштабные задачи модернизации и инновационного развития, значительно расширяется сфера действия и назначение педагога. Учитель должен дать детям больше, чем просто знания, сформировать намного больше, чем просто умения и навыки, научить их «самообучаться». Современные задачи модернизации образования связаны с потребностями общества в конкурентоспособных, компетентных специалистах, обладающих стремлением к профессиональному росту.

Государству нужны образованные и мыслящие люди. Будущее поколение должно уметь самостоятельно добывать знания, при этом приобретая навыки, необходимые для жизни в современном обществе, для содействия дальнейшему развитию этого же общества.

Быстро меняющиеся условия жизни и труда предъявляют совершенно новые требования к уровню образованности, к личности выпускника. Современному казахстанскому обществу нужен человек, который сумеет самостоятельно мыслить, ставить перед собой социально значимые задачи, проектировать пути их решения, правильно анализировать, прогнозировать результаты и достигать их. Главным в моей работе стало

теперь не только знание преподаваемых предметов, стремление к достижению учащимися высоких учебных результатов, но и целенаправленная педагогическая деятельность по формированию ключевых компетенций школьников. Планирую работу так, чтобы способствовать не только накоплению учебных знаний, умений и навыков, а развитию личности высокоорганизованной, всесторонне развитой, умеющей применить полученные на уроках умения и знания в практической деятельности. Обучение на основе проектов – это модель обучения, отличающаяся от традиционных уроков своей ориентацией на ученика, на его «саморегулирование», способствуют развитию критического мышления и самостоятельности в процессе обучения, закрепления навыков и практических умений обучения и самообучения, самостоятельного добывания знаний и информации [1, 13].

Выводы:

Проектно-исследовательская технология – вид обучения, базирующегося на последовательном выполнении комплексных учебных проектов для усвоения базовых теоретических знаний. Проекты дают возможность учащимся строить свою учебную деятельность в соответствии с их интересами и увлечениями. В основе метода проектов лежит развитие когнитивных навыков учащихся, возможность стать практиками, которые умеют грамотно анализировать свою деятельность, ориентироваться в информационном пространстве, формулировать и решать проблемы. Метод дает простор для творческой инициативы учащихся и педагога, подразумевая их сотрудничество. Это создает положительную мотивацию ребенка к учебе. Проект ценен тем, что в ходе его выполнения школьники учатся самостоятельно приобретать знания, получая опыт познавательной и учебной деятельности. Учебные проекты позволяют проследить связи между школьными дисциплинами в контексте проблем реального мира, развивать у школьников мыслительные процессы высокого уровня, помогают вовлечь школьников в активный процесс обучения [3, 175].

Результативность: Наши ученики успешно выступают на научно-практических конференциях с сообщениями об исследованиях, выполненных самостоятельно или под руководством учителя. Разработанные проекты применяются на практике в учебной и внеурочной деятельности.

Таким образом, проектно-исследовательская работа в рамках внеурочной деятельности по краеведению способна активизировать когнитивную активность учащихся, пробуждать интерес к неизведанному, развивать исследовательские умения и навыки, воспитывать патриота своей Родины. Результатом нашей работы в исследовательской деятельности с учениками стали:

1. **1 место** в районном конкурсе НОУ Полонник Геннадий, секция-краеведение, 2011 г.
2. **3 место** в районном конкурсе «НОУ-2011», Щеклеина Надежда, 2011 г.
3. **1 место** во II Региональной НПК школьников «Интеллектуальный потенциал подрастающего поколения-залог успешного индустриально-инновационного развития Казахстана», Шабойлов Евгений, секция-краеведение, 2013 год.
4. **2 место** в районной научно-практической конференции, секция «Краеведение». Проект – «Моя прабабушка – труженица тыла». Тулебаева М. 4кл., 2016 г.
5. **3 место** в районной научно-практической конференции, секция «Краеведение». Проект – «Мой прадедушка – участник Великой Отечественной войне». Тулебаева М. 5кл., 2017 г.
6. **2 место** в р-н НОУ «Чипсы мен кириешкидің адам ағзасына әсері» Хамитов Чингис, 2018 г.
7. **1 место** в НОУ Т.Е Даулетбаева ФМЛ «Мектептегі матриархат» – Тулебаева Мейрамгуль-09.02.2019 г.

8. **2 место** в городском НОУ «Болашақ елдің тірегі – рухы асқақ зияткер қалыптастыру» – Дуйсенбекова Диана в секции «этнокультуроведение», 2019 г.

9. Результатами самовыражения учащихся являются их участие в исследовательских конференциях, признание их авторитета одноклассниками и школой, повышение самооценки.

10. С какими трудностями мы столкнулись при организации данной формы работы с учащимися?

- недостаточность собственных теоретических знаний и подготовки для организации проектно-исследовательской деятельности учащихся;

- недостаточная сформированность волевых качеств, исследовательских умений у учащихся (приемов анализа, синтеза, оценки результатов своей деятельности), умения организовать свою работу.

Но, несмотря на перечисленные трудности, все-таки хочется отметить, что организация проектно-исследовательской деятельности приносит и положительные результаты. Прежде всего, это возможность выявить способных, мотивированных к данному виду деятельности учащихся, развитие у них умения видеть проблему, искать пути ее решения, планировать свою работу, находить различные источники информации и работать с ними, представлять результаты своего исследования, чувство собственного морального удовлетворения от проделанной работы.

Список литературы:

1. Бекишев К. «Инновации в системе образования Республики Казахстан». – Алматы, 2019, с. – 13

2. Бредихина Е.Н. «Краеведческая работа как средство формирования проектно-исследовательских умений учащихся», Москва, 1986, с.178

3. Байбородова Л.В. Проектная деятельность школьников в разновозрастных группах: пособие для учителей общеобразовательных организаций / Л. В. Байбородова, Л. Н. Серебряников. – М.: Просвещение, 2013. – 175 с. – (Работаем по новым стандартам).

ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ

Оразбаева Айтбиби Султановна,
фил.ғыл.канд., тілдер және әдебиет теориясы кафедрасының доценті,
Кабденова Салтанат Калижановна,
магистрант, 2 курс,
А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ.

Аннотация

Өзектілігі. Мақалада Шәкәрім шығармалары ұлттық танымдық тұрғыда қарастырылады. Сол замандағы қоғамның тыныс-тіршілігі мен халқы көтерілген рухани биікті өткен тарихпен салыстырып барып, ел-жұртының қаншалықты ілгерілегенін, жетістігі мен кемістігін салмақтайды. Тағылымы терең шумақтардың үлгі-өнегелік, тәлім-тәрбиелік мәніне назар аударылып, талданады. Ескілік өмірді, жолсыз салтты сынаушы ғана емес, халықтың өмірі мен тарихындағы ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық дүниетанымды, жақсылықты дәріптеуші ақынның шығармаларынан мысалдар келтіріледі. Өз тұжырымдарын дәлелдеп, ғылымда сан түрлі теориялар қатарын толықтыра түскен Шәкәрім Құдайбердіұлының моральдік, ар ілімдері туралы кеңестері ұсынылады.

Кілт сөздер: ар-ұждан, ескілік өмір, ұлттық дүниетаным, қамқорлық, ғашықтық, ұлттық дүниетаным.

Аннотация

Актуальность. В статье рассматривается творчество Шакарима в контексте национального познания. Быт и жизнь людей того времени сравнивая с прошлыми духовными ценностями, взвешивая насколько его народ продвигался, достигал или проигрывал. Шакарим в своих строках обращал внимание на образцовую, воспитательную и педагогическую ценность. В творчестве поэта приведены примеры критикующего не только патриархальный уклад жизни,

но и национальную идеологию, которая формировалась на протяжении всей жизни и истории народа. Даются советы Шакарима Кудайбердиева, доказавшего свою точку зрения и полностью усвоившего основы науки, учения о нравственности.

Ключевые слова: совесть, старая жизнь, национальное мировоззрение, забота, любовь.

Abstract

Relevance. The article deals with the works of Shakarim in context of national cognition. The lifestyle of people of that time is compared with past spiritual values considering how much his nation advanced, achieved or lost. In his works Shakarim directed his attention to the exemplary, educational and pedagogical value. In his works there are examples criticizing not only the patriarchal lifestyle, but also the national ideology which has been formed throughout the life and history of his nation. There is also advice given by Shakarim Kudaiberdiev, who has proved his point of view and has fully mastered the foundations of science and the doctrine of morality.

Key words: conscience, old life, national outlook, care, love.

Қандай біртуар тұлға болса да, ол ең алдымен, өз заманының, өз ортасының түлегі. Суреткер өз дәуірінің шындығын шығармаларына арқау етеді, замандастарының мұнын мұндап, жоғын жоқтайды. Халқының мәдени, рухани дәрежесін өзі өмір сүрген уақыттың өлшемімен биікке жетелейді. Сол замандағы қоғамның тыныс-тіршілігі мен халқы көтерілген рухани биікті өткен тарихпен салыстырып барып, ел-жұртының қаншалықты ілгерілегенін, жетістігі мен кемістігін салмақтайды. Өткен тарихты санасында сүзіп, өмір сүрген дәуірінің қыр-сырына қанығып, болашаққа болжам жасайды. Көне тарихтың, алдыңғы ата-баба дәстүрінің прогресшіл жақтарын өз уақытына қайта жаңғыртып жеткізеді, өз дәуренімен байланыстырып барып, болашаққа жол тартады. Ендеше, әдебиет пен мәдениет қайраткерлерінің көпшілігі – заман мен заманды жалғаушы, ел тарихын көркем туындылары арқылы қайта жаңғыртушы басты тұлғалар. Олардың туындыларының үлкен бір қыры – шығармаларындағы тарихи, қоғамдық, өмірлік танымы, оның үстіне, ақын не жазушы өз шығармалары арқылы заманды жалаң көрсетіп, оқиғаны тізіп шығушы емес, көркем суреттеп, оқушысына жан-жақты әсер беруші. Осы жан-жақты әсердің ішінде көркемдік шеберлікпен бірге тағылым-тәрбие, таным, саналық жолдар көркем туындының бөлінбес бір саласы есебінде қоса жүрмек.

Шәкәрімнің шығармашылық жолы сан салалы. Әрине ол ең алдымен, ақын, содан кейін барып, шежіреші-тарихшы, елдің ішкі тіршілігінің қам-қарекетін жазған көсемсөзші. Ең бастысы, Шәкәрім – өзінің өмір сүрген ортасында болған қоғамдық-тарихи құбылыстар арқылы өмір сырына үңілген дүниетанушы. Сонымен бірге, Шәкәрім – ғұлама ойшыл, үлкен тәрбиеші. Ол шығармасын тек тарихи тұрғыда жазбайды, ескінің жаңаға ұласуын, арғы заман мен бергі заманның саналық, сапалық ерекшеліктерін образ бейнелері, ой-түйіндері арқылы үнемі даралап суреттеп отырады. Кейіпкерлер іс-әрекеті де, ойлау жүйелері де, көбіне саналы тіршіліктің ыңғайына қарай бағыттталып отырады және ондай бағыттталу автордың әдейі иіп әкелген зорлығы емес, заман мен уақыт шындығының белгісі. Ондай тағылымы терең «жұмбақ» шумақтардың үлгі-өнегелік, тәлім-тәрбиелік мәні үлкен. Ендеше ескілік өмірді, жолсыз салтты сынаушы ғана емес, халықтың өмірі мен тарихындағы ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық дүниетанымды, жақсылықты дәріптеуші [1].

Осыдан келіп, Шәкәрімнің танымдық көзқарасының қалыптасу тамыры шығады. Белгілі бір халықты жете танып, оның өмірлік философиясын білу үшін алдымен сол халықтың тарихы мен ауыз әдебиетін білу керек. Сондықтан Шәкәрімге де халқының көне тарихын жан-жақты білу, оған қазақтың ауыз әдебиеті, ертедегі арман-тілегі, аңыз әңгімелері әсер етті. Қазақ халқының қиссалары, мақал-мәтелдері, шешендік шиырлары ауыздан-ауызға жетіп, жұрттың рухани жетілуіне өз ықпал-әсерін тигізгені анық. Адамгершілік, бауырмалдық, бір-біріне қамқорлық, ғашықтық, сүйіспеншілік, барлығы да ұлттық дәстүрімізге тән құндылықтар.

Шәкәрім өзінің атасы Құнанбай қажының тәрбиесін көрген. «Мені адалдық жағынан тәрбиелеп, ақыл берген үлкен әкем – Құнанбай, – деген Шәкәрімнің өзі, – әсіресе,

адалдық жағын үйрететін». «Елге адал еңбек етсең, адал болсаң, абыройлы боласың. Елге жақсаң, Құдайға да жағасың», «Көпті сыйласаң, өзің сыйлы боласың», – деген сияқты нақыл сөздерді жиі айтқан.

Адалдық борышың –
Халқыңа еңбек қыл.
Ақ жолдан айныма,
Ар сақта, оны біл.
Талаптан да өнер мен білім үйрен.
Өнерсіз білімсіз,
Болады ақыл тұл [2].

Ата тәрбиесінен кейін Шәкәрімді қызықтырғаны – ауыз әдебиеті. Ондағы айтылған халықтың мұң-мұқтажы, халықтың тіршілікке деген көзқарасы Шәкәрім дүниетанымын, философиялық ойын жетілдірді, оның өмірге деген көзқарасы халықпен ортақ, бірге болды. Шәкәрімнің қай шығармасында болмасын адамдық қалыпты берік ұстанған, мейірімді пейілден айнымаған көпшілік қауым бар, ол халық екенін, халық санасының қай кезде де қалпы құрымайтындығын, келешек күндердің қиыншылығы ел-жұрты тұрмыстық жағынан да, рухани жағынан және мәдени жағынан да қысуы мүмкін екенін түйіндей барлап, елдің елдігін сақтайтын сара жол халық пейілі екенін болашаққа әдейі ескертетін сықылды.

Шәкәрім шығармаларындағы халық, ұлт образы астарында ең бірінші адам образы тұр. Шәкәрім – адамтанушы. «Үш анықта» адамды «Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді» дейді [3]. Сонда адамның бұл өмірдегі орны, қызметі тәнге емес, мәңгі өмір сүретін жанға арналу керек. Ал жаны таза адамның, тәні де таза болады. Ойшыл бергіні емес, арғыны қозғап, сол арқылы адамның шын мәнінде кім екендігін танытқысы келеді.

Мысалы: Адам бір боқ көтерген боқтың қабы,
Боқтан сасық боласың өлсең-дағы, – дейді.

Бұл – Шәкәрімнің Абаймен үндестігі, ұстазы Абайдан алғаны. Мұнда айтары тәннің уақытша екенін, бұл өмірдің рахаты үшін адам бар жағдайды жасайтыны, тіпті тән рахаты үшін сауап бермес қылықтарды, озбырлықтарды жасайтыны, ал сол тән өлгенде тіптен жиіркенішті болатынын айта келе жан тазалығын ұсынады. «Егер бір адам жанның өлген соңғы өмірі мен ұжданы соның азығы екеніне әбден нанса, оның жүрегін ешнәрсе қарайта алмайды».

«Адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл бар жерде адам нәпсісіне ие болады, әділетсіздікке, арамдыққа, өтірікке, алдауға тосқауыл қояды. Осы үш құндылық арқылы адам түзу жолға түседі. Адам жөнделсе, қоғам мен өмір жөнделеді, жаратушыны шын сүю басталады» деп тұжырымдайды. Мына бір өлеңінде ақын:

Ескіден қалған сөз теріп,
Өз ойымнан оң беріп,
Үйретуді жөн көріп,
Түзетпек едім адамды-
деп өзінің ізгілікті мақсатын ашып айтады.
Айла күш – айуандықтың ең жаманы,
Боқты боқпен жуғанмен ел түзелмес.
Ар түзейтін бір ғылым табылмаса,
Зұлымдықты жалғанда әділ жеңбес [4].

Мұнда ақын адамның бойында әділет, мейірім, ынсап, ақ жүрек, таза ақыл болмайынша, зұлымдық, әділетсіздіктер, соғыстар, зиянды қару-жарақтар, мейірімсіздіктер, озбырлықтың жойылмайтынын дәлелдеп көрсетеді.

Шәкәрімнің «Үш анық» атты еңбегі ұждан мәселесін талдауға арналған. Адам үшін екі дүниенің бақыты жақсылық пен ізгілікті ұстану екендігі туралы: «Екі өмірге де

керекті іс – ұждан, ұждан дегеніміз ынсап, әділет, мейірім» – деп исламның мейірімділік пен әділеттілікті, сабырлылық пен қанағатшылдықты атап көрсетеді. Бұл ислам ілімі мен әдептілік қалпын терең білген ғалымның сөзі. Осы еңбегінде ойшыл: «Адам атаулыны бір бауырдай қылып, екі өмірде де жақсылықпен өмір сүргізетін жалғыз жол – мұсылман жолы» деген сөзінен ислам дінінің жалпы адамзатқа тән құндылықтарды ұстанатын дін екендігін және адамдарды бауырластыққа шақыратын айқын жол екендігін көрсетеді [3].

Ұждан – ислам ілімінің негізгі ұғымдарының бірі. Шәкәрім ислам ғұламасы ретінде имандылықты, көркем мінезділікті, діндарлықты өз еңбектерінде насихаттаған. Бұл сөзімізге дәлел – оның «Мұсылмандық шарты» еңбегі. Бұл еңбегінде: «Иман деген Аллаһ Тағаланың барлығына, бірлігіне, онан басқа Аллаһ жоқтығына, Құран сөзінің бәрінің шындығына анық ықыласпенен нанбақ» деп Аллаһқа иман келтіру яғни таухид ұғымынан бастайды [5]. Ойшылдың бұл еңбекті жазудағы мақсаты халқына иман негіздерін, шарттарын жеткізуді ойлаған ұмтылысы деп білеміз. Ел-жұртының исламды дұрыс түсініп және дұрыс бағыт алуын мұрат тұтқан Шәкәрім бұл еңбекті ана тілімізде жаза отырып, ұлт дүниетанымына сай дін құндылықтарын түсіндіре білген.

Қазақ философиясының негізін қалаушылардың бірі, көрнекті ойшылымыз Шәкәрім Құдайбердіұлының дүниетанымы көбіне мораль философиясына жақын. Кант философияда тұңғыш рет мораль ерекшелігі жөніндегі мәселені қарастырған болса, Шәкәрім Құдайбердіұлының дүниетанымы да көбіне мораль философиясы мен ар ілімін қамтиды. Философты мораль нәтижесі ғана қызықтырмайды, сол нәтижеге, яғни объект жөніндегі ақиқат – білімге апаратын жол да қызықтырады. Осы ақиқатқа жету жолында барлық ғалымдар, ойшылдар аянбай ізденіс жолында болып еңбек етті. Өз тұжырымдарын дәлелдеп, ғылымда сан түрлі теориялар қатарын толықтыра түсті. Шәкәрім Құдайбердіұлы да мораль, ар ілімдерін айта отырып, өскелең ұрпаққа келелі кеңестер береді [6].

Шәкәрім Құдайбердіұлының дүниетанымында тәңір, нұр, күн, табиғат – қасиетті, киелі ұғымдар.

Еңбекке шыда, ебін тап та,
«Сабырдың түбі – сары алтын».
Өзімшіл болма, көпті ардақта,
Адамның бәрі – өз халқың [2].

Осы бір шумақ өлең жолында ойшылдың қаншама халқына айтар мағыналы да мәнді ойын байқаймыз. Шәкәрім философиясы тұнып тұрған ғылымға, ақылға, парасаттылыққа толы. Оның әрбір шығармасынан рухани қазына, тағылымы мол тәлім-тәрбие алуға болады.

Шәкәрім Құдайбердіұлы мемлекеттік билік, ел басқару кез келген адамға кері әсерін тигізеді деп таныған. Қайтсе де билік адамға ерекше әсер ететін оның болмысын өзгертетін құбылыс ретінде есептеген. Содан кейін Шәкәрім Құдайбердіұлы өзінің болыстығын інісі Оспанға тапсырады. Қырықтан кейінгі Шәкәрім – артқы ұрпағына өлмес құндылықтар қалдырып ізгілікке бастаған бейне.

Тамам жанды билемек,
Жалғыз өзі сөйлемек.
Мұның түбі не болар,
Үмітің болды не демек?
Досты мықты қылмасың,
Дұшпаныңды қырмақсың.
Аяғында сен де бір
Кішірек құдай болмақсың [4].

Шәкәрім Құдайбердіұлы жеке адамның шексіз билікке ие болуын «кішірек құдай болмақсың» деп қатты сынға алады. Биліктегі адамның халқына адал қызмет етіп,

адамшылдық заңдылықтарын бұзбай, әділ ел билеуге шақырады. Себебі халықтың жағдайы оны басқарып билеп отырған басшысына байланысты. Қазақта «Балық басынан шіриді» деген мақал тегіннен-тегін айтылмаса керек.

Шәкәрім Құдайбердіұлының дүниетанымы осының дәлелі емес пе? Қазақтың ұлы ғұламасы Шәкәрімнің дүниетанымының тууына себепкер болған немере ағасы Абай атамыздың айтқан сөздері есімізге оралады:

Өлді деуге болама ойландаршы.

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған, –

деп мұның шешімін тапқан ойшыл Абайдың сөзі дәлел болмақ.

Сонымен, Шәкәрім Құдайбердіұлының рухани ізденістері нәтижесінде туындаған шығармалары – жалпы адамзаттық мәселелерді тереңінен толғаған, берері мол құнды дүние. Ойшылдың мұраларында берілген ұлттық дүниетаным негіздері – қазіргі рухани жаңару заманында таптырмас бұлақ. Тек сол рухани бұлақтың көзін ашып, сусындау өзін-өзі жетілдіруді көздеген әрбір адамға таптырмас қазына десек, артық айтқандық емес.

Әдебиеттер тізімі:

1. Тұрдықұл Шаңбай. Шәкәрімнің философиялық лирикасы. //Шәкәрімтану мәселелері. 3 т. – Алматы: Раритет, 2007. – 370 б.

2. Шәкәрім. Өлеңдер мен поэмалар [Мәтін] / Шәкәрім; Құраст. М.Мағауин. – Алматы: Жалын, 1988. – 252б. – 3 экз.

3. Шәкәрім Құдайбердіұлы «Үш анық» [https://kitap.kz/book/4271/read#epubcfi\(/6/2\[id1\]!/4/2/2/1:0\)](https://kitap.kz/book/4271/read#epubcfi(/6/2[id1]!/4/2/2/1:0))

4. Шәкәрім шығармалары. – Алматы: Жалын, 1988. – 580 б.

5. Шәкәрім Құдайбердіұлы «Мұсылмандықтың шарты» Алматы: Қазақстан, Мерей, Ақиық, 1993. – 78 б. ISBN 5-615-01079-7

6. Рахымжанов Б.К. Шәкәрім Құдайбердіұлының дүниетанымына тарихи-философиялық талдау: – Алматы: 2005. – 121 б.

7. Шәкәрім. Энциклопедия / Бас ред. Е.Б.Сыдықов. – Семей: ЖШС, 2008. – 826-б.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА МҰҒАЛІМ ӘЛЕУТІН КӨТЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Рахимова Эльмира Ерсалимовна,
Тургаева Боранкуль Аскаровна,
Князова Қызғалдақ Дайыржанқызы,
Исергенова Салтанат Душановна,
Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері
№1 мектеп-лицейі, Қостанай қ.*

Аннотация

Өзектілігі: Оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор. Соның ішінде қазақ тілі мен әдебиетінің алатын орны ерекше.

Мақсаты: Қазақ тілі сабақтарында функционалды сауаттылықты қалыптастыруда мұғалім әлеутін көтеру мәселелері.

Түйінді сөздер: қазақ тілі, функционалды сауаттылық, әлеуеті, мұғалім, мәселе.

Аннотация

Актуальность: в развитии функциональной грамотности школьников велика роль каждого предмета в учебной программе. В частности, казахский язык и литература занимают особое место.

Цель: повышение потенциала учителя в формировании функциональной грамотности на уроках казахского языка.

Ключевые слова: казахский язык, функциональная грамотность, потенциал, учитель, проблема.

Abstract

Relevance: each subject in the curriculum plays a significant role in the development of functional literacy of students. In particular, the Kazakh language and literature occupy a special place.

Goal: to increase the potential of teachers in the formation of functional literacy in Kazakh language lessons.

Key words: Kazakh language, functional literacy, potential, teacher, problem.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына кезекті Жолдауында білім беру ұйымдары жастарға жалаң білім беріп қана қоймай алған білімдерін өмірдің түрлі жағдайларында пайдалана алуды үйретуі керек екендігін баса айтып, үкіметке оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың бес жылға арналған Ұлттық шаралар жоспарын дайындау жөнінде нақты тапсырма берген болатын. [1, 25]

Оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор. Соның ішінде қазақ тілі мен әдебиетінің алатын орны ерекше. Осы ретте, оқушыға халықтың қоғамдық өмірін, арман-мүддесін танытуда, оларға идеялық-саяси, рухани-адамгершілік, этикалық-эстетикалық т.б. тәрбие беруде, дүниеге көзқарасын, мінезін, жалпы мәдениетін қалыптастыруда көркем әдебиетті қуатты құралдардың бірі ретінде пайдалану – әдебиет пәнінің басты мақсаты болып есептелсе, тіліміздің өзіндік қалыптасқан нормаларын, жалпы айтқанда грамматикасын үйрету – қазақ тілінің басты міндеті болып танылады. Бұл ретте қазақ тілін қазақ мектебінде оқытудағы және қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудағы құзыреттердің басым орны танылады. Ресми деректерге қарасақ, мектеп оқушыларының көбі, нақтырақ айтатын болсақ, 40 пайызы әдеби мәтіндерді түсінуге қиналады екен.

Функционалдық сауаттылық – тілдік тұлғаның әлеуметтік-қоғамдық ортада сөйлесім әрекетінің түрлерін (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім) өзінің мақсатына қарай еркін қолдана алу мүмкіндіктерінің қалыптасқан жүйесі. Оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуда қазақ тілі мен әдебиетінің алатын орны ерекше. Осы ретте, оқушыға халықтың қоғамдық өмірін, арман-мүддесін танытуда, оларға идеялық-саяси, рухани-адамгершілік, этикалық-эстетикалық тәрбие беруде, дүниеге көзқарасын, мінезін, жалпы мәдениетін қалыптастыруда көркем әдебиетті қуатты құралдардың бірі ретінде пайдалану – әдебиет пәнінің басты мақсаты болып есептелсе, тіліміздің өзіндік қалыптасқан нормаларын, жалпы айтқанда, грамматикасын үйрету – қазақ тілінің басты міндеті болып танылады. Қазақ тілін функционалдық сауаттылықты дамыту бағытында оқытуда педагогиканың, дидактиканың жаңашыл идеяларын қолдану керек. Бұл ретте оқу бағдарламасы, оқулық, оқу құралдары мен оқыту формалары, оқушының білімін тексеру мен бағалаудың жаңа формалары, жаңа оқыту технологиялары, білім мазмұнын сұрыптаудағы жаңашыл әдістер т.б. мәселелер аса өзекті болып табылады.

Қазақ тілінің грамматикасын терең меңгерген оқушы, қоғамның кез келген саласында қиналмай жұмыс істеп, өзінің функционалды сауаттылығын көрсете алады. Қазақ тілін оқытудың басты мақсаты – қазақ тілінің төменде көрсетілген басты қызметтерін теориялық және практикалық тұрғыдан меңгерту, өмірлік жағдаяттарда еркін әрі сауатты қолдануға дағдыландыру.

Қазақ тілін оқыту алдына үлкен міндеттер, оқушыларға түсіндірудің тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру қажеттілігі қазіргі таңда да қарастырылып келе жатқан мәселе. Демек, тіл ғылымының үздіксіз дамуының нәтижесінде, адам баласы ой-санасының, дүниетанымының өсуіне байланысты оқыту әдістемесі де қатар жетіліп байып отыр. Өйткені, озат мұғалімдер тәжірибелерінен толығып оның мазмұны мен жүйесі, құрылысы, кеңейіп, байып отырады. Қоғам ілгері дамыған сайын оқыту мазмұны да күнделікті жаңарып, жетіліп отырады.

Озық ойлы адамдар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне өз үлесін қосады. Осындай қоғамдық, әлеуметтік, мәдени өзгерістер дамулар мектептің оқыту процесіне әсер етеді. Соңғы жылдары жеке тұлғаны қалыптастыруды дамыту мен оған жан-жақты терең білім беру мақсатында көптеген технологиялар ұсынылуда. Жаңа технологияның басты мақсатының бірі – баланы оқыта отырып оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру, өз бетінде шешім қабылдауға дағдыландыру. Өзіміз сабақ беретін сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда мы-

нандай әдістерді қолданамыз : белсенді оқыту, мән беріп оқыту, Блум жүйесі, сыни тұрғыдан ойлау, галереяда ой шарлау, қарлы кесек, ыстық орындық, үш қадамдық сұхбат, Сократтық семинар, Джигсо, т.б. Осы белсенді стратегиялар арқылы қазіргі жастарға тек білім беріп қана қоймай, әлеуметтік бейімделу үдерісінде алған білімдерін пайдалана білуге үйренеді. Сонымен қатар оқушы арасында коллаборативті орта қалыптастыру мақсатында топпен, жұппен жұмыс түрлерін енгізген дұрыс.

Функционалды сауаттылық өмір сүрудің қажетті компоненті. Қазіргі таңда қоғамды дамыту үшін орта мектептің алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі – оқушылардың шығармашылық қабілетін барынша ашып, толыққанды қоғам құруға өзінің бар мүмкіндігін жұмсайтын шығармашылық қабілетті жеке тұлға қалыптастыру. Сондықтан, пәндерді оқытуда оқушыларға оқу материалын есте сақтауға емес, осы материалды шығармашылықпен қолдану шеберлігін қалыптастыруға көп көңіл бөлінеді.

Орыс тілінде жүретін мектептердегі қазақ тілі пәнінің білім мазмұны құзіреттілік бағытына сай тілдің қоғамдық-әлеуметтік мәнін, практикалық маңызы, қатысымдық қызметін танытатын материалдармен жұмыс жасайды; оқушының оны өздігінен әрекет ете отырып игеруіне қажетті оқу жағдаяттары мен өмір шындығына сай құрылған қатысымға жетелейтін жұмыс түрлері жүйелі ұйымдастырылады; қазақ тілін оқытудың түпкі нәтижесі оқушыға ақпараттық, қатысымдық және проблеманы шешу құзіреттіліктерін меңгертуге бағытталған, онда оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыруға қол жеткізіледі.

Функционалды сауаттылық тілдік ережелерді түсіну, тілдік нормаларды сақтау, іс-әрекет тәсілдерін меңгеруден тұрады. Қазақ тілі сабақтарының тиімділігін арттырып, оқушылардың алған білімінің сапалы болуына не ықпал ете алады?

6-сыныптағы «Менің отбасым» тақырыбына байланысты берілген жағдаяттық тапсырма былай орындалады. Қатысушылар: оқушы бала және ойын алаңындағы диспетчер. Жағдаят: оқушы бала жазғы демалыс паркіндегі ойын алаңында жүріп өзінің інісінен/сіңілісінен адасып қалады. Оқушыға берілген тапсырма: сол жердегі диспетчерге барып, ініңнен/сіңіліңнен адасып қалғаныңды айтып, дауыстап хабарлауын өтін. Ініңнің/сіңіліңнің бет бейнесін, жасын, үстіне киген киімдерін сипаттап бер. Диспетчерге берілген тапсырма: оқушының баяндағанын дауыстап хабарла. Қажет болғанда оқушыдан қайталап сұра. Тірек сөздер: адасып қалдым, көмектесуіңізді сұраймын. Жұмыс: баяндау, сипаттау, сұрақ-жауап түрінде орындалады. Бұл жағдаяттық тапсырманы орындау барысында мынадай нәтижеге қол жеткізілді: тапсырма мазмұны оқушы өміріне етене жақын болғандықтан, шынайы орындалды; оқушылардың шынайы коммуникативтік қажеттілігіне дәл келіп, белгілі ортада өз ойын жеткізуге көмектесті; сондықтан ол оқушылар үшін қызықты болды; жағдаяттық диалогтарды құруда оқушылар сұрақ қоюға, жауап беруге, сөйлем құрауға үйренді; тілді үйренуге, аударма жасауға, сауатты сөйлеуге, қазақ тілінде белгілі бір өмірлік жағдаяттар төңірегінде сөйлесім дағдылары дамып, функционалды сауаттылықтарын қалыптастыруға негіз болды. Жағдаяттық тапсырмалар оқушылардың қызығушылығын тудырып, өздігінен шешім жасауға ынталандырды. Олар оқушылардың белгілі бір жағдаятты диалог арқылы игеруін қажет етіп, оның автоматты түрде орындалуын қамтамасыз етті. Жасөспірім жастағы балалардың жетекші әрекеті қарым-қатынас болғандықтан, функционалды сауаттылықты қалыптастыруда коммуникацияға жетелейтін рөлдік ойындардың маңызы зор. [2, 162 б.]

Ақпараттық құзіреттілік тапсырмасына мысал. «Астана» бөлімінде «Астанамен танысу» тақырыбында мынадай тапсырма орындалды.

Тапсырманың мақсаты: оқушылардың ақпаратты іздеу құзіреттілігін қалыптастыру. Мазмұнын жеткізу.

Оқыту әдісі: сұрақ-жауап, қатысым әдістері. Оқушылар жұпқа бөлінеді. Жұмысты орындау барысында оқушылардың ақпарат көздерімен жұмыс істеу, одан өзіне қажетті ақпаратты бөліп, екшеу, екінші біреуге мазмұнын жеткізу біліктерін қалыптас-

тыру көзделді.

Тапсырма. 1. Қазақстанның астаналары: оңтүстік және солтүстік астаналары туралы мәтіндерді ақпарат көздерінен іздеп табындар. 2. Ақпаратты жазбаша түрде дайындаңдар. 3. Сынып алдында ақпараттың мазмұнын баяндаңдар.

Нәтиже: өздеріне қажетті ақпаратты іздеп, табуға жаттықты. Әңгімелеу, жазу, жұпта жұмыс істеу дағдылары дамыды.

Жұмыста коммуникативтік, проблемалардың шешімін табу құзіреттіліктері тапсырмалары ұсынылды. Сонымен, мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту процесі оқу қызметінің барлық түрлерінің нәтижелілігін оқу материалын меңгерудің процесуалды жағын және жеке тұлғалық қасиеттердің пайда болуын есепке алатын бағалаудың жаңа жүйесін енгізуді айқындайды. [3, 144 б.]

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заманның талабы. Болашақ азамат өз ұлтының асыл мұрасын сусындау арқылы туған халқының тарихымен, мәдениетімен жете танысып, білімін кеңейтеді. Қазақ әдебиетімізді терең меңгерген оқушы, қоғамның кез-келген саласында қиналмай жұмыс істеп, өзінің функционалдық сауаттылығын көрсете алады.

Сондықтан да бұл үдеріс – бүгінгі заман талабы. Осы ретте, қазақ тілі мен әдебиеті пәнін дұрыс жүргізе білудің маңызы зор. Педагогтың шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастырып сабақ өтуі, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Жоғары деңгейде сабақ беретін ұстаздың алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін абыройдың үлкені, әрбір мұғалім осыған ұмтылса ұрпақ алдындағы қарыздың өтелгені.

Әдебиеттер тізімі:

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012–2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы.
2. Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. – Алматы: Атамұра, 1982. – 204 б.
3. Құрман Н., Есенова Г. Қазақ тілінен коммуникативтік жаттығуларды қолдану әдістемесінің ғылыми-әдістемелік негіздері. – Ақтөбе, 2010. – 144 б.
4. Құрман Н. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері. – Астана: Таным, 2008. – 162 б.

ОРГАНИЗАЦИЯ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ ЧЕРЕЗ САМОСТОЯТЕЛЬНУЮ РАБОТУ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ НА УРОКАХ ГЕОМЕТРИИ С ПРИМЕНЕНИЕМ КЕЙС-ТЕХНОЛОГИЙ

Роздольский Андрей Михайлович,
учитель математики – эксперт, магистр пед.наук,
Роздольская Дарья Дмитриевна,
учитель математики – эксперт, магистр пед.наук,
Тапал Ұлбосын Бектепбергенқызы,
учитель математики – эксперт, магистр пед.наук,
Бисебаева Айжан Кайратовна,
учитель математики,

КГУ «Общеобразовательная школа №23 имени Манаша Козыбаева
отдела образования города Костаная» Управления образования акимата
Костанайской области, г. Костанай

Аннотация

Өзектілігі-қашықтықтан оқыту аясында оқушылардың даму әдістемесін ұйымдастыру.

Мақсаты қашықтықтан оқыту кезеңінде тиімді тәжірибелердің мысалдарын ұсыну.

Түйінді сөздер: қашықтықтан оқыту, ғылыми-зерттеу қызметі, кейс-технологиялар, геометрия.

Аннотация

Актуальность заключается в организации методики развития учащихся в рамках дистанционного обучения.

Цель предоставить примеры эффективных практик в период дистанционного обучения.

Ключевые слова: дистанционное обучение, научно-исследовательская деятельность, кейс-технологии, геометрия.

Abstract

The relevance lies in the organization of methods for the development of students in the framework of distance learning.

The goal is to provide examples of effective practices during distance learning.

Keywords: distance learning, research activities, case technologies, geometry.

Быть учителем – не служба, а Богом данное призвание. Высокую душу для этого следует иметь, способную отдать свой пламень другим людям, ничего не требуя взамен» – это слова Ыбырая Алтынсарина. Действительно, каждому учителю приходится выкладываться на все сто процентов, а то и более. Как итог появляется множество видов педагогической деятельности, методов и эффективных практик.

Дистанционное обучение отличается от традиционной формы, тем что, учащиеся и учителя находятся на расстоянии. В процессе обучения в данном формате не всегда все проходит как задумано учителем. Возникают форс-мажорные обстоятельства, в виде обрыва связи, перегрузки интерактивных онлайн платформ, а также человеческий фактор. Для достижения поставленных целей необходима постоянная работа, одной из них является самостоятельная работа учащегося. Организовать данную форму работы позволяет научно-исследовательская деятельность.

Организовывать такую деятельность удобно на уроках геометрии. В статье рассмотрены особенности организации исследовательской деятельности учащихся на уроках геометрии в рамках дистанционного обучения и разработаны методические рекомендации по организации исследовательской деятельности учащихся в процессе обучения геометрии. Приведены примеры авторских задач, которые помогут организовать такую деятельность. Таким образом, если процесс обучения геометрии построить на основе организации исследовательской деятельности учащихся, то это обеспечит формирование умения у учащихся проводить исследования и создаст условия для более глубокого и осмысленного усвоения курса геометрии.

А.Н. Леонтьев дает следующее определение понятию «деятельность»: деятельность – динамическая система взаимодействий субъекта с миром, в процессе которых происходит возникновение и воплощение в объекте психического образа и реализация опосредованных им отношений субъекта в предметной действительности [1, с.352].

Л.Д. Ительсон деятельность определяет, как внутреннюю (психическую) и внешнюю (физическую) активность человека, регулирующую сознательную цель [2, с.896].

Учебная исследовательская деятельность – это специально организованная, познавательная творческая деятельность учащихся, по своей структуре соответствующая научной деятельности, характеризующаяся целенаправленностью, активностью, предметностью, мотивацией и сознательностью, результатом которой является формирование познавательных мотивов, исследовательских умений, субъективно новых для учащихся знаний или способов деятельности [3, с.145].

Исследовательская деятельность – это специфическая человеческая деятельность, которая регулируется сознанием и активностью личности, направлена на удовлетворение познавательных интеллектуальных потребностей, продуктом которой является новое знание, полученное в соответствии с поставленной целью и в соответствии с объективными законами и наличными обстоятельствами, определяющими реальность и достижимость цели [4, с.88].

Обязательно нужно организовывать исследовательскую деятельность на уроках

геометрии. Так как многие теоремы, рассматриваемые в школьном курсе, учащиеся могут доказать самостоятельно, главное правильно выдвинуть гипотезу и составить план исследования, в чем и должен помочь учитель, указать направление деятельности.

Исследовательская деятельность подразумевает гибкость решения задачи и часто множественность ответов. Эти же особенности выделяют при использовании кейс-технологий. «Кейс-технология» в переводе с английского означает описание конкретной ситуации, методический прием обучения.

При обучении решению исследовательских задач в рамках дистанционного обучения необходимо использовать ИКТ технологии, метод проектов, а также кейс-технологии.

Рассмотрим некоторые примеры.

Задание 1

Учащимся предлагается после изучения теоремы Пифагора решить следующий кейс.

Цель: доказать виновность или невиновность подозреваемого.

Ситуация: квартиру простого жителя города Костаная обокрали. Он написал заявление в полицию, о том, что его обокрали, разбив окно. Следователь приехал на место происшествия и обнаружил, что подоконник находится на расстоянии 520 см от земли. Поверхность земли на расстоянии 230 см от стены здания покрыта травой, на которой нет никаких повреждений и следов тоже нет. Не было найдено ни лестницы, ни веревки, никаких других предметов, которые бы помогли забраться в окно.

Учащиеся с помощью теоремы Пифагора должны прийти к выводу, что кража, скорее всего, инсценирована, так как человек не может подпрыгнуть примерно на 568 см без каких-либо приспособлений.

Возможно, у учащихся возникнут предположения, что вор пробрался через соседние окна, но об этом ничего не сказано, а значит и виновность еще не доказана.

Задание 2

На чемпионате Континентальной хоккейной лиги по хоккею 2021 года, который пройдет в разных городах стран СНГ, в том числе и Астане (ХК «Барыс»), рекламное агентство выкупило часть хоккейной площадки от синей до лицевой линии для размещения рекламы (рисунок 1). При этом два круга сбрасывания диаметром 900 см дорожке оставшейся зоны на 50 тыс. тнг. за каждый квадратный метр. Какова стоимость всей выкупленной площадки, если цена основной зоны 100 тыс. тнг. за 1 м²?




Рисунок 1. Хоккейная площадка

Задание 3

В восьмом классе после изучения темы «Площадь» целесообразно провести обобщение и систематизацию материала. Для этого учащимся можно предложить кейс.

Проблема: Вы бригадир строительной команды. Вам необходимо закупить обои для поклейки двух жилых комнат в квартире, план которой вам отправили по почте. Высота от пола до потолка – 2,6 м.




Рисунок 2. План квартиры

У вас есть обои следующего вида и размеров:

Виниловые: Ширина – 60см; Длина рулона – 10м; Цена – 5500тг.

Бумажные: Ширина – 50см; Длина рулона – 15м; Цена – 5000тг.

Флизелиновые: Ширина – 80см; Длина рулона – 10м; Цена – 6000тг.

Сколько рулонов обоев вам понадобится, и какого вида, если заказчик хочет, чтобы затраты были минимальными?

Задание 4

Учащимся предлагается после изучения теоремы «Площади многогранников» решить следующий кейс.

Цель: Выяснить самый выгодный строительный магазин для проведения ремонта в однокомнатной квартире.

Ситуация: В однокомнатной Костанайской квартире необходимо перед сдачей владельцу постелить ламинат во всех комнатах. Свои услуги предлагают три крупных строительных магазина. Учащимся предоставляется план квартиры (рисунок 3) и таблица цен (таблица 1). Учащиеся после вычислений должны выяснить минимальную стоимость ремонта и определить магазин.

Таблица 1. Таблица цен

Название магазина	Цена за одно полотно (24x22см)	Цена подложки (1 кв.м)	Плинтус (3 м)	Крепление (внешнее)	Крепление (внутренние)
Мегастрой	2045	150	1200	250	150
ТехноСтрой	2145	140	1400	240	160
TDC	2150	130	1300	270	140




Рисунок 3. План квартиры

Задание 5

Отрывок из романа.

«- Сегодня нам надо измерить высоту площадки Дальней скалы, – сказал инженер.

Вам понадобится для этого инструмент? – спросил Герберт.

Нет, не понадобится. Мы будем действовать несколько иначе, обратившись к не менее простому и точному способу. Юноша, стараясь научиться, возможно, большему, последовал за инженером, который спустился с гранитной стены до окраины берега.

Взяв прямой шест, длиной 12 футов, инженер измерил его возможно точнее, сравнивая со своим ростом, который был хорошо ему известен. Герберт нёс за ним отвес, вручённый ему инженером: просто камень, привязанный к концу верёвки. Не доходя футов 500 до гранитной стены, поднимавшейся отвесно, инженер воткнул шест фута на два в песок и, прочно укрепив его, поставил вертикально с помощью отвеса. Затем он отошёл от шеста на такое расстояние, чтобы лёжа на песке, можно было на одной прямой линии видеть и конец шеста, и край гребня. Эту точку он тщательно отметил колышком. Оба расстояния были измерены. Расстояние от колышка до палки равнялось 15 футам, а от палки до скалы 485 футам.

«- Тебе знакомы зачатки геометрии? – спросил он Герберта, поднимаясь с земли.

- Да.

- Помнишь свойства подобных треугольников?

- Их сходственные стороны пропорциональны.

- Правильно. Так вот: сейчас я построю 2 подобных прямоугольных треугольника.

У меньшего одним катетом, будет отвесный шест, другим – расстояние от колышка до основания шеста; гипотенуза же – мой луч зрения. У другого треугольника катетами будут: отвесная стена, высоту которой мы хотим определить, и расстояние от колышка до основания этой стены; гипотенуза же – мой луч зрения, совпадающий с направлением гипотенузы первого треугольника».




Рисунок 4. Иллюстрация из романа

Задание к кейсу:

Определите высоту пятиэтажного панельного дома, если высота планки 1,5 м, расстояние от головы до планки – 6 м, а до основания дома – 88 м.

Вопросы:

Какие треугольники подобны и почему? Обозначьте их буквами.

Вынесите данные на чертеж.

Чему равен коэффициент подобия?

Найдите высоту пятиэтажного панельного дома.

Таким образом, организация исследовательской деятельности с использованием кейс-технологий в процессе обучения геометрии в рамках дистанционного обучения не только мотивирует учащихся и вызывает интерес к данной дисциплине, но и учит

самостоятельно выдвигать гипотезы, доказывать их или опровергать, решать исследовательские задачи, используя знания по геометрии, и развивать заложенный потенциал человека. А учитель становится координатором, уменьшая до необходимого минимума синхронную часть урока. В свою очередь 2020-2021 учебный год включает в себя обновленный формат проведения ЕНТ, а также изменена спецификация профильных предметов. Данную практику актуально применять как подготовку к ЕНТ при выполнении заданий с контекстом в профильном предмете.

Список литературы:

1. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – Москва: Смысл, Академия, 2005. – 352 с.
2. Ительсон Л. Д. Лекции по общей психологии. – Минск: Харвест, 2002. – 896 с.
3. Семенова Н.А. Исследовательская деятельность учащихся. – Москва: Начальная школа, 2007. – 145с.
4. Шашенкова Е. А. Словарь. – Москва: Перспектива, 2010. – 88 с.

ТЕХНОЛОГИЯ ПРОБЛЕМНОГО ОБУЧЕНИЯ КАК СРЕДСТВО АКТИВИЗАЦИИ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Росенко Виктория Ивановна,
учитель начальных классов,

КГУ «Общеобразовательная школа №18 отдела образования города Рудного»
Управления образования акимата Костанайской области, г.Рудный

Аннотация

Өзектілігі. Проблемалық оқыту технологиясын бастауыш мектеп оқушыларының танымдық белсенділігін арттыру құралы ретінде қолданудың өзектілігі қазіргі әлеуметтік институттардың білім беру жүйесіне қойылатын талаптарына байланысты. Бастауыш мектепте проблемалық оқыту технологиясын сабақта қолдану оқушылардың болашақта шығармашылық ойлауға, еркін ойлауға, дұрыс, жауапты шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін жеке қасиеттерін дамытуға ықпал етеді.

Мақсаты. Бұл мақаланың мақсаты – проблемалық оқыту технологиясын бастауыш мектеп оқушыларының танымдық іс-әрекетінің құралы ретінде қолданудың теориялық негіздемесін ұсыну, сонымен қатар оның элементтерін жаратылыстану сабақтарында практикалық іске асырудың сипаттамасын ұсыну.

2. В ходе урока, приходится сокращать время на выполнение заданий (если это вопросы к тексту – то обсудить можно 3, 4 вопроса, текст тоже целесообразно прочитать не в полном объеме, так как дети очень быстро устают).

3. При ответах на вопросы, отвечающему необходимо дать немного больше времени на обдумывание (реакция детей может быть замедлена)

4. Письменные работы, тесты занимают гораздо больше времени (необходима помощь учителя – найти тетрадь, открыть тетрадь, найти ручку и т.д.) Для детей ОВЗ нужно формулировать задание так: 1. Задание должно быть сформулировано как в устном, так и в письменном виде. 2. Задание должно быть кратким, конкретным, одним глаголом (если тест не более 10 вопросов) 4. При формулировании заданий покажите конечный продукт (законченный текст, решение математической задачи...) 5. Формулировать задание, стойте рядом с ребенком. 6. Давайте возможность ребенку закончить начатое дело. Чтоб правильно оценить ребенка, можно предложить учитывать, такие аспекты: 1. Старайтесь отмечать хорошее поведение ребенка, а не плохое. 2. Не обращайте внимание на не очень серьезные нарушения дисциплины. 3. Будьте готовы к тому, что поведение ребенка может быть связано с приемом медикаментов. 4. Придумайте какое-то «особое» слово, после произнесения вами которого ребенок поймет, что поступает не должным образом. 5. Используйте промежуточную оценку, чтобы отразить прогресс. 6. Разрешайте ребенку переписывать работу, чтобы получить лучшую отметку (в дальнейшем учитывать отметку за переделанную работу). 7. Используйте систему оценки: зачет-незачет, когда речь идет об оценке роста и развития ребенка.

Если «особому» ребенку трудно отвечать перед всем классом, то ему дается возможность представить выполненное задание в малой группе. Работа в группах позволяет таким ученикам раскрыться и учиться у своих товарищей. Хороший результат дает и распределение учащихся по парам для выполнения проектов, чтобы один из учеников мог подать пример другому.

Учителя общеобразовательных школ, в свою очередь, обращаются к системе специального образования в поисках новых методик, позволяющих улучшить результаты обучающихся с особыми потребностями. Дети с особыми образовательными потребностями не заслуживают того, чтобы от них отвернуться. Кто-то должен отдать им любовь и знания. [3, 119]. Инклюзия – это попытка придать уверенность в своих силах учащимся с ограниченными возможностями здоровья, тем самым мотивируя их пойти учиться в школу вместе с другими детьми: друзьями и соседями. Дети с особыми образовательными потребностями нуждаются не только в особом отношении и поддержке, но также в развитии своих способностей и достижении успехов в школе.

Список литературы

1. Инклюзивное образование: ключевые понятия. / Сост. Н.В. Борисова, С. А. Прушинский. М.: Владимир: Транзит – ИКС, 2009., с.62.
2. Леско Д. Основные принципы инклюзии // Здоровье детей 2008. № 12., с.10.

3. Дети с ограниченными возможностями: проблемы инновационных тенденций обучения и воспитания: Хрестоматия / Сост. Л.В. Калининкова, Н.Д. Соколова. – М., 2005., с.119

4. Программа специальных (коррекционных) образовательных учреждений IV вида (для детей с нарушениями зрения): Программа детского сада: коррекционная работа / Под ред. Л. И. Плаксиной. – М., 2003., с.78.

Ы.АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫ – БҮГІНГЕ ҮЛГІ, ЕРТЕҢГЕ АМАНАТ

Шамшина Гүлнар Балғақызы,

Казиева Айгүл Айтқожақызы,

«Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 28 мектеп-гимназиясы» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері

Аннотация

Өзектілігі Ы.Алтынсариннің ой тұжырымы бүгінгі заман үрдісімен үндес. Ағартушылық жұмысы кеше де уақыт биігінен көріне алған, бүгін де мол сұранысқа жауап беретін, болашақ ұрпақ санасына да тәрбиелік әсер беретін, өздерінше ой түйіп, өзіне түсінік алуына мүмкіндік туғызатын танымдық мәні терең еңбектер.

Мақсаты Ыбырай шығармаларын оқыта отырып, жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды, адамгершілікті сіңіртіп, өмірде қолдана білуге шақыру.

Түйінді сөздер: педагогикалық мұрасы, тәлім-тәрбие, жас ұрпақ, ізгілік, актуалды, заманауи.

Аннотация

Актуальность Педагогические мысли Алтынсарина, имеющие глубокий смысл, соответствует современным тенденциям. Несмотря на промежуток времени педагогика Алтынсарина вчера и сегодня остается актуальной, востребованной. Педагогическая заповедь великого педагога играет огромную роль в воспитании, подрастающего поколения. Познавательная ценность его трудов очень большая, она позволяет думать креативно, самостоятельно делать выводы и направлено на функциональную грамотность.

Цель: Привитие духовных ценностей, навыков функциональной грамотности через чтение произведений Алтынсарина.

Ключевые слова: педагогическое наследие, воспитание, подрастающее поколение, добро, актуальный, современный.

Abstract

Relevance The actuality of this work is that the ideas of Ybyrai Altynsarin are due to nowadays. His educational works was so deep and meaningful that it had found its place not only in his time, but it could be realised in upbringing future generation.

Goal The goal of this work is to bring up young generation through reading Ybyrai Altynsarin's works.

Key words: pedagogical heritage, education, young generation, humanity, actuality, due to nowadays.

Жарты ғасыр ғұмырында ұлтына қызмет етуден жалықпаған, халық игілігі үшін жан аямай еңбек етудің үлгісін көрсеткен ұлы ағартушы-қаламгер, қоғам қайраткері Ы.Алтынсариннің тарихтағы орны ерекше. Елінің болашағы – жас ұрпақты білімдер етіп тәрбиелеуде қазақ халқы алдындағы еңбегі айшықталып танылып, әлдеқашан тиісті бағасын алған.

Ыбырай атамиздың ізгі ойлары, педагогикалық идеялары, оқу-ағарту жайы мен оны өркендетуге қажетті ұстанымдары нақты әрі терең көрсетілген. Жас жеткіншектерді ұлтжанды ұрпақ етіп тәрбиелеу міндетін іске асыру тетігі ұстаздарға тікелей байланысты екенін, оқытушылардың түсіндірулерінің ұғымдылығына негізделу керектігін ұмытпауды, оқытушылық әдістерге екінші қатардағы бір нәрсе деп қарамауды аманат етті. Шығармашылығына ой тоқтатып, көз жүгірте қарасақ, түгел дерлік халық ағарту ісіндегі тәлім-тәрбие мәселесіне арналғанын байқаймыз. Олай болса, халықтың жарқын болашағын өнер-біліммен тығыз байланыста қарастырған Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұрасында білім мен ізгіліктің негізін қалайтын өзінің өзектілігін жоғалтпайтын, қайта күн өткен сайын жарқырай түсетін идеялары мол және берері көп. «Мен

өз дәуірімінің, жаңғырығымын», – деп, В. Гюго айтқандай, Ыбырай да XIX ғасырдың екінші жартысындағы бейнелі сөздерінің қуатымен туған халқын ұйқыдан оятқан, білім алу жолына бағыттаған, тып-тыныш жатқан қазақ даласының жаңғырығы болды. [5, б.120] Ы.Алтынсариннің ағартушылық жұмысының қайсысын алсақ та, кеше де уақыт биігінен көріне алған, бүгін де мол сұранысқа жауап беретін, болашақ ұрпақ санасына да тәрбиелік әсер беретін, танымдық мәні терең еңбектер. Ыбырайдың ой тұжырымы бүгінгі заман үрдісімен де үндес. Ол жазба әдебиетінің алғашқы қарлығашы ретінде барлық жанрға жаңалықтар енгізіп, көркем әңгіме, новелла жазудың жақсы үлгісін көрсетті. Бар мәселе – іс-әрекетті бастау, оған бұлақтың көзін ашқандай жан бітіру. Жан бітірілген, көзі ашылған бұлақ дарияға айналатыны сияқты дамып, жетіліп, адам баласын бұрын – соңды болмаған жаңа асуларға, биіктерге жетелейді. Ы.Алтынсарин – қазақ халқының тарихында оның бітім-болмысындағы осындай кәусар бұлақтың көзін ашқан, негізін салған тарихи тұлға.

Мазмұны жағынан Ыбырай әңгімелері әділдікке, ізгілікке, адамгершілікке, талаптылыққа, өнерпаздыққа, тапқырлыққа, тазалыққа, ақылды іске, білімділікке, жомарттыққа, қайырымдылыққа, зеректікке, отырықшылыққа, кәсіпқорлыққа, шынайы достыққа, еңбекке шақырады. Балаларға ақыл айтып, ой салып, тәкаппар, еріншек, ұқыпсыз болмауға, жақсылыққа әуестеніп, жамандықтан аулақ болуға баулиды. Жалпы алғанда оның әңгімелері – негізінен, дидактикалық прозаның жақсы үлгілері.

Ыбырай әңгімелерін үш топқа бөлуге болады: оның бірі – новелла, екінші – ауыз әдебиетінде қалыптасқан ертегі – аңыз үлгісіндегі әңгіме, үшінші – өнеге сөздерге толы көлемі шағын әңгімелері. [2, б.66] Олар оқушылардың жас ерекшелігі мен қабылдауына лайық өзіндік ұлттық сипатымен ерекшеленеді. Сондай әңгімелерін тұтастай қарастырғанда тақырыптарына қарай топтай отырып, идеялық мазмұны, кейіпкерлері, құрылысы ашылады. Әңгіме мазмұнына сай бүгінгі өмірмен байланыстыру, оқушылардың шығармашылық қиялын, ой-өрісін дамыту мақсаты қойылады. Әр адам өз еңбегімен күн көріп, кәсібін, өнерін жетілдіруге тиіс. Жазушы өзінің өлеңдеріндегі сияқты, әңгімелерінде де еңбекті негізгі мәселе деп көтереді. Адамды мұратқа жеткізетін ең бір құдіретті күш еңбек деп біледі. Ы.Алтынсариннің оқу-ағарту саласындағы еңбегі – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың қанатты сөзінде «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып-көркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екеніңді ұмытпа» – деген сөзімен қазіргі заман талабымен астасып жатқандығы байқалады. [3.]

Ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан халықтың асыл мұрасын, өнегелі тәлім-тәрбиесін Ыбырай Алтынсариннің еңбектерінен молынан ұштастырамыз.

Алтынсарин қазақ балаларын дарынды, туысынан зерек етіп бейнелейді. Қарапайымдылық, жинақтылық, кейіпкердің басындағы күйініш-сүйініш мұндай әңгімелерінде талапты ақылмен, жігерлілікпен, алға қойған мақсатын жеңіп шығу жолында шиеленісіп жатады. Еңбек тақырыбына жазған шағын әңгімелерін белгілі жүйемен сипаттау жөн.

«Асыл шөп», «Таза бұлақ», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Әке мен бала», «Дүние қалай етсең табылады?», «Байлық», «Қыпшақ Сейітқұл», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Киіз үй мен ағаш үй», т.б. әңгімелері-өзінің ұлттық сипатымен, өнегелілігімен, бейнелілігімен, көркемдігімен есте қалатын туындылар әрі балаларды еңбек-сүйгіштікке баулиды. Бұл шығармаларды өткенде ұстаздың шеберлігі қажет. Ол әңгімелерді бала санасына жеткізумен қатар оны әр баланың жеке іс-тәжірибесімен байланыстырып, әңгімені, не мысалды талдау барысында әр балаға «сіз не істер едіңіз?» деп, оны дәл сол оқиға жағдайына түсіру қажет. Соның нәтижесінде бір іс-әрекетті әркім өзінше орындайтынына көз жеткізуге болады. Өйткені, әркімнің мүмкіндігі әр түрлі, біреу тез қабылдайды, біреу жай қабылдайды. Ы.Алтынсарин хрестоматиясында еңбекпен келген игіліктің баянды болатынын көрсететін мысалдар молынан кездеседі. Алды-

мен бір эпизодқа құрылған «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Әке мен бала» әңгімесінің ерекшелігі аталуы керек. Алғашқысында әке мен бала арасындағы сұрақ-жауапқа тура өсиет болса, екіншісінде әке мен баланың диалогынан туындаған шағын әрекет бар. Екі әңгімедегі өнеге мен өмір танытарлық ғибрат ұқсас. Ал «Атымтай Жомарт» әңгімесінде еңбек сүйгіш жанның күнделікті әрекетінен туған бір ғана диалогпен Жомарттың өмір бойғы ісінің өнегелілігін, даналығын тәлім етеді де, астамшылық жасамау, қайырымды болу, басқаға өз ісімен үлгі болу, еңбекпен табылған дәмді қадірлеу, қайырымдылық сияқты адамгершілікке үндеп, оқушыларына аз сөзбен көп ой салады. Ол бай болса да отын жарып, су тасудан ешбір қашпаған көрінеді. Мұның себебін сұрағандарға мынадай уәж келтіріпті: «Әуелгісі, әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті өне бойы әдет етсең, көңілге жел кіргізеді, сол желіккен көңілмен өзіммен терезесі төмен бейшаралардан жиреніп, көз салмай, кемшілікке жәрдем беруді ұмытармын деп қорқамын. Екіншіден, бар бола тұрып мен жұмыс қылсам, мұның кемшілік емес екенін біліп, кейінгілер үлгі алсын деймін. Үшіншіден, күн сайын өз бейнетіммен тапқан бір-екі пұлға нан сатып алып жесем де бойыма сол тамақ болып тарайды, еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі, сіңімділігі болады екен. Төртіншісі: Құдай тағаламның берген дәулетін өзімсініп тиісті орындарына жаратпай, көбісін өзім ішіп-жеп, өзім тұтынсам, мал берген иесіне күнәһар болармын деп қорқамын» – деген екен. [1, б.112] Міне, тәрбиелік мәні өте жоғары, берері көп, қарапайым мысал. Осы әңгімені қазіргі уақытта ата-анасының еңбегін бағаламай, табысын оңды-солды шашып, қымбат көлікті айдап жүрген жастарға жеткізіп, халықтың өнегелі сөздерін санасына құя білу-мұғалімдер біздердің парызымыз. «Қыпшақ Сейітқұл», «Киіз үй мен ағаш үй» атты әңгімелерінде жазушы шаруа жайын, кәсіп түрлерін айта келіп, жерді игеруді, отырықшы өмірдің артықшылықтарын насихаттайды. Ағайынды ересек екі адамның өмір бойғы әрекетінің нәтижесін баяндайды. Мұнан балалар үшін тәрбиенің қаншалықты маңызды роль атқаратынын байқауға болады. Шын мәніндегі адам бақыты таза еңбекте. Өзінің жеке таза еңбегімен күнелтудемін деп айта алатын адам еркін және бақытты. «Қорек тап бейнеттен де тәңірің жәрдем, Телмірме бір адамға мұндықпенен», – дейді ғалым-педагог Ы.Алтынсарин. Өз еңбегімен күнелту адамның қадір-қасиетін, абыройын арттырады, айналасындағыларға сыйлы етеді. Сонымен қатар мұғалімнің өмірдегі еңбекпен байланыстыра оқушының дамытып айта білуін ұйымдастыруында, тәрбие тамыры халық қазынасында, соның қадір-қасиетінде екенін ұғындыра білуінде. Еңбекке тәрбиелейтін әңгімелерінің ішіндегі ең биік шыңы – «Бай баласы мен жарлы баласы». Оқушылардың дүниетанушылық қызметін айқындауда шығарманың негізгі идеясын, детальдарын тауып көрсету үлкен роль атқарады. Екі баланың бір тәуліктегі әрекеті арқылы екі түрлі тәрбие мен өмірге бейімділігі суреттеледі. Еңбекке шақыру мұнда тура үгіт сөз емес, шынайы бейнелердің ісімен айтылады. Әңгіме мазмұны ұлттық тәрбие ұясынан қанатталған ұрпақ өкілдеріне жақсы таныс. Екеуі құрдас бола тұрса да, Асан өмір қиындығы басына түскенде күйрек, жігерсіз, оның еңбексіз тоғышар болып өсуінде. Ал Үсен болса өмір тәжірибесін көрген, төзімді, халық қазынасын көңіліне тоқып, жадында сақтаған тапқыр екені әрбір ісінен көрініп тұр. Егер өзінді-өзін еңбекке, ұқыптылыққа баулып, ата-ана сөзіне құлақ салып, шынығып өссең, Үсен сияқты өмірге икемді, қиыншылыққа мойымайтын, өршіл боласың, ал еңбексіз арамтамақтықпен өссең, Асан сияқты икемсіз, енжар боласың деген тәрбиелік түйінін оқушының өзі жасауына ой салады. Осындай шығармалар оқушыларды ойландырып, өздерінше ой түйіп, өзіне түсінік алуына мүмкіндік туғызады.

Ы. Алтынсарин қазақ халқының әдет-ғұрпын, даналығын, салт-дәстүрлерін, ырым-нандарын өзінің бізге мәлім балаларға арналған көлемі шағын әңгімелерінде кеңінен насихаттағанын білеміз. Тоқсан ауыз сөздің, тобықтай түйінін түйетін мақал-мәтелдердің табиғаты да оның шағын әңгімелерінде кездеседі, яғни кішкене әңгіменің өзіне мол мағына сыйғыза алған. Жалпы, Ы. Алтынсариннің «Бай баласы мен жарлы

баласы» атты әңгімесі халықтың үш даналық өсиетіне негізделген:

1. Асанның тұзаққа түскен үйрекпен балалыққа салынып ойнап, оны ермек етіп ауылға барайық деген пікіріне, Үсеннің адал құспен ойнамай, оны тек қана бауыздап, қорек ету керек деп әке өсиетін ес тұтқан тұсын салыстыра көрсету жазушының шеберлігінің бір айғағы.

2. «Елді жердің ұрысы, далалы жердің бөрісі болады» – деген әке өсиетін жадында сақтаған Үсен естілік танытып, түнімен ұйықтамай, жанындағы жолдасын күзетіп шығады. Үсеннің бұл естілігі екі баланың сол түннен аман шығуының және бір себепкері болады.

3. Екі баланың елсіз далада адасып кету кезінде Үсеннің әкесінің айтқан: «Далада жүріп адассаң, молалы жерде су болады, сулы жерде ел болады» – деген өсиетін сақтауының арқасында ауылдарын адаспай тауып алады. [1, б.152] Екі баланың іс-әрекетін жана технология элементтері бойынша салыстырады.

Ы. Алтынсариннің шағын әңгіме жазудағы шеберлігінің тағы бір көрінісі оның өз ойын тұспалдап айтуы болып табылады.

Жалпы қазақ халқының қасиетті сандарына үш, жеті, тоғыз, қырық сандары жатады. Әңгіменің үш өсиетке негізделуі, Үсеннің жұртта қалған үш затты тауып алуы (пышақ, ине, қыл), өзендегі балықтардың үш түріне сипаттама берілуі (шабақ, шортан, алабұға), түнде жаққан отқа (құрт, көбелек, құмырсқа) түсуі кездейсоқ емес. Ы. Алтынсарин шығарма сында басынан аяғына дейін «үш» санын тұспалдап келтіру арқылы қазақ халқына киелі «үш» ұғымның балалар сапарының сәтті аяқталуына игі әсері бар деген ойды нақты айтпаса да, тұспалдап танытады. [4,б.299] Бұл мысал да жазушы шеберлігінің бір айғағы іспеттес. Шығармаларды өскелең ұрпаққа ұлттық құндылықтарды көңіліне тоқтытып, әкенің өнегесін үйреніп, өмірде қолдана білуіне кең жол аша отырып, өз тәжірибемде халықтық педагогика негіздерімен байланыстыра талдап, оқытып келеміз. Мұғалім мен оқушының ынтымағы артып, шәкірттің пәнге деген қызығушылығы оянуы үшін оқу мен ұлттық тәрбиені ұштастыра отырып оқытудың маңызы зор.

Бұл әңгімелерді оқытуда әр түрлі жұмыстар жүргізуге болады. Оларды өмірмен байланыстыру, сол арқылы оқушылардың ой дүниесін, өмір танығыштығын дамыту, еңбекке деген сүйіспеншіліктерін арттыру, тәрбиелік мақсаттарды жүзеге асыру. «Бұл халық өзінің табиғи жаратылысында әр нәрсені білуге құмар және ұғымпаз зерек халық», – деп қазақтың халықтық жақсы қасиеттерін әйгілей отырып, Ыбырай Алтынсарин оның болашағына зор сеніммен қарайды.

Жалпы Ыбырай әңгімелерінің табиғилығы, шындылығы, ақырын сөйлеп, анық басуы да өзіндік бір әлем іспеттес.

Түйіндеп айтсам, Қазақ даласында ұлы адам, ұлы ұстаз, ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин бейнесі тарихта мәңгілікке жазылған құдіретті есім болып қала берері сөзсіз. «Жақсының хаты өлмейді» демекші, жас ұрпақ үшін берері көп қазақ халқының ұлт ретінде қалыптасуы жолында аянбай тер төккен, өнегелі өмір жолдары бүгінге үлгі, ертеңге аманат заманымыздың заңғар жазушысының бірі – Ыбырай Алтынсарин кемеңгерлігінің бір ғана мысалы осындай!

Әлемдік білім кеңістігінің белсенді мүшелерінің бірі болып отырған қазіргі Қазақстандағы білім беру ісінің жандануына, дамуына Ыбырай Алтынсарин мұрасының берері мол.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ы.Алтынсарин. Қазақ хрестоматиясы. 2 басылым. – Алматы: Білім, 2007. – 112,152 б.
2. Ә.Сыдықов. Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі.– Алматы.: Мектеп, 1969. – 66 б.
3. Ақорданың баспасөз қызметі// Елбасының қанатты сөздері. URL: <https://www.inform.kz/> – Астана.: ҚазАқпарат. (26.04.2016).
4. Х.Сүйіншәлиев. XIX ғасыр әдебиеті. – Алматы.: Ана тілі, 1992. – 299 б.
5. Ламашев Ә. Ыбырай Алтынсарин (Семинарий). – Алматы. Ана тілі.: 1991. – 120 б.

ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ МЕДИАҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Шамитдинов Азиз Мирамминұлы,
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті магистранты
«Қостанай дарыны» ӨҒПО әдіскері
Аканбаев Бағлан Нурланович,
«Қостанай дарыны» ӨҒПО әдіскері
Қостанай қ.

Аннотация

Өзектілігі: мақалада заманауи білім беру кеңістігінде пайда болып отырған сын-кәтерлер жағдайында тиімді бағдарлануға мүмкіндік беретін білім алушы – болашақ маманның құзыреттілігі туралы және оны қалыптастыруды ғылыми негіздеу.

Мақсаты: медиақұзыреттілікті қалыптастыру туралы түрлі авторлардың еңбектеріне талдау жасау, отандық білім беру кеңістігіне тиімді жолдарды қарастыру.

Түйінді сөздер: медиақұзыреттілік, медиабілім беру, бұқаралық ақпарат құралдары.

Аннотация

Актуальность: в статье рассказывается о компетентности обучающегося – будущего специалиста и научном обосновании ее формирования, позволяющей эффективно ориентироваться в условиях возникающих в современном образовательном пространстве вызовов.

Цель: проанализировать труды различных авторов о формировании медиакомпетентности, рассмотреть эффективные подходы к отечественному образовательному пространству.

Ключевые слова: медиакомпетентность, медиаобразование, средства массовой информации.

Abstract

Relevance: the article describes the competence of the student-the future specialist and the scientific justification of its formation, which allows you to effectively navigate in the conditions of emerging challenges in the modern educational space.

Goal: to analyze the works of various authors on the formation of media competence, to consider effective approaches to the domestic educational space.

Keywords: media competence, media education, mass media.

Қазіргі қоғамда адам ақпараттың, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы берілетін ақпараттың үлкен, үздіксіз ағынымен күресуге мәжбүр. Бұқаралық ақпарат құралдары әр адамның айналасында ерекше ақпараттық өріс жасайды, оның әсерінен моральдық, әлеуметтік, зияткерлік, көркемдік мүдделер мен құндылықтар қалыптасады. Қазіргі адам бұқаралық ақпарат құралдарынсыз (оларға дәстүрлі түрде радио, баспасөз, теледидар, кино, видео, интернет және т.б.) өмірді елестете алмайтын, көлемі үнемі өсіп келе жатқан ақпараттың үлкен мөлшеріне үйреніп қалған. Медиа-ақпарат көру және есту қабілетіне бір уақытта, адамзат жинаған барлық дерлік қарым-қатынас әдістерін біріктіре отырып әсер ете алады.

ТМД елдерінде медиақұзыреттілікті қалыптастыру мәселесін зерттеумен О.П. Кутькина, Е.В. Мурюкина, А.А. Новикова, В.В. Протопопова, А.В. Федоров, Н.Ф. Хилько, ал шетелде С.Дж. Берэн, В. Вебер, Л. Мастерман және басқа да көптеген зерттеушілер айналысқан.

Алдымен біз медиақұзыреттілік ұғымын және осы ұғымға жақын түсініктерді анықтаймыз.

– медиақұзырет – бұл оқу қызметінде және болашақ кәсіби қызметінде медиа саласындағы білім мен іскерлікті пайдалану қабілеті (В.Н.Стрельников); жаңа технологияларды меңгеру, оларды қолдану шарттарын, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін түсіну, бұқаралық ақпарат құралдары арналары бойынша таратылатын ақпарат пен жарнамаға сыни тұрғыдан қарау қабілеті (Н.И.Гендина [2]).

– тұлғаның медиақұзыреттілігі – әр түрлі, жанрлар мен формаларда медиамәтіндерді таңдау, пайдалану, бағалау, сыни талдау, құрастыру (мотивациялық, ақпараттық,

перцептивті, интерпретациялық, бағалау, байланыс, практикалық-операциялық және белсенділік, шығармашылық) дағдыларының жиынтығы (А.В.Федоров [4]).

ЮНЕСКО медиабілім беруге (media education) педагогикалық теория мен практикадағы жеке саланың бөлігі ретінде қарастырылатын қазіргі заманғы бұқаралық ақпарат құралдарын меңгеру үшін теория мен практикалық дағдыларды оқыту деген анықтама береді.

Ю.Н. Усов медиабілім беруді медиақұралдар мен медиаөнімдер материалдары арқылы жеке тұлғаны дамыту үдерісі ретінде анықтайды.

Осы анықтамаға сәйкес медиабілім беру оқу үдерісінің сапасын жақсарту және медиаөнім материалдары арқылы және оның негізінде жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру, сондай-ақ медиақұзыреттілікті қалыптастыру үшін қолданылатын оқыту және тәрбиелеу құралы ретінде әрекет ете алады.

Л.С. Зазнобина [4] «медиабілім беруді» оқушылардың бұқаралық ақпарат құралдары туралы білім алуына, үшін ақпарат құралдарын пайдалану арқылы әртүрлі білім алу және шығармашылық өзін-өзі көрсетуге, сыни ойлауды дамытуға, ақпараттық үдерісті дұрыс ұйымдастыра білуге, ақпараттық қауіпсіздікті бағалау және қамтамасыз етуге бағытталған білім беру ретінде анықтайды.

Әлеуметтік сауалнамалар көрсеткендей, мұғалімдердің көпшілігі кейде өз сабақтарында техникалық оқыту құралдарын, медиақұралдарды қолданады және интернет кеңістікте жеткілікті деңгейде жұмыс істей алмайды. Сондықтан бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты тәуелсіз сыни ойлауды дамытуға, алынған ақпараттағы жалған ақпарат пен бұрмалаушылықтарды анықтауда практикалық дағдыларды игеруге, бұқаралық ақпарат құралдарының манипуляциялық әсеріне қарсы қорғаныс дағдыларын дамытуға, баспа және электронды өнімдермен қарым-қатынас тәжірибесінде аудиторияның әлеуметтік тәжірибесін байытуға көп көңіл бөлу қажет.

Әр түрлі авторлар бұқаралық медианың келесі түрлерін ажыратады [3]:

1. Ақпаратты беру әдісі бойынша дәстүрлі түрде радио, баспа, кино, видео, теледидар, компьютерлік желілер және т.б.

2. Қабылдау арнасы бойынша медиа: визуалды, есту, аудиовизуалды болып бөлінеді. Бұл типтер белгілер кешендері мен медиада қолданылатын кодтар арасындағы айырмашылықпен сипатталады. Екілік белгілер жүйесі мерзімді басылымдарда ұсынылады: табиғи тілде баспа түрінде және иконикалық белгілерде (суреттер, фотосуреттер, карикатуралар), сонымен қатар шрифт екіпінінің әр түрлі түрлері, мәтінді орналастыру тәсілдері (макеті) және т.б. Радио туралы сөз болғанда келесі үштік туралы айту керек: ауызекі сөйлеу + табиғи дыбыстар (шу) + музыка.

3. Пайдалану орнына сәйкес медиа топтық, жеке, бұқаралық, жұмыс, үй және т.б.

4. Ақпараттың мазмұны бойынша: саяси, идеологиялық, танымдық және тәрбиелік, адамгершілік-тәрбиелік, эстетикалық, экономикалық, экологиялық, жарнамалық.

5. Қолданудың мақсаты мен функциялары бойынша: ақпарат алу, байланыс, білім беру.

6. Жеке тұлғаға әсер ету нәтижесі бойынша: өзін-өзі тану, ой-өрісін дамыту.

7. Жүзеге асырылатын функцияларға сәйкес медиа:

– әртүрлі фактілер мен оқиғалар, жағдай туралы ақпараттық хабарлама;
– аналитикалық (сын, бағалау функциясы) – фактілерді ұсыну көбінесе оларды талдаумен және бағалаумен, оларға түсініктеме берумен қатар жүреді;

– адамгершілік-тәрбиелік: бұқаралық ақпарат құралдары адамгершілік ұстанымдары мен эстетикалық талғамды, әлеуметтік мінез-құлықтың моральдық-эстетикалық басымдықтарын, жақсылық пен жамандық туралы идеяларды бейнелейді;

– әсер ету функциясы (идеологиялық, әлеуметтік-әкімшілік, реттеуші) – медиа адамдардың көзқарастары мен мінез-құлқына әсер етеді, демалыс, бос уақытты, көңіл

көтеруді қамтамасыз етуге, аудиторияның эстетикалық қажеттіліктерін қанағаттандыруға, сауықтыруға бағытталған [5].

Көбінесе бұқаралық коммуникация құралдары жағымсыз әлеуметтік салдарға әкелуі мүмкін. Мұнда медиа функцияларының келесі бұзылулары орын алады:

- ақпарат ағындарының көптігі тұлғаның дезориентациясына әкеледі;
- әртүрлі қорқыныштың себебі немесе шамадан тыс оптимизм мен оқиғаларды әсемдеу үшін өте жағымсыздыққа бейімділік;
- медиақұралдар көрсететін кейбір жанрларға патологиялық тәуелділік: сериалдар, жаңалықтар, қылмыс сезімдері мен хроникалар және т.б.;
- алкогольді, темекіні, есірткіні, этносаралық стереотиптерді позитивті тұрғыдан ұсыну – мұның бәрі қазіргі заманғы өнерге, жастардың субмәдениеті мен контрмәдениетіне енеді;
- мәдениетті массивтеу және нәтижесінде рухани қажеттіліктердің деңгейін төмендету және жалған идеалдар мен қаһармандар жасау.

9. Қолданылатын техникалық құралдармен: радиохабар тарату; телевизиялық медиа; желілік құралдар;

Білім алушылардың медиақұзыреттілігін қалыптастыру үшін Н.Усовтың медиабілім беру моделі өзекті. Бұл модельдің мақсаты – көркем медиамәтіндер негізінде тұлғаны дамыту.

Модель аудиторияны аудиовизуалды, эстетикалық, эмоционалды және интеллектуалды тәрбиеге бағыттай отырып, белсенді ойлаудың алуан түрлерін дамытады (логикалық, бейнелі, ассоциативті, шығармашылық):

- медиаақпаратты қабылдау, түсіндіру, талдау, эстетикалық бағалау дағдылары;
- экран, дәстүрлі өнер және бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыста болған кезде оны қолдану үшін медиатілді меңгеру қажеттілігі;
- игерілген ақпарат және көркемдік-шығармашылық қызмет туралы ауызша қарым-қатынас қажеттілігі;
- сабақта алған білімдерін тарату мүмкіндігі.

В.В. Протопопова [2] мұғалімдер арасында медиақұзыреттіліктің қалыптасуы олардағы негізгі кәсіби құзыреттіліктердің қалыптасуымен және дамуымен тығыз байланысты, сондықтан оларды білім алушыларді кәсіби даярлау үдерісінен бөліп қарауға болмайды деп санайды. Қазіргі білім беруде бүгінгі күнге дейін мұғалімдердің көпшілігі бұқаралық ақпарат құралдарын өздерінің дидактикалық және тәрбиелік мүмкіндіктері туралы білмей, дидактиканың көрнекілік ұстанымын жүзеге асыру аспектісінде ғана пайдаланады.

Оқу үдерісінде білім алушылардың медиақұзыреттілігін қалыптастыру үшін келесі медиаоқыту әдістері қолдануға болады:

1. Алынған білім көздеріне сәйкес:
 - ауызша (әңгіме, дәріс, түсіндіру, әңгімелесу, пікірталас);
 - көрнекілік (медиамәтіндерді иллюстрациялау және демонстрациялау);
 - практикалық.
2. Танымдық белсенділік деңгейі бойынша:
 - түсіндірмелі және иллюстрациялық (мұғалім медиа туралы белгілі бір ақпаратты, аудиторияның бұл ақпаратты қабылдауы мен игеруін жеткізеді);
 - репродуктивтік (білім алушылар оларды шешу тәсілдерін меңгеруі үшін медиаматериал негізінде мұғалімнің әртүрлі жаттығулар мен тапсырмаларды әзірлеуі және қолдануы), проблемалық (сыни ойлауды дамыту мақсатында белгілі бір жағдайларды немесе медиа мәтінді проблемалық талдау);
 - ішінара іздеу немесе эвристикалық, зерттеу (медиа негізінде іздеу және шығармашылық оқу әрекеттерін ұйымдастыру).

А.В. Федоров [4] медиабілім беру үдерісінде медиақұзыреттілік пен сыни шығармашылық ойлауды дамыту технологиясын жасады, ол келесідей көрінеді:

1) диагностикалық (анықтаушы) компонент: дайындықтың бастапқы кезеңінде берілген студенттік аудиториядағы медиақұзыреттілік және бұқаралық ақпарат құралдарына және медиамәтіндерге қатысты сыни ойлауды дамуы деңгейлерін көрсету;

2) мазмұндық-мақсаттық компонент:

– теориялық компонент (медиамәдениеттің тарихы мен теориясын зерттеуге арналған блок, медиабілім беру мотивациясы мен технологиясын дамыту блогы, яғни аудиторияны медиатәрбиелеудің формалары мен әдістерін оқып үйрену) және практикалық компонент (медиаөндіріс негізінде шығармашылық қызмет блогы, яғни медиатеchnологияны қолдана отырып, білім алушылардың өз ойын жеткізуге шығармашылық қабілеттерін дамыту:

– әр түрлі жанрдағы және типтегі медиамәтіндерді құрастыру;

– алынған практикалық медиабілімі мен дағдыларын оқыту практикасы үдерісінде шығармашылықпен қолдану;

– қабылдау-талдау қызметінің блогы: білім алушылардың әртүрлі жанрдағы және типтегі медиамәтіндерді сыни қабылдау және талдау дағдыларын дамыту);

3. нәтижелік компонент (қорытынды сауалнамалар блогы, білім алушылардың тестілеу және шығармашылық жұмыстары және оқытудың соңғы кезеңінде жоғары оқу орны білім алушыларының сыни ойлау қабілетін және медиақұзыреттілігінің даму деңгейлерін анықтауға арналған талдау блогы).

М.В. Кузьмина [1] медиақұзыреттіліктің қалыптасуы мен дамуы бірқатар компоненттерге негізделген деп жазады. Біріншісі – медиаматериалдарды қолдану тәжірибесі. Медиамен және нақты әлеммен жұмыс істеу тәжірибесі қаншалықты көп болса, медиақұзыреттің жоғары деңгейіне өту мүмкіндігі соғұрлым көп болады. Екіншісі – медиа саласындағы дағдыларды белсенді түрде қолдану. Үшіншісі – бұл бағытта өздігінен білім алуға дайын болу және өздігінен білім алу.

Осылайша, қазіргі заманғы адам үшін ақпаратты қабылдау дағдыларына, аудиовизуалды кескіндердің мағыналарын дұрыс интерпретациялауға деген қажеттілік ақпараттық ағындармен еркін жұмыс істеу және оларды навигациялау үшін қажет. Медиабілім беру әдістерін және медиабілім беру элементтерін күнделікті тәжірибеде қолдану білім алушылардың медиақұзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Оқу үдерісінде білім алушылардың медиақұзыреттілігін қалыптастыру үшін ауызша (түсіндіру, әңгімелесу, дәріс, әңгіме, пікірталас); визуалды (медиаматериалдарды көрсету); практикалық; түсіндірмелі және иллюстрациялық (медиаөнімдер туралы ақпарат беру); репродуктивті (оқытушының медиаматериал бойынша әр түрлі жаттығулар мен тапсырмаларды әзірлеуі және қолдануы), проблемалық (сыни ойлауды дамыту мақсатында белгілі бір жағдайларды немесе медиамәтінді проблемалық талдау); ішінара іздеу жүйелері сияқты тағы да басқа әдістерді қолдану тиімді.

Әдебиеттер тізімі

1. Н.А. Коновалова Педагогикалық университет студенттерінің медиамәдениетін дамыту [Мәтін] / Н.А. Коновалова: пед.ғ.к.дис. – Вологда, 2004. – 97 б.

2. В.В. Протопопова, Қазіргі заманғы педагогтың медиақұзыреттілігі [Мәтін] / В.В. Протопопова // XXI ғасырдағы жоғары гуманитарлық білім беру: мәселелері мен болашағы: 2 т., 1-т. Педагогика. Психология. – Самара: ПГСГА, 2009. – 285-288 б.

3. И.А. Фатеева Медиабілім беру: теориялық негіздері және іске асыру тәжірибесі: монография [Мәтін] / И.А. Фатеева. – Челябинск: Челяб. мем. ун-т, 2007. – 270 б.

4. А.В. Федоров Шет елдердегі медиабілім беру [Мәтін] / А.В.Федоров – Таганрог: Кучма бас-ы, 2003. – 238 б.

5. И.В. Чельшева Медиаәтін және оны оқу [Мәтін] / И.В. Чельшева // Медиабілім беру. – 2006. – №1. – 102-104 б.

КӘСІБИ ӨЗІН-ӨЗІ ДАМУҒА ДАЙЫНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ДАЙЫНДЫҚ КОМПОНЕНТІ РЕТІНДЕ

Шамитдинова Шохиста Адхамжановна,

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті магистранты,
ғылыми жетекші: *Ахметов Т.А.*,
пед.ғыл.кандидаты, профессор,
Қостанай қ.

Аннотация

Өзектілігі. Қазіргі білім беру тұжырымдамасы болашақ педагогтардың дайындығына бірқатар талаптар қояды. Өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі тәрбиелеуге қабілетті, жаңа жағдайларға бейімделе алатын және тәуелсіз шешімдерді белсенді қабылдайтын адамдар табысты және кәсіби білікті болашақ педагогтарға айналады. Өзін-өзі дамыту өзін жеке тұлға ретінде қалыптастыру, сондай-ақ өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі тәрбиелеу жолындағы белгілі бір қажеттілік ретінде қарастырылуы мүмкін.

Түйінді сөздер: өзін-өзі дамыту, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі дамытуға дайындық, педагогикалық қызмет.

Аннотация

Актуальность. Современная концепция образования предъявляет ряд требований к подготовке будущих педагогов. Успешными и профессионально квалифицированными будущими педагогами становятся люди, способные к саморазвитию, самообразованию, способные адаптироваться к новым условиям и активно принимать самостоятельные решения. Саморазвитие можно рассматривать как определенную потребность в формировании себя как личности, а также на пути самосовершенствования и самовоспитания.

Ключевые слова: саморазвитие, саморегуляция, готовность к саморазвитию, педагогическая деятельность.

Abstract

The modern concept of education imposes a number of requirements for the training of future teachers. Successful and professionally qualified future teachers are people who are capable of self-development, self-education, able to adapt to new conditions and actively make independent decisions. Self-development can be considered as a certain need to form oneself as a person, as well as on the path of self-improvement and self-education.

Keywords: self-development, self-regulation, readiness for self-development, pedagogical activity.

Қазіргі қоғамда, әдетте, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі тәрбиелеуге қабілетті, жаңа жағдайларға бейімделе алатын және тәуелсіз шешімдерді белсенді түрде қабылдайтын адамдар табысты және кәсіби білікті болашақ педагогтарға айналады.

Өзін-өзі тәрбиелеу идеясы көптеген қазіргі заманғы тұжырымдамаларда маңызды болып табылады. Психологтар, педагогтар, философтар, әлеуметтанушылар болашақ педагогтар арасында өзін-өзі тәрбиелеу қажеттілігін олардың кәсіби өзін-өзі анықтауға дайындығының негізгі көрсеткіші және сонымен бірге оған жетудің қажетті шарты ретінде қарастырады.

Философияда адамның өзін-өзі тәрбиелеу қабілеті туралы адамның мәнін, оның ішкі әлемін ашуға, өмірдің мәнін, қабілеттері мен мүмкіндіктерін іздеуге, жоғары мақсатты орындауға бағытталған жеке құндылық қызметі ретінде белгілі бір ұстанымдар мен көзқарастар жиынтығы қалыптасты.

Кәсіби өзін-өзі дамыту – бұл болашақ мұғалімнің кәсіби сапаларындағы үздіксіз, белсенді, жүйелі, прогрессивті және жалпы қайтымсыз сапалық өзгерістер үдерісі. Өзін-өзі дамыту өзін-өзі реттеу тетіктерін қалыптастыру үдерісі болған кезде жас дамуының белгілі бір кезеңінде мүмкін болады. Өзін-өзі дамытуды өзін-өзі тұлға ретінде қалыптастыру, сондай-ақ өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі тәрбиелеу сияқты белгілі бір қажеттілік ретінде қарастыруға болады. Әрбір адам өзінің өмір жолында бір-бірінен тәуелсіз, әрі бір бірімен тәкелей байланыста дамиды. Басқаша айтқанда, әрбір

тұлға, атап айтқанда әр адам, өз өмірінің толыққанды авторы деп айтуға болады, ол жағдаяттарға бағынбай, өзінің дамуының маңызды перспективаларын анықтай алады.

Өзін-өзі дамытудың үздіксіз үдерісінде Өзін-өзі тану мен өзін-өзі жетілдіруге негізделген өз іс-әрекеті мен мінез-құлқының өзгеруі орын алатын белгілі бір мақсаттар қойылады және қол жеткізіледі.

Тұлғаның қалыптасуындағы маңызды кезеңдердің бірі-жоғары білім алу кезеңі. Оқытудың бүкіл кезеңінде біртіндеп болашақ мұғалімнің белсенді өмірлік ұстанымы бола бастайтын құндылық бағдарларының қарқынды қалыптасуы жүреді. Болашақ мұғалімдердің өзін-өзі дамыту үдерісін жеке тұлғаны дамыту және олардың барлық мүмкіндіктерін пайдалану үдерісі ретінде сипаттауға болады. Өзін-өзі дамытудың сапасы адамның өз іс-әрекетін ұйымдастыру қабілетіне байланысты. Болашақ педагогтың кәсіби өзін-өзі дамыту критерийлері ретінде мыналарды анықтауға болады: тұлға мен іс-әрекеттегі сапалық өзгерістердің өзін-өзі ұйымдастыруы; кәсіби өзін-өзі жаңартуға, жұмыс тәсілдерін өзгертуге бағытталған мұғалімнің іс-әрекетінің педагогикалық іс-әрекет құрылымындағы үстемдігі; өзіне және оның қызметіне қатысты педагогикалық, психологиялық, ұйымдастырушылық, пәндік міндеттерді қою және шешу; мұғалімнің қоршаған ортаның әртүрлі көріністерін өзінің кәсіби дамуының алғышарттары ретінде қабылдау қабілеті. Болашақ мұғалімдердің кәсіби өзін-өзі дамытуын қамтамасыз ететін тетіктердің қатарына мыналар жатады: өзін-өзі тану, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі жетілдіру, өзіндік іс-әрекет, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі қалыптастыру, өзін-өзі бағалау.

Жоғары оқу орнын даярлау үдерісі мен кәсіби еңбек арасындағы байланыстырушы буын ретінде әрекет ететін кәсіптік дайындық және алдағы қызметке оң көзқарас кәсіби дайындық кезеңінде әртүрлі аспектілерде көрінетін дайындық үдерісінсіз мүмкін емес [8; 9; 10; 11].

Өзін-өзі дамыту үдерісін осы тұрғыдан қарастыра отырып, "дайындық" ұғымының анықтамасын енгізуге болады: «іс-әрекетті ойдағыдай орындаумен бірге жүретін, тұлғаны болашақ іс-әрекетке қоятын жағдаят» [12, 4-бет].

Болашақ педагогтарды даярлау жүйесіне қатысты дайындық ұғымын қызметті реттеуші деп қарастыруға болады. Болашақ мұғалімдердің өзін-өзі дамытуға дайындығына белсенді әсер оның белсенділігін ынталандыратын жеке тұлғаның қажеттіліктеріне әсер етеді. Дайындық үдерісі бірқатар талаптарды, төзімділікті, педагогикалық тактты, эмоционалды тұрақтылықты қамтуы керек, бұл олардың іс-әрекеттерін талдауға, нәтижелерді болжауға, жеке тұлғаның бастамашылығының динамикалық өзгеруін қамтамасыз ете отырып, олардың даралығын басқалармен салыстыра білуге мүмкіндік береді [2].

Болашақ педагогтың кәсіби өзін-өзі дамытуға дайындық үдерісі келесі компоненттерден тұратын үдеріс ретінде қарастырылуы мүмкін: мотивациялық-мақсаттық, танымдық, эмоционалды-еріктік, бағалау-нәтижелік, біркелкі емес дамуымен және өзара байланыстылығымен сипатталады біреуін өзгерту кез келгенін дамытудың шарты болып табылады.

Кәсіби өзін-өзі дамытуға дайындық әр түрлі компоненттер жиынтығы ретінде қарастырылуы мүмкін: мотивациялық-мақсаттық, мазмұндық-операциялық, технологиялық және бағалау-рефлексивтік біркелкі емес дамуымен және өзара байланысты болуымен сипатталады біреуін өзгерту кез келгенін дамытудың шарты болып табылады.

Болашақ педагогтардың өзін-өзі дамытуға дайындығының мотивациялық-мақсаттық компоненті жеке және кәсіби құндылықтармен, тұлғаны өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге итермелейтін мақсат қою үдерісімен сипатталады [4, 162 б.].

Мазмұндық-операциялық компонент дегеніміз – бұл болашақ педагогтың жеке тұлғасының жан-жақты дамуына ықпал ететін ғылыми, білім, білік және дағдылар жүйесі [4, 162 б.]. Болашақ педагогтардың өзін-өзі дамытуға дайындығына жеке тұлғаның қажеттіліктері белсенді әсер етеді, оны белсенді болуға итермелейді. Болашақ пе-

дагог өзінің кәсіби іс-әрекетінің белгілі бір кезеңдерін жақсартуға бағытталған қажеттіліктермен белсенді болуға шақырылады. Мазмұндық-операциялық компоненттің бір-қатар шарттарын бөліп көрсетуге болады: бірінші – дамыған кәсіби өзін-өзі тану, келесі шарт – жоғары еңбек өнімділігі, сенімділік және жоғары нәтижелердің тұрақтылығы, үшінші – кәсіби дайындық және үздіксіз кәсіби дамуға дайындық. Соңғы шарт ең қызықты, оның мәні болашақ мамандығына деген шығармашылық қатынаста жасырылған.

Технологиялық компонент болашақ педагогтардың кәсіби өзін-өзі дамытуға әсер ету шарттарын анықтайды. Интернет кеңістігін, әлеуметтік желілерді, сондай-ақ заманауи ақпараттық технологиялар мен әдістерді қолдану аясында болашақ педагогтың өзін-өзі дамыту үдерісіне белсенді әсер етеді. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың сан-алуан ақпарат түрлерін біріктірудегі кең мүмкіндіктері оларды болашақ педагогтардың өзін-өзі дамыту үдерісінде әмбебап құралға айналдырады, бұл болашақ кәсіби қызмет өнімділігін арттырады [7].

Объективті бағалауды, өзінің жетістіктерін, нәтижелерін сыни тұрғыдан бағалау мүмкіндігі, өзін-өзі дамыту үдерісінде өзіндік рефлексия жүргізу қабілетін біріктіретін бағалау-рефлексивтік компонент. Түзету үдерісі кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу үдерісінде трансформациялаудың нақтырақ бағдарламасын түзету және нақтылау бойынша ұсыныстар түрінде қарастырылуы мүмкін. Белсенді рефлексияның шарты көптеген ғалымдардың пікірі бойынша жеке және кәсіби өзін-өзі дамытудың тиімді үдерісі болып табылады.

Кәсіби өзін-өзі дамыту үдерісінің нәтижесінде білім, қабілет, бағдар, жеке және кәсіби қасиеттердің өзгеруі жүзеге асады [4, 162 б.].

Болашақ педагогтердің кәсіби өзін-өзі дамытуға дайындығын қалыптастыру – бұл педагогикалық ұйымдастырылған циклдік үдеріс, онда болашақ педагогтың өз ісінің маманы ретіндегі әлеуетті мүмкіндіктерін үнемі түсіну және оның кәсіби және жеке дамуын ынталандыру жүреді, бұл өз бетімен, атап айтқанда өзін-өзі дамытумен тұрақты жұмыс істеудің негізі болып табылады. Кәсіби өзін-өзі дамытуға дайындықты қалыптастыру кәсіби білім беру барысында және болашақта тәуелсіз кәсіби қызмет барысында байқалатын мерзімді үдеріс ретінде қарастырылуы мүмкін. Бұл үдеріс кәсіби жағдайдың объективті немесе субъективті өзгеруіне, кәсіби дамудың дағдарыстарына негізделген [5; 6].

Кәсіптік оқытуда болашақ педагогтар арасында өзін-өзі дамытуға дайындықты қалыптастыру ұзақ және көп сатылы үдеріс болып табылады, оң нәтижеге жету үшін белгілі бір шарттарды орындау қажет болады.

Педагогикада қалыптасу тұлғаның прогрессивті трансформациялануы, әлеуметтік әсердің әсерінен іс-әрекеттерді, соның ішінде өзінің жеке қызметінің әр түрлі нысандарын игеруге бағытталған үдерісі ретінде түсіндіріледі. Қалыптасу міндетті түрде даму қажеттілігін, оны қанағаттандыру мүмкіндігі мен шындығын болжайды. Жасалған педагогикалық шарттар өзін-өзі дамытуға дайындықты қалыптастыру үдерісінің тиімді дамуын және ағымын саналы қамтамасыз етеді [1].

Болашақ педагогтардың өзін-өзі дамытуға дайындығын қалыптастырудың шарттары – бұл жоғары оқу орнының білім беру ортасында арнайы ұйымдастырылған шарттар немесе бүкіл педагогикалық үдерістің педагогикалық, ұйымдастырушылық және психологиялық аспектілеріне әсер ететін жағдайлар, олардың орындалуы жоғары деңгейге қамтамасыз етіледі болашақ мұғалімдердің өзін-өзі дамыту дәрежесі.

Кәсіби өзін-өзі дамытуға дайындықтың барлық компоненттеріне кешенді әсер ету өзін-өзі ойдағыдай дамытудың негізін құруға, жеке тұлғаның психологиялық әл-ауқатын және нәтижесінде жеке және әлеуметтік өмірдің оңтайлылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осылайша, болашақ мұғалімдердің өзін-өзі дамытуға дайындығын өзін-өзі тануға,

жеке өзін-өзі анықтауға бағытталған үдеріс ретінде анықтауға болады, бұл адам қызметінің эмоционалды, еңбек, зияткерлік, кәсіби және мотивациялық салаларын дамытуға және адамның ерік күші, еңбекқорлық және мақсатқа бағыттылық секілді қасиеттерін тікелей дамытуға ықпал етеді. Өзін-өзі дамыту үдерісінде алған барлық білім ұзақ уақыт бойы санада қалады және болашақ мұғалімдердің еңбек қызметінде нәтижелі пайдаланылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. К.А.Абульханова-Славская Өмір стратегиясы. М.: Мысль, 1991. 301 б.
2. Ю.К.Васильев Кәсіби қызметке дайындықты қалыптастыру мәселелері: жедел ақпарат / отв. ред. Ю.К.Васильев. М., 1978.
3. Е.А.Власова Өзін-өзі дамыту процесі мәселесінің қалыптасу тарихы. – М.: Фолио, 2007.
4. Н.В.Кухарев Кәсіби жетілу жолында: мұғалім үшін. М.: Просвещение, 1990.
5. Н.В.Кузьмина Педагогикалық қызметтің кәсібилігі / Н.В.Кузьмина, А.А.Реан. – СПб.: Академический проект, 2001. – 54 б.
6. Н.В.Кузьмина, Педагогикалық қызметті зерттеу әдістері / Н.В.Кузьмина. – М.: Прогресс, 1984. – 251 б.
7. М.И.Рожков Жастармен жұмысты педагогикалық қамтамасыз ету. Юногика. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. М.: Владос, 2008. -264 б.
8. В.Н.Саяпин Технология мұғалімдерінің кәсіби өзін-өзі тәрбиелеуге дайындығы әлеуметтік мәселе ретінде // Жинақ: Дыльновский оқулары IV Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 2017. 404-409 б.
9. В.Н.Саяпин Болашақ технология мұғалімдерінің дербес қызметке дайындығын қалыптастыру // Жинақ: Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру. VI Халықаралық күндізгі-сырттай ғылыми-практикалық конференция баяндамаларының материалдары. 2017. 169-173 б.
10. В.Н.Саяпин Болашақ технология мұғалімдерінің кәсіби педагогикалық қызметке дайындығын қалыптастыру тәжірибесі // Жинақ: Дыльновский оқулары IV Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 2017. 409-414 б.
11. В.Н.Саяпин Болашақ технология мұғалімдері арасында мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасауға дайындықты қалыптастыру // Жинақта: Қазіргі әлемдегі әлеуметтену және оңалту Ғылыми мақалалар жинағы. О.Е.Нестерова, Р.М.Шамионов, Л.В.Шипова, Е.С.Пяткина, М.Д.Коновалова редакциясында. Москва, 2017. 207-215 б.
12. В.А.Сластенин и др. Педагогика: Жоғары педагогикалық оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық / В.А.Сластенин, И.Ф.Исаев, Е.Н.Шиянов; под ред. В.А.Сластенина. – М.: Издательский центр «Академия», 2002. – 576 б.

НЕПРЕРЫВНОЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ КАК КЛЮЧЕВОЙ ОРИЕНТИР В СИСТЕМЕ ОБНОВЛЕНИЯ СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

Шефер Людмила Юрьевна,
магистр пед. наук, учитель биологии,
Тендитная Светлана Викторовна,
учитель биологии,

КГУ «Общеобразовательная школа № 23 имени М.Козыбаева отдела образования города Костаная» Управления образования акимата Костанайской области

Аннотация

Өзектілігі: Қазақстан Республикасында білім беру мазмұнын жаңарту өзінің алдына басты мақсат қояды: білім беру бағдарламасын жаңарту контекстінде мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру. Кәсіби құзыреттілік, қалыптасуы мен дамуы үздіксіз кәсіптік білім беру және практикалық қызмет процестерінде жүреді, кәсібилендіру мен даму механизмдерінің нәтижесі болып табылады. Педагогикалық шеберлікті жетілдіру мұғалімдердің үздіксіз кәсіби білімімен ғана мүмкін болады. Үздіксіз кәсіптік білім беру мемлекеттің білім беру саясаты стратегиясында басым және Орталық бағытқа айналады. Қазіргі уақытта алынған біліктілік-бұл

күн сайын бір жұмысты орындау мүмкіндігі ғана емес, сонымен қатар мұғалімнің жоғары талаптарына сәйкес келетін өзгертілген және күрделі тапсырмаларды орындауға көшу. Біздің өміріміздің кез-келген саласындағы, әсіресе білім берудегі сапалы өзгерістер мұғалімнің оқу процесіндегі орны мен рөліне жаңа көзқарасын қалыптастырусыз мүмкін емес. Мұғалімдердің түсінуінсіз, оқытудың жаңартылған мазмұны мен технологиясындағы жаңа мақсаттар мен міндеттерді, оқытудағы құзыреттілікке бағытталған тәсілді ескере отырып бағалаудың жаңа нысандарын жасау мүмкін емес. Сондықтан мұғалім жаңартылған жалпы орта білім берудің МЖМБС әдіснамасы мен мазмұнын қабылдауға, Білім беру процесінің бағдарламалық және әдістемелік қамтамасыз етілуін өзгертуге, педагогикалық қызметтің мақсаттары мен әдістерін өзгертуге дайын болуы керек.

Мақсаты: жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында педагогтердің үздіксіз кәсіби білім алуының маңыздылығы мен маңыздылығын дәлелдеу.

Түйінді сөздер: үздіксіз білім беру, өмір бойы білім беру, жаңарту, жаңарту.

Аннотация

Актуальность: Обновление содержания образования в Республике Казахстан ставит перед собой главную цель: совершенствование педагогического мастерства учителей в контексте обновления образовательной программы. Профессиональная компетентность, становление и развитие которой происходит в процессах непрерывного профессионального образования и практической деятельности, есть результат профессионализации и механизмов развития. Совершенствование педагогического мастерства возможно только при непрерывном профессиональном образовании педагогов. Непрерывное профессиональное образование становится приоритетным и центральным направлением в стратегии образовательной политики государства. В настоящее время, полученная квалификация – это не только способность изо дня в день выполнять одну и ту же работу, но также переходить к исполнению видоизмененных и более сложных поставленных задач, проблем, которые соответствуют более высоким требованиям к педагогу. Качественные изменения в любой области нашей жизни, а тем более в образовании невозможны без формирования нового взгляда учителя на свое место и роль в учебном процессе. Без осмысления, нами учителями, новых целей и задач в обновленном содержании и технологии обучения, новых форм оценивания с учетом компетентностно-ориентированного подхода в обучении это сделать практически невозможно. Именно поэтому педагогу необходима готовность к восприятию методологии и содержания обновленного ГОСО среднего общего образования, к изменению программного и методического обеспечения образовательного процесса, к изменению целей и способов педагогической деятельности.

Цель: доказать важность и значимость непрерывного профессионального образования педагогов в условиях обновленного содержания образования.

Ключевые слова: непрерывное образование, образование через всю жизнь, модернизация, обновление.

Abstract

